AQTÖBE OBLYSYNYÑ TILDERDI DAMYTU BASQARMASY
TILDERDI OQYTU ORTALYĞY

# TILDERDI OQYTU:
# IZDENIS JÄNE ÄDISTEME

aqparattyq-ädıstemelık jurnal

№3 (25)

2021-jyl
27-qyrküiek

# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»
## ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор:** М.Ысқақов

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі:**
3 айда 1 рет

**№3 (25) саны**
**27-қыркүйек, 2021 жыл**

**Таралымы:** 100 дана
**Тапсырыс:** №73.

**Баспахана атауы:**
«Хабар-Сервис» ЖШС
**Мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы,
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.
**Тел.:** 8 (7132) 545–545, 400–400.
**E-mail:** habar-service@mail.ru

**Редакция мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А».
**Тел./факс:** 8 (7132) 41-69-34.
**E-mail:** ortaluktil@mail.ru

*Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.*

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| ***М.Ж.Ысқақов*** | ***Редактор бағаны*** | 5 |

## «ТІЛТАНЫМ»

| | | |
|---|---|---|
| ***Ж.А.Исина*** | Тіл мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығы | 6 |
| ***А.С.Раманкулова*** | Управление взаимодействием «Преподаватель – Студент» в виртуальном дискурсе | 8 |

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

| | | |
|---|---|---|
| ***А.Аймағанбетов*** | «Тілім — тірегім» | 10 |
| ***Б.Бахтияр*** | «Мақтанышым — ана тіл» | 12 |
| ***Ж.Т.Дауылова*** | «Тілдерді оқыту ізденіс және әдістеме журналы» — облыс педагогтарының ақпараттық айнасы | 13 |
| ***М.Е.Есенгелдиева*** | Тіл — ең асыл құндылық | 13 |
| ***Г.Жумабай*** | «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру — тәрбиелеу негізі | 15 |
| ***А.Жұмағұлова*** | Мемлекеттік тіл — ұлт тірегі | 17 |
| ***А.Т.Қайрашева*** | Оқушылардың патриоттық тәрбиесін жетілдіру үшін не істей аламыз? | 19 |
| ***О.Н.Кефер*** | «Менің отаным — Қазақ елі» | 20 |
| ***А.Н.Құдайбергенова*** | Тіл мәртебесі — басты назарда | 21 |

## «ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕ»

| | | |
|---|---|---|
| ***А.Қ.Әбдіғалиева*** | Жаңартылған бағдарлама — білім берудің жаңа мазмұны | 22 |
| ***А.С.Бегманова*** | Сын тұрғысынан ойлаудың тиімді стратегиялары | 23 |
| ***А.М.Сарсенбаева*** | Информатика пәніне ағылшын тілін енгізу CLIL әдісін қолданудың тиімділігі | 26 |
| ***Ж.С.Нургалиева*** | Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуда ертегілердің маңызы | 29 |
| ***А.Ж.Туребаева*** | Бала-бақыт шуағы | 30 |
| ***Г.А.Тапаева*** | Қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын түрлері | 31 |

## «ҮЗДІК САБАҚ»

| | | |
|---|---|---|
| ***А.С.Бегманова*** | «Рухани жаңғыру» — тарих пен инновацияның сабақтастығы | 34 |
| ***А.Е.Бердигожина*** | Мәтін және оның түрлері | 37 |
| ***Р.Б.Бисенова*** | Шона Смаханұлы. «Тәкаппар» | 41 |
| ***Т.Ж.Демегенов*** | Иллюзия өнері | 43 |
| ***Л.Т.Ержанова*** | «Шындықтан туған шын поэзия» атты поэзия кеші | 46 |
| ***K.A.Zhumabayeva*** | Kazakh traditional food | 49 |
| ***Г.М.Калимова*** | Көшпенділер мәдениеті | 51 |

***Р.Көздігарина*** Әлеуметтік желіні пайдаланамын ... 54
***А.А.Кунанова*** Сөйлеу мәдениеті ... 57
***А.Қалдыбекова*** Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» ... 60
***Ж.М.Назарбаева*** Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» ... 63
***А.Т.Нургалиева*** Менің Қазақстаным ... 65
***Ө.К.Өтеген*** «Сөзі асылқазағымның Фаризасы» ... 70
***В.Г.Пономарева*** Склонение имен существительных ... 73
***Г.С.Садыкова*** Поучительный жанр басни ... 76
***С.А.Сексембаева*** «Mother’s Day» ... 80
***Қ.А.Танірберген*** Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша ... 81
***Ә.Қ.Темірова*** Оборот «There is / There are» ... 84
***А.А.Ұзақғалиев*** Ұлттық құндылықтар — тәрбиенің түп қазығы ... 86

## «ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ»

***И.Х.Аяпбергенова*** «Күн сәулесі және біз» ... 88
***Н.Ж.Арыстангалиева*** Тәні саудың — жаны сау ... 89
***А.С.Берикбаева*** Жайлауда ... 89
***Г.М.Доскеева*** «Ұлттық ойындар ұмытылмасын» ... 91
***Г.С.Бозшина*** «Ауа — өмір тынысы» ... 93
***Г.М.Есеналиева*** Қыстап қалатын құстар ... 94
***С.Н.Құдайбергенова*** «Ана тілім — айбыным» ... 95
***С.Н.Құдайбергенова*** «Тіл — татулық тірегі» ... 97
***А.У.Нуркубаева*** Алтын күз ... 98
***Г.Е.Сартова*** Біз жолаушымыз ... 101
***Н.О.Тенизбаева*** «Шуақты көктем» ... 101
***Л.М.Толыбаева*** «Менің сүйкімді күшігім» ... 103

***Хабарландырулар тақтасы*** ... 104

# Құрметті оқырман!

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы барысында тіл саласы назардан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы қазақ тілімізге қатысты үш маңызды мәлімдеме жасады. Біріншіден, «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл — қазақ тілі», — десе, екіншіден, «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді», — деді. Сондай-ақ «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс», — деп атап өтті.

Осы ретте облыста жүйелі түрде тіл мәселелеріне арналған әртүрлі форматты шаралар кешені жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік тілді меңгеруі үшін ересек азаматтарға қолайлы жағдайлар жасалды.Қазіргі таңда облыстағы мемлекеттік тілді әр түрлі меңгерген ересектер үлесі 94 процентке жетіп отыр. Жылдан жылға қазақ тілінде білім алушылардың, білім беретін мекемелердің үлесі артуда.

Мемлекет басшысы қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналу мақсатында қазақ тілінің мәртебесін өсіру үнемі бірінші кезекті басымдықтарға жататынын атап өтті.

Осыған байланысты алдымызда бірқатар міндеттер тұр:

1) Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекеме өкілдеріне қазақ тілін оқыту, сөйлеу мәдениетін арттыру, әдістемелік қамтамасыз ету үшін тілдерді оқыту орталығының әлеуетін арттыру өзекті.

2) Саяси-идеологиялық тұрғыдан ескірген ономастикалық атаулардың тарихи нұсқаларын қалпына келтіру мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жетілдіру, атау беру, қайта атау ісінде біріздiлікті сақтау шараларын алу керек.

3) Латын графикасына көшу — бұл біздің дамыған мемлекет болу жолымыздағы тәуелсіз де өркениетті таңдауымыз. Бұл ретте де көрнекі ақпарат құралдары, сыртқы жарнамаларды латын графикалы жаңа әліпби негізінде реттеу жұмыстарын жүргізу міндеті тұр.

Осындай игі істе мемлекеттік билік қана емес, ғалымдар, сала мамандары, азаматтық сектордың қосатын үлесі зор. Бүгінгі басқосу ықтимал кедергілердің алдын алып, проблемаларды талқылау арқылы ортақ мүддеге өзіндік үлесін қосады деп сенемін.

Сіздер сүйікті журнал беттерінен облыстағы мемлекеттік тілді дамыту саласындағы сындарлы саясатпен, осы бағытта атқарылып жатқан ауқымды істермен таныса аласыздар. Сонымен қатар тілдерді оқыту орталығындағы жағымды жаңалықтар мен озық әдістемелер осы басылым бетінен орын алатын болады. Сіздерді тек оқырман ғана емес, ортақ іске белсене атсалысатын авторымыз да болады деп сенім білдіреміз.

***М.Ж.Ысқақов,***
*Ақтөбе облысының тілдерді*
*Дамыту басқармасы басшысы*

## «ТІЛТАНЫМ»

# Тіл мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығы



***Ж.А.Исина,***
*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
*Баишев университеті*

Лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ ұғым — тіл — мәдениет жиынтығынан құралатын, халықтық жаратылыстан тұратын ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылады. Кез-келген халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, түсінігі т. б. біздің санамызда тілдік шығармашылықтың дамуының нәтижесінде туған тілдік бейнесі.

Тіл — әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі.

Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып жеткізуші, жинақтаушы қызмет атқарады. Академик Ә.Қайдардың пікірінше: «…тіл — қорған, тіл — қару, өнер алды — қызыл тіл, тіл — ұлттың жаны мен тәні т. т… Өз тілінен айрылған ел — ел емес, ұлт — ұлт емес. Өйткені, этностың ұлт санатына қосылуы үшін қажетті де міндетті шарттарына ортақ табиғи орта, ортақ күнкөріс көздері, ортақ тіл, ортақ психология жататыны белгілі, сондықтан да қазақ халқы бүгінгі жержүзілік жаһандану процесінде біртұтас ұлт болып қалуы үшін ана тілінің тас түйін етіп ұйыстыратын ұйытқы болар құдіретті күшіне сүйену керек…».

Кез-келген ұлт немесе этнос қалыптасу ерекшелігіне сәйкес белгілі кезеңдерді бастан кешіреді. Қарым-қатынас құралы ретінде тілдік таңбалардың этнос тілінде қолданысқа түсуі — тіл мен этностың ажыратып алуға, бөліп-жаруға келмейтіндігінің тағы бір дәлелі. Тіл тарихы халық тарихымен қатар өріліп жатады. Тарихшылар қазақ жұртының этногенездік тарихи көздері мен түркі тілдері жүйесіндегі орнын айқындауға байланысты қыпшақтық негізді айқындап береді. Сонымен қатар, қазақ тілінің бастау бұлағы болып табылатын ескі қыпшақ тілі көптеген түркі халықтары тілінің этностық қалыптасуының басты негіздерінің бірі.

А.А.Потебняның «халық — тілді жасаушы, тіл — «халықтың рухтың» нәтижесі, сондықтан да тілден біз ұлттық ерекшеліктерді көреміз» деген пікірінің маңызы зор.

Тілімізде ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын қастерлі ұғымдар мен көзқарастардың қалыптасуына, тіл мен мәдениеттің сабақтастығының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдардың қатарына В. фон Гумбольдт, А.А.Потебня, А.Вежбицкая, А.Шмелев, Ю.Апресян, В.Воробьев, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, С.Жанпейісова, А.Сейілхан т. б. жатқызуға болады.

Қазіргі қыпшақ тілдес мемлекеттердің тәуелсіз ел болып қалыптасуына орай, XI–XIV ғасырлар аралығындағы ескі қыпшақ мәдениетін зерттеу ісі жаңа тұрпатқа ие болып отыр. Қазақ, өзбек, башқұрт, қарақалпақ, әзербайжан, қырым татарлары және т. б. этностар мен тайпалардың жеке ел болып қалыптасу ізі — осы ескі қыпшақ мәдениетімен, тарихымен, тілімен өте тығыз байланыста, осының негізінде ұлттың ұлт болып қалыптасуында тілдің аса зор рөл атқаратындығын байқауға болады.

Қазақ тілінде «ұлттық құндылық» деген философиялық-танымдық ұғым бар. Ұлттық құндылықтардың қатарында тұрақты тіркестеріміз бен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер де бар. Ал, ұлттық

құндылықты тілсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан өткеніміздегі этномәдени құндылықтардың барлығы тіліміздің өзекті ұстанымына айналуы керек. Ал, қазіргі таңда орта ғасыр жазба ескерткіштерінің қазақ тіліне қатыстылығын анықтаудың маңызы ерекше. Белгілі ғалым М.Арынның «Тіл — ойды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып құрап беруші орган» деген пікірінде де «тіл мен ұлт» біртұтас деген қағиданың негізі жатыр.

Жалпы, қазақ тілін рухани-танымдық тұрғыдан бір жүйеге түсіріп зерделеген білікті ғалым Ж.А.Манкеева болатын. Ғалым «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде ұлт-тіл-мәдениет үштігінің ажырамас бірлікте екендігін орынды пікірлерімен дәйекті дәлелдеді.

Қазақ тілін, қазақ ұлтының мәдениетін зерттеуде халық тарихының алатын орны зор. Сан мыңдаған жылдар қалыптасқан ұлттың да ұрпаққа айтар сыры сансыз. Халық тілінің этномәдени сипатын зерделеуде халықтың рухани байлығының негізінің орта ғасыр жазба ескерткіштерінде жатқанын аңғардық. Шежірелі тарихымызға үңіле қарасақ, қазақ ұлтының көне қыпшақтардың мұрагері екендігіне көзіміз анық жетеді. Түркітану ғылымында соңғы кездері осы мәселе зерттеліп, соны ойлар жарық көрді.

Тіл этностың мәдени байлығының куәгері. Тілдің бұл қасиетіне себепші ұлттық байлықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кумулятивтік қызметінің маңызы ерекше. Этностың көнеден тамырланған этномәдени тарихы аса құнды мұра. Жазба тілдегі фразеологиялық бірліктерді тек тұрмыстық лексиканың ауқымында қарастыруға болмайды. Оларды ұлттық сана мен ұлттық таным сабақтастығының нәтижесінде пайда болатын мәдени лексиканың аясында қарау қажет. Халқымыздың рухани мол мұрасын этномәдени тұрғыдан зерттеу тілдік тұрғыдан, сонымен қатар тарихи, әдеби, археологиялық, этнографиялық тұрғыдан зерттелді. Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Ә.Қайдаров, М.Әуезов, Р.Сыздық, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ж.Манкеева, Н.Уәлиев т. б. ғалымдар еңбектерінде мәдени лексика туралы ой қозғайды. Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде мәдени лексиканың қабаты ақын-жыраулар шығармашылығы, диалектілік лексика, фольклор, фразеология т. б. тараушаларға бөлініп қарастырылған.

Ә.Қайдар қазақ этнолингвистикасын зерттеуде құнды-құнды пікірлер айтып, «Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданың негізінде этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты сипаттай білді.

Тіл мен этнос қалыптасу барысында өзара тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің мұрагерлік қызметінің негізінде жүзеге асады. «Тіл дамуының өзі — ру-тайпа тілдерінен халық тіліне, халық тілінен ұлт тіліне қарай өрбитін тарихи құбылыс» деген ғылыми теорияның негізінде тілдің кумулятивтік қызметі жатыр.

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілінде сақталады. Ол — әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына байланысты дамитын, қоғамдық санасына сәйкес негізделетін, «ұжымның жадында жинақталған жүйе».

Сайып келгенде, тіл — этномәдени құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жалғастырушы, ұлтты біріктіруші құрал болып табылады.

Ұлт тұлғасын танып-білуде, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауда мәдениеттану саласының қосар үлесі мол. «Мәдениет» ұғымы жеке адамға тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сананы, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын күрделі құрылым. Ал, ұлт мәдениетіне келетін болсақ, әр халықтың табиғаты негізге алынады. Белгілі орыс мәдениеттанушысы А.И.Беляевтың пікірінше: «Этнические культуры — эти особые исторически выработанные способы деятельности, благодаря которым обеспечивалась и обеспечивается адаптация народов к условиям окружающей их природной и социально-культурной среды».

Ұлт мәдениеті әрбір этносқа тән құбылыс. Кез-келген халықтың дүниетанымы мен таным-түсінігі этнос мәдениетінің ауқымында қарастырылады. Халық бойындағы қасиеттерді танып-білудің ең басты құралы — тіл.

«Тіл — тек мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Лингвомәдениеттану негізінде ұлтқа тән мәдени-танымдық жүйенің қалыптасуын анықтауға болады. Ал бұндай зерттеулерге тілдің кумулятивтік қызметі негіз болады» деген А.Сейілханның пікірінің мәні зор.

Ұлт тілі мен мәдениетінің негізінде кез-келген халықтың руханияты, дүниетанымы, салт-санасы, ұлттық мінезі жатыр.

Қорыта айтқанда, тіл мен этнос — ажырамас бірлікте, оларды ұлттық мәдениетіміздің құндылықтары ретінде зерттеу ісі қазақ тіл білімінің даму тарихында ерекше орын алады.

# Управление взаимодействием «Преподаватель – Студент» в виртуальном дискурсе



***А.С.Раманкулова,***
*Республика Казахстан, г. Актобе, Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова*

В исследованиях ученых, занимающихся проблемой повышения качества высшего образования, рассматриваются такие аспекты, как создание внутривузовских систем обеспечения качества подготовки специалистов в соответствии с разрабатываемыми стандартизированными требованиями, моделями и профессиональными компетентностями специалистов в той или иной области. Большинство научных исследований процесса образования в вузе связаны с определением эффективности внедрения личностно-ориентированного, интегративного, дифференцированного, компетентностного, контекстного и других подходов в соответствии с новой парадигмой образования, направленной на интенсификацию образовательного процесса, а также разработку перспективных технологий обучения и воспитания с целью максимального учета и развития индивидуальности обучаемых.

Независимо от направления исследований в области повышения качества высшего образования, большинство исследователей значительную роль отводят преподавателю как одному из главных субъектов образовательного процесса в высшей школе. Именно на преподавателя возлагается развитие профессиональной компетентности будущих специалистов в образовательном процессе. Среди ведущих характеристик профессиональной деятельности преподавателя университета, которые необходимо формировать в процессе подготовки специалистов и которые оказывают непосредственное влияние на выбор тех или иных технологий, выделяют коммуникативность, определяемую направленностью на установление взаимодействия и взаимоотношений с людьми в разнообразных условиях реализации профессиональной деятельности.

В сложной системе социально-педагогических связей особое место занимает взаимодействие студентов и преподавателей, поскольку именно оно, как наиболее ведущее, онтологическое и жизнеопределяющее, призвано выступать в качестве интегрирующего фактора всех других связей.

Студенты и преподаватели как главные субъекты образовательного процесса находятся в постоянном развитии, меняется их отношение к жизни, иерархия их ценностей. Соответственно, взаимодействие студентов и преподавателей — всегда актуальная педагогическая проблема, пронизывающая университетский образовательный процесс. Как следствие — насущная необходимость постоянной разработки проблематики педагогики взаимодействий.

Базовой средой общения в системе дистанционного обучения ФДО является сеть Интернет. Среди современных тенденций развития Интернета следует отметить две, важные с точки зрения взаимоотношений. Во-первых, увеличение скорости и соответственное уменьшение стоимости передаваемого трафика, во-вторых, универсализация программных и аппаратных платформ за счет использования открытых общепринятых стандартов. Первое позволяет приблизить взаимоотношения к подобию живого общения, а второе делает средства ДО доступными в любое время, в любом месте, и на любом устройстве — настольном компьютере, ноутбуке, КПК, коммуникаторе, сотовом телефоне. Коммуникации в системе ДО делятся на две группы по режиму общения: режим реального времени *(он-лайн, от англ. on-line — на линии)* и режим асинхронного общения *(офф-лайн)*. Предоставляемые средства хороши для целей обучения взрослых, самомотивированных на достижение результатов — есть возможность предоставить необходимую для изучения темы информацию, направить процесс обучения по определенному



руслу, проконтролировать качество обучения. Однако программа профессиональной переподготовки «Теология» нацелена не только и не столько на получение и освоение определенной информации, но и на приобщение к православной церковной традиции и формирование акмеологических навыков. Цель выдвигает дополнительные требования к взаимоотношениям преподаватель — учащийся: необходимо эмоционально окрашенное общение, качественно другая обратная связь, вариативность преподавания с учетом когнитивного стиля учащегося. Необходимо втиснуть эти требования в узкие рамки средств ДО, которые больше располагают к обратному — формализации, сверхтехнологичности обучения, организации взаимоотношений учащийся — система ДО и преподаватель (методист?) — система ДО.

В системе ДО взаимоотношения между учащимся и преподавателем сводятся к простому общению: вопрос – ответ – замечания – исправления. Хотя некоторым преподавателям, как правило, опытным и настроенным на диалог, удается добавить еще и реальное обсуждение как обмен мнениями в конференц-зале. Для того чтобы такие взаимоотношения были эффективны, требуются очень четкие и качественные методические материалы и знание личности преподавателя. От учащегося зависит только последнее.

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

# «Тілім — тірегім»

***А.Аймағанбетов,***
*Алға аудандық мәдениет үйінің қызметкері*

*Туған тілім тірегімнің айғағы,*
*Тілім барда айтылар сөз ойдағы*
*Тілім өссе мен де бірге өсемін*
*Тілім өшсе мен де бірге өшемін!*

Расында да тіл-ұлттың күре тамыры, жұмыр жүрегі, алар тынысы. Ана тілі адамзат жаралғалы бері оның жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі болып келеді. Ана тілі — жүректің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін, ата-баба мұрасын ұрпақтан — ұрпаққа сақтап отыратын асыл қазына. Туған тілін мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп өсуіне еңбек сіңіру кез-келген ұлт өкілінің қасиетті парызы болмақ. Ал тіл мерекесі біз үшін үлкен мереке. Осы орайда тіл мерекесінің қарсаңында Алға аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімі, аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен тілдің қадір-қасиетін арттырып, қазіргі таңдағы қоғамдағы тілдің қолдану аясын көтеру, көкейде жүрген сұрақтарға жауап алу мақсатында онлайн сұқбат ұйымдастырып отырмыз. Ендеше таныс болыңыздар онлайн сұқбатымыздың қадірлі қонағы — Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы Алға аудандық тілдерді оқыту курсының оқытушысы — **Демесинова Бану Балтабайқызы.** Бану ханым қош келдіңіз!

— ***Ақиық ақын Қ.Мырзалиев:***
*Ана тілің арың бұл,*
*Ұятың боп тұр бетте.*
*Өзге тілдің бәрін біл,*
*Өз тіліңді құрметте,* ***— деген екен, ендеше сұқбатымызды қазақ тілінің қадір-қасиетін айтудан бастайықшы. Алдымен біздің тіліміз қаншалықты құдіретті, Сіз тіліңізбен қаншалықты мақтанасыз? Осы жөнінде айтып өтсеңіз.***




— Рақмет! Қайырлы күн, құрметті жерлестер, бүгін өте маңызды мерекелердің бірі — Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі. Бұл мереке Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, қазіргі таңдағы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен 1989 жылдан бастап 22 қыркүйекте тойланған болатын. Ал, 2017 жылдан бастап 5 қыркүйекке ауыстырылды. Оның себебі-бүгін қазақ халқының өз ана тілінде сауат ашуына үлкен үлесін қосқан ғалым, көрнекті аудармашы, балалар әдебиетінің алтын діңгегі десек те болады, ұлттың ұстазына айналған қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген күні. Осы ғалымның құрметіне 5

қыркүйекте Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі тойланады. Әрине, Ана тілің — арың бұл, ұятың боп тұр бетте деп өзіңіз жоғары оқып өткендей кез-келген ұлт өкілінің өз ана тілі оның жан дүниесінде орналасып, оның ұяты болып бетінде тұру керек деп ойлаймын. Мен өзімнің тіліммен әрине мақтанамын, өз ана тілім — қазақ тілінде білім алдым, қазақ отбасында дүниеге келіп қазақы тәрбие алдым, қазақ отбасына келін болдым, міне осының бәрі мен үшін үлкен мәртебе, ана тілімнің құдіреті. Ахмет Байтұрсынұлы да «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп айтып кеткен ғой, яғни тұтас ұлттың тағдыры тілге байланысты екен, тілі сақталған ел ғасырдан ғасырға жасай бермек. Тілдің құдіреттілігі де осында деп ойлаймын.

***— Енді ауданымыздағы тілді дамытуға байланысты жұмыстарға тоқталсақ. Сіз жұмыс жасайтын тілдерді оқыту курсының жұмысы туралы айта кетсеңіз.***

— Иә, ауданымызда Ақтөбе облыстық тілдерді оқыту орталығына қарайтын Алға аудандық Тілдерді оқыту орталығы 2008 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Мемлекеттік тілді оқыту курсы қыркүйек айында өз жұмысын бастап кетті. Бұл курсқа кез-келген ұлт өкілі тегін қатыса алады. Курс тыңдаушыларына арналған әртүрлі деңгейдегі бағдарламаларымыз бар. Сонымен қатар Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен шығатын «Тілдерді оқыту:ізденіс және әдістеме» атты журналымыз бар. Бұл журналымыз көпшілікке таныс, журналға ауданымыздағы бала бақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдері ашық сабақтары мен мақалаларын тегін жариялай алады. Осы кезге дейін бірқатар тәрбиешілеріміздің еңбектер жарық көрді. Жалпы аудан тұрғындарының сұранысы жоғары, жақсы нәтижелеріміз де бар. Жыл сайынғы Тіл саясаты комитеті ұйымдастыратын «Мен қазақша сөйлеймін» атты республикалық деңгейде өтетін акция бар. Осы акцияға 2020 жылы курс тыңдаушысы Қарасаева Илона батырлар жырынан үзіндіні жатқа айтып жүлделі орынға ие болса, биылғы жылы курс тыңдаушысы, №4 Алға орта мектебінің психолог маманы, неміс ұлтының өкілі — Кочеткова Галина Владимировна қатысып, жүлделі 1 орынға ие болды. Ал, Арапова Олеся Николаевна №4 Алға орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, ұлты — молдаван, арнайы алғысхатпен марапатталды. Сайыстың шарты қазақ ақындарының өлеңдерін оқу болды.

***— Карантин кері әсерін тигізген жоқ па?***

— Карантин кезінде біз бірден онлайн форматқа көштік. Сабақтарымыз Zoom, WhatsApp, Instagram желісі арқылы өтті, тікелей эфирге шығып әріптестерімізбен сұқбаттар өткізіп отырдық. Ең бастысы тыңдаушылардың мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы, қызығушылығы жоғары.

***— Қазіргі жастардың арасында ағылшын тіліне қызығушылық басым. Жалпы үш тілділікке қалай қарайсыз, жеке пікіріңізді айта кетсеңіз.***

— Мен үштілділікті қолдаймын. Елбасымыз «Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан» атты жолдауында Қазақстан мемлекеті әлемдік деңгейге үштілді мәдениетті ел ретінде танылу керек. Оның ішінде қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі — жаһандық экономикаға кіру тілі дейді, сонымен қатар мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілі осы үш тілдің бірі ғана емес ең бастысы, негізгісі болу керек деп айтады. Енді мемлекеттік тілдің ең басты, негізгі қылып мәртебесін көтеру қазақ азаматтарының қолында, әр азаматтың парызы деп ойлаймын. Халқымызда мынадай сөз бар: жеті жұрттың тілін білгенің — жеті түрлі ілім білгенің дейді, яғни көп тіл білу адамның сауатының, мүмкіншіліктерінің артуы деп санаймын. Әлемнің екінші ұстазына айналған Әбу-Насыр әл Фараби бабамыз 76 түрлі тіл білген екен. Ғалым мұраларының бірнеше жылдар бойы сақталып, уақыт өткен сайын қадірінің арта беруі де осы көптілділіктің арқасында деп ойлаймын. Бірақ, Қадір Мырзалиев ағамыз айтқандай өз тілімізді құрметтей отырып, өзге тілдің бәрін меңгеруге тырысуымыз керек.

***— Рақмет, Сұқбатымыз аяғына жетті, мерекеге байланысты құттықтауыңыз болса айтып жіберсеңіз***

— Құрметті Қазақстандықтар, Сіздерді бүгінгі Қазақстан халқы тілдері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әр халықтың өз тілі — өзінің мақтанышы, алтын қазынасы. Осы алтын қазынамызға жанашырлық танытайық, жоғалтып алмауға тырысайық! Тіл — бізге келіп жеткен ғасырлар аманаты, бабалар аманаты. Осы аманатты болашақ ұрпаққа біртұтас күйінде, қаймағын бұзбай жеткізуді барлығымыз өзімізге парыз санайық. Еліміз тыныш, іргеміз берік болып мемлекттік тіліміздің мерейі өсіп, мәртебесі арта берсін!

# «Мақтанышым — ана тіл»



***Б.Бахтияр,***
*Қобда аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдіскері*

Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілі қасиетті қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады. Ана тілі — бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі — оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадыр-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Тіл адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алмасады, ойын жеткізеді.

Тіл — ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы — ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана.

Халқымыздың тілге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес, ана тілге деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін сөздер көп-ақ. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Осы сияқты ой тұжырымдардың баршасы ел аузына түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер.

«Тәрбие басы — тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінекидің есіміне қатысты.

Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі –мемлекеттік тіл. Солай бола тұрса да бізде қазір көптеген қазақтар үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері орыс тілінде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз — осы.

Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы — отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш пен ренішіңді бөлісіп, өзіңді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл — ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіздік тартулары» жинағына енген өлеңінде:

*Көрінесің көзге шыққан сүйелдей,*
*Сұрақтар да шаншу болып тиер кей.*
*Құтылмайсың барлық тілді білсең де,*
*Өз тіліңнің көмегіне сүйенбей…*
*Ана тілінде ата-баба сыры бар,*
*Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.*
*Өсе келе құстың тілін білсең де,*
*Ана тілсіз оның қандай құны бар,*

— деп өлең жолдарында өз тілің өзге тілді үйренуге басты тірек екенін баяндаған.

«Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық.

# «Тілдерді оқыту ізденіс және әдістеме журналы» — облыс педагогтарының ақпараттық айнасы



***Ж.Т.Дауылова,***
*Қобда ауданы, Бегалы негізгі мектебінің директоры, педагог-зерттеуші, гуманитарлық ғылымдар магистрі*

«Ақтөбе облыстық тілдерді дамыту басқармасы» ММ жанындағы Тілдерді оқыту орталығының «Тілдерді оқыту ізденіс және әдістеме» журналы педагогика, психология, мәдениет, ғылым және тәрбие, оқыту саласында адамгершілік-рухани білім беру мәселелерімен таныстырады. Бұл журналда тәрбие берудің барлық жолдары, әсіресе қазіргі заман талабына сай жастарға қалай тәрбие беру, тілдерді оқыту әдістемесі мен ұсынымдары туралы, еліміздің болашақ әліпбиі турасында жазылған мақалалармен танысуға болады. 2015 жылдан бастап журнал үздіксіз жарық көріп келеді. «Тілдерді оқыту ізденіс және әдістеме» журналы тек қана ғылыми-әдістемелік журнал емес, сонымен қатар әлемі танудағы және тәрбие беру мен қалыптасуға көп септігін тигізетін сіздің көмекшіңіз деуге де болады. Редакция құрамы материалды таңдауға аса үлкен жауапкершілікпен қарап, берілген материалдардың кең ауқымды оқырманға қызықты болуын қадағалайды. Журнал беттерінен педагогика саласына қатысты соңғы ғылыми жаңалықтарды және тәрбие берудің негіздері туралы мақалаларды таба аласыз. Мектептің педагог-оқытушылары да аталған журналға өз мақалалары мен сабақ жоспарларын, тәрбие сағаттарын жариялауға болады. Жарияланым тегін. Мен пән мұғалімі ретінде өзім осы журналда бірнеше рет сабақ жоспарлары мен мақалаларымды жариялап, өз білімімді көтеріп отырамын. Барша педагогтар қауымын «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» журналымен бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын және шығармашылық жетістіктерге жетуіне тілектеспіз.




# Тіл — ең асыл құндылық

***М.Е.Есенгелдиева,*** *№1 «Еркетай» бөбекжай балабақшасы*

5 қыркүйек — Қазақстан халқының тілдері күні. Тілдің қадір-қасиетін арттыру мақсатында, өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтеуді насихаттайтын атаулы мереке құрметіне тіл туралы мақала жазуды жөн көрдім.

Тіл туралы жазу, ол туралы айту шексіз уақытты талап етеді және тіл тарихы туралы айтуға жалықпау да керек. Себебі тіл — бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Себебі қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Оған басты себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады. Одан қала берді отарға тап болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады.

Тіл — ең ұлы қару. Тіл — ең асыл құндылық. Тіл — ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған тіл — ағылшын тілі. Себебі оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге?

Қазақ тілі — әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше.

Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне идіріп әкелуі. Әрине Абайға дейін де поэзия болды. Бірақ ол зар заман жырлары мен дастандары. Ал Абай тілінде сұлулықпен біз айтқан ерекшелік үндесіп жатыр.

Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөль ойнауы мүмкін. Мәселен кезіндегі Орхон жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз. Ана сүтімен дарыған тілдің қасиетін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны Расул Хамзатовтың «Ана тілі» өлеңінде көркем суреттейді.

*Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен*
*Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.*
*Естідім мен осы арадан үнін де,*
*Екі кісі сөйлесті авар тілінде.*

*Мен жатырмын қара жерде көз жұмып*
*Мына екеуі күбірлейді сөз қылып*
*Ғасан деген бір кісінің қулығын*
*Али деген бір кісінің сұмдығын*

*Естідім де сөзін ана тілімнің*
*Бойым жылып лезде мен тірілдім*
*Балгер де емес дәрігер де емес емдейтін*
*Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін*

*Өзге бір тіл емдер басқаларыңды*
*Мен онымен айта алмаймын әнімді*
*Егер тілім ертең болса құрымак*
*Мен дайынмын өтуге де бүгін ақ*

*Мен жаныммен сүйем осы тілімді*
*Кедей деп ақ айта берсін білімді*
*Ассамблеяда естілмесін үні де*
*Ана тілі ұлы менің өзіме.*

Өлген адамды тірілтер тілдің ғана құдіреті бар. Расул Ғамзатовтың бұл өлеңі күллі авар халқының мұңын жоқтап, авар тілінің құдіреттілігін сезіндіріп тұр. Қазақ ұлтында да тіл туралы жырламаған ақын-жазушы кем де кем. «Ал екінші бақытым — тілім менің»,— деп жырлаған Мұқағали ақынның өлеңі әр қазақ баласының көкірегінде сайрап тұр.

Қазақ тілі сөйлейтін адамдарының саны жағынан әлемдік тілдер арасында 70-ші, тіл байлығынан үшінші орында. Сену қиын десек те деректер осылай. Ең бай тіл саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың сөз болса, бұл көрсеткіш ағылшын тілінде 750 мың, қазақ тілінде 600 мың, ал испан тілінде 300 мың, орыс тілінде 150 мың екен. Ал қытайлар болса 87019 иероглифті қолданады. Демек, қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің төрінен орын алады.

Қазіргі таңда елімізде қазақ тілі мен орыс тілі қатар қолданып келеді. Еліміздегі ірі қалаларда орыс тілінің басымдылығы бар екені жасырын емес. Оңтүстік өңірлер тілдің мәйегін бұзбай қазақылығын сақтап отыр. Ал солтүстік өңірлерде бұл көрсеткіш өте төмен. Біз бұл көрсеткішті көтеру үшін әр қайсымыз ана тілімізде сөйлеп, ана тілінде қарым-қатынас жасауымыз керек. БАҚ құралдары мен қоғамдық орындағы іс-шаралар қазақ тілінде өтер болса, тілімізге сұраныс артар еді. Қазір өзге ұлт өкілі түгіл, қазақтардың өзі ана тілін керексіз етіп отырғаны жасырын емес. Бұған Мұхтар Шаханов ағамыз «мәңгүрттік» деп сипаттама берген еді.

Тіл түзелмей, қоғам түзелмейді; мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күңгірттене береді. Сондықтан да еліміздің қоғамдық-рухани өмірінде ұлттық тіл саясатын барынша батыл қолға алып, қарқынды жүргізетін уақыт жетті.

Ататүріктің «Қай кезде де ұлттық мұрат пен ұлттық мүддеге басымдық беруіміз керек. Халықаралық саясат, еларалық жағдай — мұның бәрі ұлттық мұрат пен ұлттық мүдделен төмен тұруы керек» дегеніндей, Қазақстан мемлекетінде де оның тілінен бастау алған рухани құндылықтарына бет бұрып, барынша халықтың мүддеге қызмет ететін ұлттық саясат жүргізу — бүгінгі күн қажет етіп отырған басты талабы.

# «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру — тәрбиелеу негізі

*«Ел болам десең, бесігіңді түзе»*

**• М.Әуезов •**

***Г.Жумабай,*** *«И.Тайманов атындағы гимназия» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттары мен жобалары қоғам үшін маңызды болып табылады. Бүгінде «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек — елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет», «Үнем — қоғам қуаты» арнайы жобаларын жүзеге асыруға басымдық беріліп отыр. Осы жобаларды іске асыру мақсатында серіктес мектептер бірлестігі құрылды. Аудандық білім бөлімінің басшылығымен Исатай Тайманов атындағы гимназиясы тірек мектеп ретінде Жаңаталап негізгі мектебін, Өтек негізгі мектебін, Сарбұлақ орта мектебін, Құрманов атындағы орта мектепті серіктес мектепке біріктірді. Серіктес мектептер отырысы онлайн тәртіпте өтіп, міндеттер белгіленді.

Әр мектеп:

1. «Рухани жаңғыру» кабинетін немесе бұрышын жасақтау.
2. «Әкелер мектебін», «Әжелер мектебінің» жұмысын жандандыру.
3. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында сынып сағаттары мен «Қоғам құндылығы» жобасы аясында әртүрлі шараларды өткізу міндеттемесін алды.

Осы міндеттерді орындау барысында әр мектеп жеке өткізетін және бірлесе өткізетін шаралар жоспарланды. Жоспардың орындалуын іске асыру мақсатында «Рухани жаңғыру» атты ақпараттық бұрышы Сарбұлақ мектебінде, мектеп мұражайы қоса жабдықталған «Рухани жаңғыру» кабинеті И.Тайманов атындағы гимназияда жасақталды.

Отбасы мен мектеп арасындағы тығыз байланысты нығайту мақсатында «Ұлағат» әкелер клубы, «Ғибрат» әжелер клубы жұмыс жасайды. Әкелермен бірлесе «Тәрбиелі ұл — абыройлы әке» дөңгелек үстелі, «Әкеге қарап ұл өсер…» байқауы, «Менің әкем керемет!» бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында өтілетін рейд жұмыстарына, мектептің абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына әкелер белсене ат салысады. «Ғибрат» әжелер клубы жұмысының қыздармен жұмыста, ұлттық өнер, салт-дәстүрді дәріптеу шараларын өткізудегі маңызы зор. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында «Тәуелсіздігім — Ел тірегім», «Алаш қайраткерлері», «Рухани жаңғырудың жарқын жолы», «Ұлттық тәрбие — қазынамыз», «Ұлттық ойындар», «Ұлтыммен мақтанамын» атты тәрбие сағаттары, «Салт-дәстүрым — таусылмас байлығым» интеллектуалды байқауы ұйымдастырылды. Жастардың бойына мәдени құндылықтарды сіңіріп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беру айрықша көңіл бөлінеді. Осы орайда оқушылар үшін отансүйгіштікке, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғатты аялауға ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізіледі және зертеу жұмыстарына, түрлі байқауларға қатысады. И.Құрманов атындағы мектептің 6 сынып оқушысы Қалдыбай Райымбек «Асық—ұлттық ойын» тақырыбында ғылыми жоба қорғап, аудандық кезеңнен, облыстық кезеңнен жүлделі екінші орын иеленді. И.Тайманов атындағы гимназияның 5а сынып оқушысы Ажмұратова Айжан «Ұлттық салт-дәстүр ғұрыптар: кеше, бүгін ертең» облыстық шығармашылық байқауда 1 орын иеленсе, Жүсіпова Гүлнұр грамотаға ие болды. Ұлттық өнерді насихаттайтын «Шеберлер қаласы, ата бабамыздың мұрасын сақтаймыз», «Алтын қазына» байқауыларына гимназия оқушылары жыл сайын белсене қатысады, облыстық, республикалық кезеңде де жұмыстары жоғары бағаланады.

Жыл бойына жалғасып, мектеп оқушылары мен ұстаздарын қамтитын челлендж И.Тайманов атындағы гимназияда былтырғы оқу жылынан бері бастау алды. Абай атамыздың 175 жылдығына орай «Абайды оқы, таңырқа!» челленджі 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында жүзеге асса, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстан Респу-

бликасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Исатай Таймановтың 230 жылдығына орай «Исатай арқау болған жырлар» өлең оқу челленджі қазір өтіп жатыр, жыл аяғына дейін жалғасып, оқушылардың көп бөлігін қамтуды көздеуде.

Қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдалану мен бөлуді көздейтін прагматикалық өмір салтын қазақстандықтардың құндылық бағдарлары жүйесіне енгізу үшін **«Үнем — қоғам қуаты»** жобасы аясында барлық серіктес мектептерде «Эко-дорба» науқаны жүзеге асты. Науқан аясында көркем еңбек пәні мұғалімдері әртүрлі қалдық мата, материалдарды пайдаланып, дорба жасау жолдары туралы шебер-сынып көрсетті. Осы шебер-сыныптар негізінде оқушылар да үйлеріндегі қалдықтарды іске жаратып, әртүрлі эко-дорба жасады. Эстетикалық талғаммен жасалған әр дорба өзінше ерекше. Бұл науқан әлі де жалғасуда.

И.Тайманов атындағы гимназиясында табиғатқа қамқорлық, табиғат ресурстарын үнемді пайдалану мақсатында өтілген «Пластиктің екінші өмірі» челленджі, «Кәрзеңке жасау» шебер-сыныбы барысында қатысушылар пластиктен, түрлі қалдықтардан алуан бұйымдар жасап, іске жаратты, табиғат қалдықтарын азайтты. Қолөнер ысырапшылдыққа жол бермей, әрі жас буынды үнемділікке тәрбиелейді. Бір ғана мысал құрақ құраудың өзі мата қалдықтарын үнемдеп тігіп, пайдаға асырудың үлгісін көрсетеді. Осы мақсатты көздеген «Ою-өрнек» шебер-сыныбы Сарбұлақ орта мектебінде, Жаңаталап мектебінде өтті.

«Үнем — қоғам қуаты» арнайы жоба шеңберінде салауатты өмір салты мәдениетіне баулу да көзделген. Осы бағытта ұлттық ойындарға баса назар салынуда. И.Тайманов атындағы гимназияда, Сарбұлақ орта мектебінде «Тоғызқұмалақ» үйірмесі жұмыс жасайды. Өтек негізгі мектебінде және Жаңаталап мектебінде Абай атамыздың 175 жылдығы аясында «Абай атамыздың сүйікті ойыны» атты мектеп біріншіліктері, Жаңаталап мектебінде, И.Құрманов мектебінде «Асық ату», И.Тайманов атындағы гимназиясында «Бес асық» ойыны ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта осы ұлттық ойындарға қызығушылар саны артып келеді.

Ұмыт болған, бірақ ізгілік және тәрбие құндылығы тұрғысынан қазіргі заманда өзекті болып отырған дәстүрді қайта жандандыруға бағытталған **«Дәстүр мен ғұрып»** жобасын жүзеге асыру барысында барлық серіктес мектептерде «Атамның ақ батасы», «Ақ орамал» акциясы, «Бауырсақparty» шарасы, «Ұлттық киім трендте» челленджі өткізілді. Бұл іс шаралардың оқушыларға үлкен тәрбие мен мағынасы мол екенін санасына жеткізетіні сөзсіз. Ұлттық өнерге баулу мақсатында «Ағашқа ою салу» шебер-сыныбы Сарбұлақ мектебінде, «Жыр-мұра» онлайн терме байқауы И.Құрманов орта мектебінде, «Ұлттық өнерім — мақтанышым» билер байқауы Өтек негізгі мектебінде, «Сөз мәйегі-мақал» байқауы Жаңаталап мектебінде, «Күй құдіреті» челленджі, «Шашбауының сыңғырынан ән тараған» ұлттық зергерлік бұйымдарды насихаттау фотокөрмесі И.Тайманов атындағы гимназияда өтті. Болашақта халқымыздың рухани байлығын молайту, оқушыларымыздың ұлттық мерекемізді, салт дәстүрімізді, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдарымызды дәріптеуі мақсатында «Ұлыстың ұлы күні» наурыз мерекесі жыл сайын барлық серіктес мектептерде кеңінен тойланады. Осы мереке аясында И.Құрманов мектебі, Сарбұлақ мектебінде «Менің отбасымның сүйікті ұлттық тағамы» байқауы, Жаңаталап мектебі мен Өтек мектебінде «Ұлттық ойындар-мақтанышым» жарысы өтілді. И.Тайманов атындағы гимназиясында өткен «Ғибрат» әжелер клубының мүшелерімен бірлесе «Қазақ асханасының бірегей тағамдары» фестивалі өте тартымды шара деп атауға болады. Әжелер қазір қолданыста жоқ, бірақ тағамдық қуаты мықты тағамдар — «Әсіп», «Бүрме қарын», төс еттен жасалған»Орама», «Наурыз көженің» әзірлену жолдарымен қуана бөлісті. «Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер» атты зерттеу жұмыстарына оқушылар белсене ат салысып, қазір ұмыт болса да, бірақ маңызын жоймаған дәстүрлерді жаңғырту қажеттігі жайлы ой түйді. Мектеп пен отбасы бірлесе атқарған шаралар жемісті болары хақ. Осы мақсатта «Атаның сөзі — тәрбие көзі» атты отбасылық бейнеролик түсіру шарасы ұйымдастырылды. Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің қазынасында тыйым сөздердің мән — мағынасы айрықша бағаланады. Өйткені, қанымызға сіңісті, жанымызға жағымды, тіршілікте жол көрсететін ақыл, нақыл, тыйым сөздер тәрбиенің бастау бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті замандар бойы мысқалдап жиналып, ой — елегінен өткізілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершілік ереже — қағидасы іспеттес. Халықтың тыйым сөздерінде ең алдымен ұрпағының жетелі, зерделі, кісілікті болуын, жерін, елін қорғауға дайын болып ер жетуін қалайды. Ал, адамшылыққа жат, оғаш, теріс қылықтардан аулақ болуға үндейді. «Біздің отбасының құнды жәдігерлері» онлайн сайысында әр қатысушы өз отбасы үшін жәдігермен және оның құндылығымен бөлісті.

Бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру жөніндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қағидаттарының бірін іске асыруға жәрдемдесетін, халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Құқықтық мәдениет» арнайы жобасы аясында И.Тайманов атындағы гимназияда құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Ұл ұятымен, қыз қылығымен көрікті» атты шара мектеп әкімшілігі, тәртіп сақшылары тобы мүшелері және кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі инспектор С.Курманиязовтың қатысуымен өтсе, И.Құрманов атындағы мектепте «Сыбайлас жемқорлық індет, оны жою — міндет» атты тәрбие сағаты өтті. Өтек негізгі мектебінде **«Құқықтық сауаттылық»** тақырыбында сауалнама алынып, Жаңаталап мектебінде «Жол ережесін білу — маңызды» атты тәрбиелік шара ұйымдастырылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын жалпыға ортақ еңбек Қоғамының еңбекқорлық пен масылдықтан бас тарту сияқты құнды идеялармен толықтыру мақсатында **«Еңбек — елдің мұраты»** арнайы жобасы да кеңінен жүзеге асырылуда. Өскелең ұрпақ үшін рөлдік модель болатын қажырлы еңбектің арқасында өз кәсіби саласында табысқа жеткен адамдардың өмірі мен қызметін кеңінен насихаттау мақсатында Тайманов атындағы гимназиясында «Ана көрген тон пішер» атты жергілікті қолөнер шеберлері — «Роза» ательесінің иесі Галиева Роза Берекетқызы, аудандық оқушылар үйінің ұстаздары Балмурзиева Айман, Булеубаева Дианарамен өткен кездесуден оқушылар ерекше әсер алып, ұлттық қолөнерге деген сүйіспеншіліктері артты. Серіктес мектептер негізінде өткізілген «Ұлы Дала — батырлық мекені» «Менің өнерім — халық қазынасы» атты қолөнер көрмелерінде оқушылар адал еңбектің нәтижесінде қандай табысқа қол жеткізуге болатынына көздері жетті.

Кәсіби бағдар беру мақсатында барлық серіктес мектептерде Нархоз университетінің, Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мамандары тарапынан оқу орнына түсу ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Рудный индустриалды институты мамандары және Қорқыт Ата университеті мамандарымен кездесу онлайн форматта ұйымдастырылды. Инстаграм желісі арқылы тікелей эфир қонақтарына көкіректерінде жүрген сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды.

Әрине, «Рухани жаңғыру» қазақ халқы үшін күні бүгін жасалып отырған дүние емес. Іргемізді бекітіп, шекарамызды нақтылап алған біздің жер үшін болашақтың баянды да бағытты іс-шараларының жиыны деп айтуға болады. Әлемдік жаһандану үрдісіне қадам басқан жаңа ғасырда әр халық, ұлтын, дінін, тілін, мәдениетін, тарихын мейлінше сақтап қалуға тырысады. Қорыта келгенде, кез-келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігін арттыру бағытындағы жұмысты одан әрі жалғастырамыз, себебі баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады.

# Мемлекеттік тіл — ұлт тірегі



***А.Жұмағұлова,***
*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы*

Бүгінде қазақ елі — Ел болып, егемендік алып, еңсеміз көтеріліп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, заңғар көкке құлаш сермеген, көк байрағы көк аспанда қалықтаған тәуелсіз, бейбіт елміз. Әлемнің өркениетті мемлекеттері Қазақстанды танып білді.

Біздің ендігі мақсатымыз — көсегемізді көгертіп, тәуелсіздік жалауын биікке көтеріп, айбынымызды жаһанға таныту. Мұхтар Шаханов адамды әрқашан демеп, жебеп жүретін құдіретті төрт ана болу керек дейді. Олар: туған жері, туған тілі, салт-дәстүрі, тарихы. Туған жерің — түп қазығың, айбының. Ал ана тіліміздің осындай көркемдік қасиеті мен тұңғиық тереңдігін жас ұрпақтың танып-біліп, сезінуі тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудағы 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында Қобда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бойынша біршама шаралар атқарылды. Атап айтар болсақ, «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» И.Тайманұлының 230 жылдығына орай онлайн сұхбат, Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Өнер — білім бар жұрттар» атты мәнерлеп өлең оқудан республикалық сайыс, «Мен Отанымды сүйемін» мүмкіндігі шектеулі балалар арасында аудандық сурет байқауы, Тілдерді оқыту орталығы ұйымдастыруымен «Тіл мен тәуелсіздік — тұтас ұғым» онлайн тілдік шарасына ауданнан өзге ұлт жастары атынан Ткаченко Татьяна Николаевна мен Мальцев Александр Владимирович қатысты.

Тамыз айында «Мен қазақша сөйлеймін» республикалық акциясының III кезеңіне қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде өткізілген акцияға еліміздің 14 өңірінен 171 адам қатысты. 19 этнос өкілдері туған ел, туған жер, ана тілі тақырыбындағы жыр жауһарларынан үзінділерді мәнерлеп, жатқа оқыды. Республиканың түкпір-түкпірінен қатысқан аламан бәйгеде жүйріктер оза шауып көзге түсті.

Осы дүбірлі додаға ауданымыздан, облыстың намысын қорғап Қызылжар ауылының тұрғыны, ауыл медбикесі, аудандық тілдерді оқыту курсының тыңдаушысы Кефер Ольга Николаевна қатысқан болатын. Қазақ тілін өзінің ана тіліндей жетік меңгерген Ольга бәйгеден оза шауып, қазылар алқасының шешімімен жүлделі 2-орынды иеленді. Естеріңізде болса, былтырғы осы акцияға қатысқан орыс ұлтының өкілі, талдысайлық Мальцев Александр Владимирович үздік ондықтан көрініп, 240 адамның арасынан топ жарған болатын. Акция ережесіне сай, Қобланды жырын мәнерлеп оқып, шеберлік көрсеткені үшін он қатысушы ҚР мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетінің төрағасының дипломымен марапатталды. Ел арасында Елубай атанған орыс жігіті бүгінде аудан мерейін асқақтатқан жүлдегер атанып, әлі де тіл мәртебесін көтеруде аянбай еңбек етіп келеді.

Латын әліпбиін насихаттау мақсатында «Латын графикалы қазақ әліпбиі: оқу, жазу» айдарымен бірнеше ақпараттық-лингвистикалық сағаттар өткізілді. Жетілдірілген жаңа әліпби жобасымен Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару орталығының маманы Нұрмұхамедова Данагүл Бегімқызы таныстырды. «Еліме елеулі ұлы есімдер» тақырыбында латын графикалы әліпби негізінде диктант жазу ұйымдастырылды. Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі, п. ғ. м Жақанова Жұпар Рысқұлқызының қатысуымен «Ұлттық брэндті қалыптастырудағы латын графикасының мүмкіндігі» деген тақырыпта ақпараттық сағат өтті.

Аудан орталығындағы мемлекеттік мекемелердің, сауда орындарының маңдайшалары мен жарнамаларында, көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдің сауатты әрі дұрыс қолданылуын анықтау мақсатында сараптама тобы құрамымен рейдке шықты. Қазіргі таңда бірнеше ескертулер жасалынып, жарнамалардағы мәтіндер дұрыс жолға қойылып келеді.

Бүгінгі таңда аудан бойынша қайталанған және идеологиялық тұрғыдан ескірген 54 көшеге қайта атау беріліп, облыстық ономастика комиссиясының оң шешімін алды.

Қобда ауданында 2021 жылдың I тоқсаны бойынша құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесі 99,6 пайызды құрап отыр.

30 жыл ішінде еліміз ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктер биігінен көрінді. Осы уақыт аралығында Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында тың идеялар игеріліп, соны жобалар жасалды. Біз — тәуелсізбіз, азатпыз, еркінбіз. Бірлігіміз жарасқан еңсесі биік елміз. Алдағы уақытта ұлттық құндылыктарымызды ұлықтау, тәуелсіздігімізді жалғастыру, нығайту, бәсекеге қабілетті елімізді, дархан даламызды сақтап, ұрпаққа аманат етіп беру — біздің қасиетті борышымыз.

Ал, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа Жолдауының басты артықшылығы осы, яғни, елдің талап-тілегімен үндестігі.

«Бірлігіміз — әралуындықта. Біздің азаматтар үшін толеранттық өмірлік маңызға ие. Біз радикализмнің кез келген формасын болдырмаймыз. Бірлігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Адамды тіліне, дініне, нәсіліне қарай кемсітуге болмайды», — дейді Тоқаев. Президент қазақ тілінің маңыздылығын да сөз етті. «Қазақ тілі — мемлекет саясатын дамытудың басым бағыттарының бірі. Қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар — бұл қазақ тілі. Болашағымызды дамытатын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюы қажет», — дейді мемлекет басшысы. Сондықтан бұл Жолдау — біздің болашағымызға деген үмітімізге үміт қосқан Жолдау болды.

# Оқушылардың патриоттық тәрбиесін жетілдіру үшін не істей аламыз?

*Балаларды Отанды, туған жерді,*
*өзінің халқын сүюге тәрбилеу — мұғалімнің аса*
*маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы.*

**• Н.Ә.Назарбаев •**

***А.Т.Қайрашева,*** *Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, «Ащылысай орта мектеп-балабақшасы» КММ, Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Қазіргі кездегі аса маңызды міндеттердің бірі — сан ғасыр қойнауында қалған ұлттық тәрбиенің негізін, озық үлгісін, бар асыл қасиеттерін енді жетіліп келе жатқан жас ұрпақтың бойына сіңіріп, елін сүйген парасатты да саналы азаматтарды тәрбиелеп шығару. Оған қоса, еліміздің экономикалық және әлеуметтік тұрғыда өрлеуі барысында жастарды отансүйгіштікке баулу мәселесі стратегиялық бағдарламалардың жетекші бағыты саналады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз — оқушыларды отансүйгіштікке, қазақстандық патриотизмге және шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу. Бүгіннен бастап оқушыларға ұлттық мінез–құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» — деген пікірі де осы сөздерімді айғақтайды.

Кез-келген ұлт үшін ұрпағының патриот болғаны маңызды рөл атқарады. Патриотизм жай ғана еліне деген махаббат емес, туған жеріне деген іңкәр сүйіспеншілік, ұлттық рух пен сана-сезім, халқын, тарихын, өскен жерін құрметтеу, мақтан ету, Отан алдындағы асқақ парызды жан дүниесімен сезініп, оның мүддесіне қызмет қылуды ниет ету секілді қасиеттерден құралады. Осы сезімдердің адам бойына сіңуі үшін жастайынан тәрбиелеудің мәні зор. «Тұлғаның барлық ақыл-ой болмысының түп негізі бала кезде қаланады» — деген әйгілі орыс педагогы А.И.Герцен. Демек, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісі бастауыш сыныптан басталуы шарт. Себебі бастауыш –бала тәрбиесінің қайнар көзі, білім іргетасы қалыптасатын жер. Ғалымдар адамға табиғаттан берілген ізгілікті мүмкіндіктердің 80%-ы осы бастапқы оқу кезеңінде қалыптасатынын дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, бастауыш мектеп кезеңінде барша ақыл-парасаттық, әлеуметтік және адамгершілік қасиеттер қарқынды дамып, олардың көбі бұдан былайғы өмір бойына өзгеріссіз бекиді. Сондықтан болашақтың тізгінін ұстайтын қазіргі жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбиені сіңіру — тікелеу біздің, яғни бастауыш мектеп ұстаздарының қолында. Өйткені оқыту арқылы тұлға тәрбиелейміз, оқыта жүріп, алдымызға білім іздеп келген оқушыларды өзін қоршап тұрған ортаны тануға, елі мен жерін, ұлты пен дәстүрін аялап, сүюге жетелей аламыз.

Жалпы бастауыш сынып оқушыларының танымдық және тәрбиелік негізі қарапайым сабақтар, тәрбие сағаты, мектептен тыс жұмыстар арқылы қалыптасады. Сонымен бірге, сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта өткізілетін шараларда Отан, Отанға деген сүйіспеншілік, ел мен жерді қорғауға қатысты ұғымдардың мәнін ашып көрсету арқылы патриоттық санапайда болады. Осы себепті әр ұстаз бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық тәлім-тәрбиенің өнегелі үлгілерімен сабақтастырып, өлең-жырларды, ертегілерді баланың санасына сіңіріп, батырларымызды үлгі ете отырып оқытуы қажет. Халықтың ежелден бері сақталып, осы күнге дейін жеткен салт-дәстүрлері де патриоттық тәрбиенің негізі. Сол үшін әр халық ел мен жер қасиетін, ұлт қадірін ұрпақ жадына ата-баба дәстүрі арқылы құяды. Осы тұрғыда оқушыларға сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан бесікке салу, шілдехана, тұсау кесер, т. б. салт-дәстүрлер, әр алуан ырымдар туралы ақпарат берудің маңызы ерекше. Себебі өскелең ұрпаққа халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарымен сусындату арқылы білім беріп, ұлтжанды етіп тәрбиелеу — елін сүйер, ұлт ертеңі жолында қызмет етер саналы ұрпақ қалыптасуының кепілі.

Сонымен қатар, ұстаздардың патриоттық тәрбиені жетілдіру ісіне «Әдебиеттік оқу», «Әліппе», «Дүниетану» сынды пәндері зор үлес қосады. Мәселен, «Әдебиеттік оқу» пәні жұртымыздың әдебиеті мен өнерінен хабар беріп, түрлі әңгіме, өлеңдер арқылы тәрбие береді, ал дүниетану пәні жеріміздің құндылығын, байлығын, еліміздің терең тарихын ұрпақ бойына сіңіреді. Ана тілі патриоттық тәрбиенің бастауы болғандықтан, оқушығаана сүтімен бойға тараған ана тілдің қыр-сырын үйретіп, сол тілде жазуды, оқуды меңгертетін «Әліппенің» де көмегі зор. Мектепке келген баланың бойына патриотизм дәнін егу үшін мұғалім осы оқулықтармен сабақтан тыс іс-шараларды өзінше үйлестіре білуі қажет. Оның ішінде, ана тілін қастерлеу, дәстүрді сақтау, ұмыт қалдармау, мәдениет пен тарихты зерделеу, бабалар өсиетіне жауапкершілікпен қарау, жерімізді, оның байлығын қорғау секілді тақырыптар төңірегінде өткізілген іс-шаралар оқушылардың патриоттық тәрбиесін жетілдірері сөзсіз.

Патриоттық тәрбие — адамның жеке тұлға ретінде даму деңгейін білдіретін маңызы зор рухани ізгілік. Оқушылардың патриоттық тәрбиесін жетілдіру — кез-келген ұстаздың басты міндеттерінің бірі. Оқушыға жеткілікті деңгейде патриоттық тәрбие беріп, ұлттық сана-сезімін қалыптастыра алған ұстаз болашақ ұрпақтың парасатты да саналы, сауатты әрі мәдениетті, бойына ізгі қасиеттер мен қабілеттерді жинаған абзал, әлеуметтік тұрғыда белсенді, яғни қоғам игілігіне, ел-жұрт мүддесіне қызмет ететін тұлға болуына жол ашады.

# «Менің отаным — Қазақ елі»



***О.Н.Кефер,***
*Аудандық тілдерді оқыту курсының тыңдаушысы*

Тіл — ұлт байлығы. Әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Тіл — ғасырлар бойы әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы жинақтаған бағасы жоқ мәдени байлығы. Біздің отанымыздың тілі — қазақ тілі.

Тіл — халықтың алтын діңгегі. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, оны мақтан тұта білуі керек. Өйткені, халықтың даналығы, жалынды жырлары мен алтын шежіресі сол халықтың тілінде жазылып, сол тілде ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалады. Иә, тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әр адамның бойына, ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз танып қана қалмай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. Әлемді танимыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі-сөз өнері. «Өнер алды-қызыл тіл» деген аталы сөздің астарында қаншама сыр бар?!

Тіл халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз-қазақ тілі.

Қазақстан Республикасының негізгі халықтың тілі болып табылатын мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу-біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Сондықтан да елімізде, отбасымызда мемлекеттік тілді үйренуге мүмкіндіктер өте көп.

Қазақстан — менің атамекенім. Атамекен деген — туған тіл, ата салт-дәстүр, еліңнің тарихы, байлығы, мектебің, үйің, бәрі-бәрі сонда. Ал бұларсыз өмір сүру мүмкін емес. Қазақстан — тәуелсіз ел. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның — алтын бесігің», «Отаны жоқтық — нағыз жоқтық», — дейді халқымыз.

# Тіл мәртебесі — басты назарда

***А.Н.Құдайбергенова,*** *Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, аудандық тілдерді оқыту курсының оқытушысы*

Ел Президенті өз Жолдауында батыл да парасатты шараларды ұсынады. Жолдауда республика тұрғындары құқығы мен мүддесін қорғау жөніндегі Үкіметтің орындайтын міндеттері белгіленген. Өндірістік жаңғыртудың күрделі үдерістері мен адамзат өміріндегі ірі өзгерістер кезеңінде бұл сөзсіз қуантарлық жайт. Биылғы Жолдаудағы Қ.Тоқаевтың мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудегі айтқан сөздері осынау күрделі кезеңде өмір сүріп жатқан халықтың көңіліне сенімділік ұялататынын ерекше айтқым келеді. Президент өз сөзінде: «Біз — Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз — осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз.

Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді. Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді.

Бұл — заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл — қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды.

Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады. Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара — әлемдегі ең ұзын шекара. Орыс тілі — Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми алты тілдің бірі. Сондықтан, бұл мәселеге парасаттылықпен қарауымыз қажет», — деген болатын.

Тілге қатысты қалыптасып қалған күрделі мәселені шешу мақсатында Мемлекет басшысы нақты әрі жүйелі міндеттерді белгіледі. Қазақстан азаматтарының болашағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуімен тығыз байланысты. Бұл мақсатқа Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап ұмтылып келеміз. Латын қаріпіне көшу арқылы дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне қосылмақпыз. Мұндай қадам халықаралық терминологияда қалыптасып қалған сөздерді аударудағы мәселені шешуге көмектеседі. 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу мақсатында атқарылатын күрделі жұмыстар білім беру саласының барлық сатыларынан орын алмақ. Бұл реформаның жетістігі, сөзсіз, қоғамдық сананың деңгейі мен қалың жұрттың белсенділігіне тәуелді. Тіл — халықтың алтын діңгегі, ұлт даналығы мен мәдениетінің асыл қазынасы. Ал оны сын-қатерден сақтап, кейінгі ұрпаққа аман жеткізу — біздің мойнымызда.

Мен үшін Елбасының халыққа Жолдауы — біз жүзеге асыруға әзір нақты тапсырмалар.






# Жаңартылған бағдарлама — білім берудің жаңа мазмұны

*Мұғалім — мәңгі нұрдың қызметшісі,*
*ол барлық ой мен қимыл — әрекетіне дәнін сеуіп,*
*нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі*

**• Я.Каменский •**

**А.Қ.Әбдіғалиева,**
*Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,*
*№3 Қарауылкелді орта мектебі,*
*Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі*

**arailim.k91@mail.ru**

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән—мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру — бүгінгі күннің басты талабы. Адамзаттың екінші ұстазы саналған Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деп бекер айтпаса керек. Бұл сөзді өзімнің өмірлік қағидаларым ретінде ұстанамын.

Қазіргі таңда әлем өз жаңалықтарымен қызықтыра отырып, технология қалай дамыса, заман талабы да алға жылжып, кез — келген педагогты заман талабына сай жаңаруды міндеттейді. Қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұндағы оқу жүйесін қалыптастыру талап етілді. Жаңартылған білім — болашақтың кепілі. Үнді халқының ғұламасы Махтама Гандидің: «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген сөзі бар. Өзгеріске, көшке ілесе білуіміз керек. Бұл оқу бағдарламасы жаңа бастама, жаңа мүмкіндік, жаңа мақсат. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын бағдарлама.

Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігінен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін сүйетін, болашағы үшін аянбай жанын беруге дайын ұстаздар ғана жұмыс істей алады деп ойлаймын.

Жаңартылған бағдарлама аясында бастауын ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен алатын, негізін А.Байтұрсынұлы қалаған тілдік жүйе бұзылмаса екен. Бұл жаңа бағдарламаны даттап, немесе жоққа шығарып жатқаным емес. Әйтсе де, оқушының өзінің пәні арқылы тіл туралы дүниетанымы қалыптасып, өзінің туған тіліне деген сүйіспеншілігі артса екен. Тілін сүю арқылы әр баланың ана тілі алдындағы жауапкершілігі артар еді.

Жаңа бағдарламаның берері көп. Бұл жерде оқушы мектеп қабырғасында алған білімін, өмірлік қажетіне асыруға үйренеді. Әр бала өз бетімен жұмыс жасауға, ұжыммен қарым-қатынаста болуға, өз ісіне сенімді бола білуге үйрене бастайды. Сонымен қатар салыстыруға. қорытынды жасауға дағдыланады.

Негізін сонау жылдардағы тіл жанашырларымыз қалап кеткен жүйелер жойылмаса екен. Ана тіліміздің мазмұны өзгермесін. Бұл барлық тіл жанашырларының көкейінде жүрген мәселе деп білемін. Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалары анық.

Осы орайда, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі ретінде өзімнің жаңартылған оқу бағдарламасы аясында өз сабағымда қолданылатын әдіс-тәсілдерден деректер келтіре кеткім келеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша күнделікті сабағымды оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіземін:

- Сабақта АКТ-ны тиімді пайдалану;
- Сабақты түрлендіріп өткізу;
- Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат — әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Мен жаңа сабағымды проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырады.

Шығармашылық — адам әс-әрекетінің түрі, адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек.

Өз пәнімде эссені жиі қолданамын. Эссе — жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркінкомпозициялық прозалық шығарма. Эссе жазу арқылы оқушының өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды. Өз пікірін айтады және дәлелдейді.

Сонымен қатар, сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойына қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді жиі пайдаланып отыруға тырысамын. Олар: «Стоп-кадр», «Тыңдайтын үштік», «Серпілген сауал», «Хикая картасы», «Қос диаграмма», «Моншақты әдіс». Бұл әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Мұғалім өзінің сабағында үнемі түрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдаланып отырса әр оқушы мынадай нәтижеге жете алады:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады;
2. Шығармалық ізденіске жетелейді;
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады;
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді;
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді;
6. Шығармашылық белсенділігі артады.

Қорыта айтқанда, сөзімді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мына бір сөзімен аяқтағым келді: «Жаңғыру аталуы бұрыңғыдай тарихи тәжірбие мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керсінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық— рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды».

XXI ғасыр — ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру, оның білім мен мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, оқушыларды шығармашыл болуды талап етеді, сондықтан оқушылардың қазақ халқының шешендік өнеріне ерекше мән беруді, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халық ауыз әдебиетінің құндылықтарын дәріптеуді талап етеді. Қытайдың дана ойшылы Конфуций: «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», — деген, сондықтан, қазіргі заман мұғалімі — рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек.

# Сын тұрғысынан ойлаудың тиімді стратегиялары

*«Оқыту өмірге дайындау емес, өмірдің өзі»*

**• Дж. Дьюи •**

***А.С.Бегманова,*** *Байторысай ЖОББМ*

Сын тұрғысынан ойлау — сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің

ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау — оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Технология бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады:

- **қызығушылықты ояту;**
- **мағынаны ашу;**
- **ой толғаныс.**

## Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

**Кезеңнің мақсаттары:**

— оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;

— оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;

— оқушының белсенділігін ояту;

— жеке тұлғаның іс-әрекеті Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер.

Оқылатын мәселелер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді, жауап алуға қажетті сұрақтар қояды. Өзге мақсатын тұжырымдайды. «Белгілі ақпараттар» тізімін түйін сөздер бойынша — әңгіме, кластерлер, дұрыс және дұрыс емесін мақұлдау және т. б.

Бірінші кезеңде алынған ақпараттар тыңдалады, жазылады, талқыланады, жеке, жұп және топ бойынша жүргізіледі.

## Екінші кезең «Мағынаны ашу»

**Кезеңнің мақсаты:**

— жаңа ақпаратпен танысу;

— жаңа ақпараттармен өз білімімен ара-қатынас белгілеу.

**Жеке тұлғаның іс-әрекеті қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер:**

— мұғалім ұсынған белсенді оқыту әдістерін қолданып, жаңа тақырып материалдарын тыңдайды, оқиды;

— жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады;

— қарастырылған материалдармен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді.

**Белсенді оқу әдістерін қолдану:**

— инсерт;

— екі жақты күнделік;

— қосымша журнал;

— сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және т. б.

Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе-эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі.

## Үшінші кезең «Ой толғау»

**Кезеңнің мақсаты:**

— қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу;

— оқылған материалды талдау және қорытындылау;

— тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау;

— мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады;

— қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады;

— өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды;

— алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады;

— ластер құру;

— әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады;

— түйін сөздерге қайта оралу;

— дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу;

— рефлексивті сұрақтар;

— пікір алмасу;

— шығармашылық жұмыстар жазу (синквейн, эссе) және т. б.

Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша жүргізіледі.

## Технологияның стратегиялары (тәсілдері)

Технологияны жетік меңгеру үшін бірнеше тәсілдер қолданылады. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн.

Кластер (топтастыру). Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру. Мысалы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдерін кластер түрінде былай келтіруге болады.

Бұл тәсілді қызығушылықты ояту және ой толғау кезеңдерінде қолдануға болады.

### Инсерт (түртіп алу) жүйесі

Бұл тәсіл бойынша оқу материалы дайын күйінде беріледі, мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде жазылады:

*«V» — білемін «+» мен үшін жаңа «–» басқаша ойлаймын «?» — түсінбедім, тереңірек білгім келеді.*

Кестені мәтіннің фрагменттері немесе толық абзац түрінде толтырады. Сонан соң оқушылар жұп болып немесе топпен өзара пікір алмасады. Түсініксіз болған ұғымдарды мұғалім түсіндіреді немесе басқа ақпарат көздерінен іздеуге үйге тапсырма береді. Мұнда оқушыларға аз таныс, қызықтыратын, энциклопедиялық сипаттағы, яғни құбылыстар туралы мәліметтер жинауға болады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудағы «оқулықтан пәлен парагрофты оқыңдар» деген тапсырмаға қарағанда тиімді.

Венн-диаграммасы — екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру.

### «Синквейн» тәсілі

Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Бұл әрбір ой толғау кезеңінде қолданылады.

**Синквейн жазу ережесі:**

1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс — әрекет жазылады (етістік, көсемше).
4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады. Эссе стратегиясын ой толғау кезеңінде қолданған тиімді. Мұнда оқушылар тақырыптық ішкі сырын терең түсініп, өз пікірін, өз ойын дұрыс жеткізіп, оқу материалының негізін анықтап, сол арқылы оларды өмірмен байланысын жазады. Сонымен қатар Кубизм стратегиясы — кубик жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі тапсырма жазылады. Мұғалім кубті ортаға тастап, қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы тапсырмаға жауап береді.

Білемін. Үйрендім. Білгім келеді. Бұл стратегияны 1984 жылы Чикаго университетінің профессоры Донна Огл шығарған. Оның мақсаты — таным үрдісінде рефлексивтілікті дамыту.

Ол үшін төмендегі кестені толтыру керек.

Білемін. Үйрендім. Білгім келеді.

Топтың мүшелерін дамыту мақсатында уақытты үнемдеу арқылы оқушылардың барлығын тыңдауға мүмкіндік береді. Кестені толтыру барысында ұсыныстар және жаңа ойлар қосуға болады.

### «Ирек» стратегиясы

Оқушылардың танып білу қызметін арттыру үшін қолданылады. Мұғалім алдын ала мәтінді мағынасына қарай бөліктерге бөліп тастайды. Бүкіл сыныптағы оқушыларды топқа бөліп, әр топқа мәтін үзінділерін береді. Әр топ сынып оқушыларға, өздеріне берілген мәтіндерін түсіндіріп шығады. Мұндағы басты мақсат — әр оқушы осы тақырыпты түгелдей қамтуында. Осы орайда «Бұлар қайдан шығады?» тақырыбын топ бойынша бөліктерге бөліп тастап және интереактивті тақтадан жайлаудың суретін көрсету арқылы мәтін құрастыруына жол сілтедім.

### «Болжам» стратегиясы

Оқиға мазмұны арқылы баланы қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу.

Осы орайда әр топқа тапсырмалар бере отырып қиялдауына еркіндік бердім. Оқушылар арасынан қиялы жүйрік бала дараланып шығатыны сөзсіз.

### «Пікір алысу» стратегиясы

Оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады, пайдалы, пайдасыз жақтарын шешеді. Белгілі тақырыпты алып, әлеуметтік өмірмен байланыстыру, өз көзқарасын дамыту, өзгені құрметтеуге үйретеді.

### «Әңгіме» стратегиясы

Өзіне-өзі есеп беру, көзқарасты дамыту, білімін анықтау, бағалау.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс-әрекеттің артуы;
- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагдимасы қалыптасады.

# Информатика пәніне ағылшын тілін енгізу CLIL әдісін қолданудың тиімділігі



**_А.М.Сарсенбаева,_**
_№2 Мәртөк мектеп-гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі_

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы — жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді.

Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту CLIL әдіснамасы негізінде жүзеге асырылады. Қысқартылған CLIL ұғымы ағылшын тіліндегі мынадай сөздердің бас әріптерінен алынған: ***Content and Language Integrated Learning.*** Қазақша мағынасы — өзге пәндерді шет тілінде тілдік-пәнаралық байланыс арқылы оқыту. Нақтылап айтқанда, кез келген оқу бағдарламасындағы пәнді бір уақытта екі тілде де оқыту (өз тілі + шет тілі). Қазіргі уақыттағы көпшіліктің түсінігіндегі бұл терминнің анықтамасы былайша тұжырымдалады: CLIL — оқушыға ана тілі мен шет тілін қатар меңгертуге негіз болатын тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыратын әдістемелік құрал.

Кіріктіріп оқытуда жиі қолданылатын тиімді әдістердің бірі — CLIL әдісі.

Бұған тілдік құзыреттілік, тек оқуға ғана емес, сонымен қатар жаңа білімдерді өмірде пайдалануға, сәйкесінше өмірлік мотивацияны арттыруға дайындық, табысқа беталыс жатады. Осының барлығын CLIL оқытуының артықшылықтарына жатқызуға болады.

CLIL әдісі — тілді мазмұнды және интегралды түрде оқыту.

CLIL өз мәнінде Content and Language Integrated Learning білдіреді — бұл дегеніміз шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді.

**CLIL негізін төрт С құрайды:**

— CONTENT (Мазмұн) — бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар;
— COMMUNICATION (Қатынас) — бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері;
— COGNITION (Таным) — бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту;
— CULTURE (Мәдениет) — бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау.

CLIL сабақтарында тілдік біліктер мен пәндік білімдерді дамытудың маңызы бірдей болғандықтан, ондай сабақ көбіне төрт сатылы сызбаға негізделеді:

1. Мәтінді өңдеу.
2. Түсіну және алған білімдерді ұйымдастыру.
3. Мәтіннің тілдік ұғынуы. Оқушылардың мәтіннің идеясын өзінің сөзімен жеткізе алатындығы.





| Атауы | Деректер типі | Python - ғы нәтиже |
|---|---|---|
| Бүтін | int | 20 |
| Бөлшек сандар | float | 20.2 |
| Кешен | complex | 2j |
| Логикалық | bool | True |
| Жол | str | "My school" |
| Тізімдер | list | d=[1,2,3] |

Бағдарламалық коды:

```
num=[8, -3, 1, 5, 9, 2, -11, 4]
max=max(num)
min=min(num)
i=num.index(max)
j=num.index(min)
num, num[j] = num[j], num
print (num)
```

Нәтижесі: [8, -3, 1, 5, -11, 2, 9, 4]

```
n=4
t = []
for i in range(n):
    row = input().split()
    for i in range(len(row)):
        row[i] = int(row[i])
    t.append(row)

for i in range(n):
        print (max(t[i]))
```

Программалық код:

```
sum =0
from random import randint
number = [randint(0, 50) for x in range(20) ]
print (numder)
for n in number:
    if n % 2 == 0: sum+= n
print ("жұп элементтердің қосындысы: ",
```






2. Түсіну және алған білімдерді ұйымдастыру.

HTML парағының үзіндісі

```
<body>
<p align="center"> Мәтінді парақтың ортасына туралаңыз </p>
<p align="justify"> Мәтінді парақтың еніне туралаңыз </p>
<p align="right"> Мәтінді парақтың оң жағына туралаңыз </p>
<p align="left"> Мәтінді парақтың сол жағына туралаңыз </p>
</body>
```

| list-style-type |
|---|
| `<ul style="list-style-type:disc;">` әдеткі тізім, тұтас түсті шеңберлі маркерленген тізім |
| `<ulstyle="list-style-type:circle;">`сыртқы пішіні шеңбермен маркерленген тізім |
| `<ul style="list-style-type:square;">` сыртқы пішіні квадратталып маркерленген тізім |
| `<ulstyle="list-style-type:none;">`маркерсіз тізім |






aselim.html — Блокнот

Файл Правка Формат Вид Справка

```
<HTML>
<HEAD> <TITLE> МЕНІҢ АЛҒАШҚЫ WEB - САЙТЫМ
</TITLE> </HEAD>
<BODY BGCOLOR= WHITE  TEXT= FUCHSIA>
<H1> Менің алғашқы құжатыма қош келдіңіздер </H1>
<H2> Сіздерге web -сайт жасау жолдарын көрсетемін</H2>
</BODY>

<BODY>
<H1 ALIGN= 'CENTER'>  <font face=Arial size=7  TEXT= Teal>  Досыма хат
 </font>  </H1>
<H2> <B>  <font  color=blue> Құрметті Гүлнұр! </font> </B> </H2>
<H2> <I> <font  color=Maroon> Келіп жеткен жаңа жыл құтты болсын. Осы жылда бар арманың орындалып, алдыға қойған мақсат
</BODY>

<BODY>
<H2 ALIGN=CENTER> <font color=#8OOO8O   TEXT=WHITE> 10 "A" класс оқушылары тізімі </font>
</H2> <HR>
<UL>
        <LI> Айдар;
        <LI> Марат;
        <LI> Айдос;
        <LI> Жандос
</U<UL>
<HR>
</BODY>

<BODY>
<font color=Teal>
<table  border="4">
<tr>
<th>Тегі</th>
<th colspan="3" >Аты</th>
<th colspan="3">Туған жылы</th>
</tr>
<tr>
<td colspan="3" >Арынова</td>
<td colspan="3" >Жансая</td>
<td colspan="3" >1995</td>
```



```
<html>
    <head>
        <title>
            Тақырып бөлімі
        </title>
    </head>
    <body>
        Дене бөлімі
    </body>
</html>
```

HTML құжат

```
<table border-"1">
<tr>
<td>Ұяшық 1</td>
<td>Ұяшық 2</td>
<td>Ұяшық 3</td>
</tr> <tr>
<td>Ұяшық 4</td>
<td>Ұяшық 5</td>
<td>Ұяшық 6</td>
</tr> <tr>
<td>Ұяшық 7</td>
<td>Ұяшық 8</td>
<td>Ұяшық 9</td>
</tr>
</table>
```




Тапсырмалар оқушылардың дайындық деңгейіне, оқыту міндеттеріне, сонымен қатар оқушылар талғамына байланысты болуы керек.

Мысалы: диаграмма, кесте құрыңыз, карта жасаңыз, нақты ақпаратты табыңыз және кестені толтырыңыз т. б.

Пәнаралық байланысты жұмыстың мақсаты, мазмұны, әдістері және тәсілдері бойынша пайдаланы кіріктіріп оқытудың негізі болып табылады. Кіріктіріп оқыту барысында идеялар мен ұстанымдардың ұқсастығы айқын байқалады, сонымен бірге алынған білімді түрлі салаларда пайдалану мүмкіндігі пайда болады. Сондай-ақ, кіріктіріп оқыту барысында екі немесе одан да көп пәнді қарастыру және әлемдегі құбылыстар мен нысандардың өзара тығыз байланысын көрнекі көрсету мүмкіндігі болады.

Пәндерді кіріктіріп оқытудың ұстанымдарының басты мақсаты — оқушылардың ойлау қабілетін дамытуды жүзеге асыруға бағытталған.

Кіріктірілген сабақ — бұл арнайы ұйымдастырылған сабақ.

Кіріктірілген сабақтардың құрылымы дәстүрлі сабақтардан келесі сипаттамалар арқылы ерекшеленеді:

- оқу материалының нақтылығы, ықшамдылығы және қысқалығы;
- өзара логикалық шарттастығы, кіріктірілетін пәндер материалының сабақтың әр кезеңіндегі өзара байланыстылығы;
- сабақта қолданылатын оқу материалының кең ақпараттық сыйымдылығы.

Осылайша шет тілін және тілдік емес пәнді бір мезетте оқу білім беру мақсаттарына жетуге арналған қосымша құрал болып табылады және шет тілі мен тілдік емес пәнді оқуда тиімді жағдайларға ие болады.

Әрине, оқудың мұндай түрі пәнді ана тілінде оқытуды толығымен ауыстыра алмайды, бірақ оны айтарлықтай дәрежеде толықтыра алады. Сондықтан да пән бойынша оқу материалы оқушылардың ана тіліндегі пәндік білім деңгейінен сәл төмен күрделілік деңгейінде іріктеліп алынуы тиіс. Оқу материалдарын таңдау пәннің құрылымы мен ерекшелігіне байланысты болады.

Барлық тапсырмалар ең алдымен коммуникативтік, яғни шет тілінде жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға бағытталған болуы тиіс.

Пәнді және тілді кіріктіріп оқытудың негізгі сипаттамалары — көпжақтылығық қыры:

— тілді оқыту пән және тілмен қолдау табады;
— пән мазмұнын меңгеру тіл сабақтарында қолдау табады;
— пәндерді кіріктіру жүзеге асырылады;
— оқытуға рефлексия жасау жүргізіледі;

Оқу процесін кіріктіру арқылы ұйымдастырудың кейбір мүмкіндіктері білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін сапалы және ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі. Сонымен бірге ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерін және ағылшын тілін кіріктіріп оқытудың нәтижесінде алынған білімді күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігі пайда болады.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: пәнді және тілді кіріктіріп оқыту барысындағы басты нәтиже оқушылардың ғылыми-жаратылыстану бағыты пәндерінен алған білімдері емес, мақсатты тілді меңгеруі (біздің жағдайымызда — ағылшын тілі) болып табылады.

Қорыта келе ағылшын тілі — бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Бүкіл әлемде мектеп баланың негізгі ақпарат көзі болып табылмайды. Ең жақсы жағдайда ол оқушының өздерін қызықтыратын білімін табуға көмектеседі.

# Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуда ертегілердің маңызы

***Ж.С. Нургалиева,*** *Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы, №35 «Балбұлақ» МДҰ әдіскері*

«Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан!» атты Қазақстан халқына жолдауында еліміз дамуының жаңа кезеңінің келесі он жылға арналған бағыт-бағдарын анықтап, айқындап берген болатын — елбасы Н.Назарбаев

Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруда педагогикалық қызметкерлер алдында үлкен мақсатты жұмыс тұрғандығын көрсетеді. Алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ұлттық тәрбиенің алатын рөлі зор. Қазақ халқы басқа халықтар сияқты бала тәрбиесіне ерте заманнан-ақ өзінің жиып — терген бай, асыл қазынасы, мол тәжірибесімен көңіл аударған. Қазақ атамыз келешек ұрпақтың қамын алыстан болжап, өмірге нәресте келгенде оған лайықты ат қойып, бесікке салып, тұсау кесер рәсімдерін жасап, өсе келе оған қазақ халқының ұлттық шежіресін, өзінің шыққан тегін, халықтың даналық сөздерінің мағынасын түсіндірген.

Демек, жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі «ертегілер».

Ертегілер — халқымыздың тұрмыс — салтын, арман — үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Балабақшадағы жоғарғы топтарда өткізілетін әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ертегілерді негізгі динамикалық қозғаушы күш яғни дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануға болады.

Сонымен қатар өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу әрбір әдіскер мен тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді әртүрлі сабақтарда өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. ҰОҚ барысында ертегі кейіпкерлерінің жан-жақты мінез-құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене? жаман деген немене? екендігіне көзін жеткізеді. Ертегілердің балабақша тәрбиеленушілерімен өткізілетін ұоіә-де қолданылу аясы. Өз тәжірибемде мектеп жасына дейінгі балаларға ертегіні ең алдымен тыңдатамын, сонан соң тыңдаған ертегінің мазмұнын сұраймын, тіл байлықтарын арттыру мақсатында түрлі көңіл— күй көтеру ойындарын өткіземін. Ендеше, сол ертегілерді әр сала бойынша қалай қолдануға болатындығына тоқталып өтсем: Мысалы «Көркем әдебиет» саласында ертегіні оқып, мазмұнымен танысып, негізгі ойын анықтасақ, енді математика сабағында осы ертегі кейіпкерлерін пайдаланып денелердің көлемін салыстыруды, атап айтсақ түйе мен тышқанды, қой мен сиырды салыстыру арқылы «үлкен», «кіші», немесе «биік», «аласа» деген ұғымдарды қалыптастырып, таныстыруға болады.

Ал, шығармашылық саласына келетін болсақ, ертегі кейіпкерлерін музыка сабағында пайдалану тәрбиеленушілердің есте сақтау және дыбыстау қабілеттерін арттырады. Егер тәрбиеші ертегіні өзі оқығанда қызықсыз болады десе түрлі дыбыстық дискілерге жазып әкеліп оқуға болады. Ондай жазбалар музыка пәнінде балалардың есту қабілеттері мен дауыс ырғағын қайталауын (ритмдерді таңдауын) арттыруға көмектеседі.

Ертегілердің мазмұнына қарай қандай топтарға бөлінетіндігін де таныстырып айта кеткен жөн. Сюжеттік суреттер арқылы ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге және ертегі мазмұнын құрастыру балалардың шығармашылық қаблеттерін арттыруға көмектеседі. Ертегі халық ауыз әдебиетінің негізгі бөлімдерінің бірі екенін ескерсек, олардың бала тәрбиесіндегі яғни жас бүлдіршіндерді адамгершілікке, имандылыққа, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезіміне баулуға тәрбиелейді.

Балабақша тәрбиеленушілерінің даму сатысының іргетасы міне осы мезгілден қалыптасып, түзелу процестері жүргізіле бастайды. Бұл уақытта тәрбиешінің іс-әрекеті жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Олардың қызығушылығын ынтасын ояту арқылы, зерттеушілік іс-әрекеттерін туғызуға болады.

Тәрбиешінің қиялдауына қанат бітіріп шығармашылық белсенділігін арттыру арқылы жан-жақты дамыту үрдісін ұйымдастыруда әрбір пәнде сюжетті, көркем, ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсету арқылы ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі — «ертегілердің» бала тәрбиесіндегі маңызды орынын көрсетуге болады.

# Бала-бақыт шуағы

***А.Ж.Туребаева,*** *№2 Мәртөк мектеп-гимназиясының өзін-өзі тану пән мұғалімі*

Сәлеметсіздер ме құрметті ата— аналар және балалар! Бүгінгі «Бала бақыт шуағы» атты сыныптан тыс шарамызға қош келдіңіздер. Бұл шара өзін-өзі тану пәнінің онкүндігі аясында өткізіліп жатыр.

*Әке — асқар тау*
*Ана сылдырап аққан бұлақ*
*Бала жағасындағы құрақ.*

Отбасы — адамзат бесігін тербеткен баланың бас — ұстазы. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білесің, ана отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді. Баланы тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек деген ұлы ақынымыз М.Жұмабаев. Бүгін анасы мен баласының арасындағы байланысты бұрынғыдан да нығайта түсеміз деген ниеттеміз.

Алдымен бір бірімізбен танысып алу үшін **«Жіп торы»** жаттығуынан бастайық.

**«Бумба-Юмба тайпасы» — сәлемдесу ойыны.**

*Жүргізу жолы:* Біз Бумба-Юмба тайпасына келдік деп көз алдыңа елестетіңдер. Олардың дәстүрі бойынша сәлем берейік. Олар дене мүшелерін бір-біріне тигізіп амандасады екен. Мен қазір шапалақпен сигнал беріп қалай амандасу керек екенін айтып отырамын «Бастаймыз» мұрынды — мұрынға, құлақты — құлаққа; тізені — тізеге; иықты — иыққа; иекті — иекке; өкшені — өкшеге; маңдайды — маңдайға; арқаны — арқаға; шынтақты — шынтаққа; қолды — қолға.

*Талдау:* ұнады ма Бумба-Юмба тайпасының дәстүрі бойынша амандасу? Несі ұнады?

*Тақырыбы:* «Еркелетіп шақыр» ойыны.

*Жүргізу жолы:* Анасы мен баласы бір-біріне қарама — қарсы тұрады. Бір-біріне еркелететін жылы сөздер айтып әр сөзде бір қадам жасап бір-біріне жету керек.

***Видеоролик отбасы туралы.***

**«Көңіл күй» тренингі**

- Балалар, көңіл — күй дегенді қалай түсінесіңдер?
- Олай болса, смайликтерді таңдап, қуанған адам, ренжіген адам, ашуланған адам, қорыққан адам бейнесін бет-бейнелеріңмен көрсетіп беріңдер.
- Балалардан сұрау: Сен қай кезде қуанасың? Қай кезде ренжисің? Қай кезде ашуланасың?
- Ата-анаға тапсырма: Балаңыз қуанса, ренжісе, ашуланса Сіз қандай әрекет немесе сөздер айтасыз?

***Сергіту сәті «Қара жорға».***

**Эксперимент ойын «Анамның алақаны»**

*Мақсаты:* Ата-ананы қаншалықты өз баласын білетіндігі жөнінде ойландыру.

Бала көзі байлаулы күйде өз анасының қолын табу қажет.

***Жүректі соқтыру.***

***Аналарға ризашылықтарын білдіру.***

**Қорытынды.**Ұлы Абай атамыз 38-қара сөзінде: «Қашан баланың ғылым білімге махаббаты оянғанда ол адам бола бастайды. Оның адам болғанына 3 түрлі нәрсе себеп болады. Бірінші жақсы ата-ана, екінші жақсы ұстаз, үшінші — жақсы құрбы-құрдас», — деген екен. Сондықтан да балаларыңызбен үнемі жақсы қатынаста болып, көңіл бөліп, өз қамқорлықтарыңызды көрсетіңіздер. Осымен бүгінгі іс-шарамыз өз соңына жетті. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар.

# Қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын түрлері

***Г.А.Тапаева,*** *«№2 Бадамша орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі*

«Біз бүгін еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» — деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, дәуірлеген заманымызда ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алатын сала — білім саласы екені бәрімізге аян. Бұл орында мұғалім қауымына артылатын жүктің салмағы ауыр екені белгілі.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» деген пікірімен бала өміріндегі ойынның маңыздылығына көз жеткізуге болады.

Ойын дегеніміз — баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой — өрісін, танымдық белсенділігін арттырады, алғырлықты, тапқырлықты, логикалық ойды дамытады. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында ойын түрлерін қолдану — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, сабаққа белсенділігін

Ойын — бұл қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, жағдаяттық жағдайда, бағыттық түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз толық мәніндегі ақыл — ой тәрбиесі болмайды» дейді.

«Ойын — бала үшін өмірлік тәжірибе», — деп М.Жұмабаев атап көрсеткендей, оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі сабағында орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылған дидактикалық ойындарды сабақтың мақсатына қарай мынадай түрлерге бөліп қарастырады:

1. Тапқырлық ойындар
2. Ізденімдік ойындар
3. Рөлдік ойындар
4. Іскерлік ойындар

**1. Тапқырлық ойындар** — оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырады. Мысалы: асық ойыны, «Қоржында не бар?» ойыны, «Дыбыстық ойыны», «Әліпбиді білесің бе?» ойыны.

***«Қоржында не бар?»*** ойыны (қоржында жатқан әріптерден сөз құрастыру керек).

**2. Ізденімдік ойындар** — оқушыларды өздігінен ойлауға үйретеді. Мысалы: «Баламасын тап» ойыны, «Қандай сөздер жасырынған?» ойыны, «Буынды тез тап» ойыны, «Бинго» ойыны.

***«Баламасын тап»*** ойыны (1 — қатардағы сөздерге 2 — қатардан баламасын табу керек)

| | |
|---|---|
| Жалқы — | Жалпы – |
| Деректі — | Туынды – |
| Дара — | Жанды – |
| Дерексіз — | Күрделі – |
| Негізгі — | Жансыз – |

***«Қандай сөздер жасырынған?»*** ойыны:

РАЖАҚЫРЫЙД — жарқырайды
ІРЕИД — ериді
ПҰШЫ КЕДІЛЕ — ұшып келеді
ҮЛГДІДЕЙ — гүлдейді
БЫРЖАҢ УАДЫЖА — жаңбыр жауады
ДЫҚАЗА — қазады
ҚҮДЫЯ — құяды
ЗҰДАРАЫ — ұзарады
ДЫНАОЯ — оянады
ДІКЕЛ — келді

***«Буынды тез тап»*** ойыны («қар» буынынан басталатын сөздерді жазу керек. Мысалы: қарлығаш, қарға, т. б.)

**3. Рөлдік ойындар** — оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

**4. Іскерлік ойындар** — оқушылардың түрлі жағдайда дұрыс сөйлеуін қалыптастыратын, диалогтік және монологтік үлгілерін жетілдіретін ойын түрі.

***«Дос тақырыбына сөз тіркестерін құра» ойыны:*** (1 — сөз сын есімнен 2 — сөз зат есімнен болу керек).

*Мысалы:* Жақсы дос
Сын есім + зат есім
Сан есім + зат есім
Зат есім + зат есім
Есімдік + зат есім
Зат есім + етістік

Сабақта дидактикалық ойын түрлерін пайдалануда бала білімінің деңгейін, біліктілік сапасын көтеретіндей, ұлттық санаға, салт — дәстүрге, тәрбиеге сай болуын ескеруіміз керек. Мысалы: жамбы ату, асық ойыны. Жазушылардың суреттерін көрсетіп, сол сурет туралы әңгіме құратуға, олардың шығармаларының атын атап, сипаттама бергізуге болады.

Түрлі ойындарды өткізу сөзсіз сабақты жандандырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Ойын — әрекет және белсенділік. Балалар шаршаған мезетте сергіту, бой жазу жаттығулары өте пайдалы. Сергіту ойындары балалардың сабақта зейін қойып тыңдауына, ақыл — ой бір нәрсеге тұрақтандырып, саналы түрде білуге септігін тигізеді.

Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланумен қатар, ұйымдастыру кезеңінде пайдалану тиімді.

Сабақ барысында оқушының тілін дамытатындай, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды қолданамын. Олар: «Кім тез?», «Қуаласпақ», «Аударыспақ», «Құсбегі», «Вагондарды құрау», «Қай әріп жоғалды?», «Лотерея ұту», «Жасырынбақ», «Атын айт», «Түсін таны», т. б. ойындар.

Әр ойын сабақ мақсатына сай қолданыс табады. «Синтаксистік касса» ойыны. Кәртішкеде бірнеше суреттер көрсетіледі. (адам, құс т. б.) беріледі және қойылатын сұрақтар кәртішкесі жасалады. Суреттің үстіне сұрақтары айтылып қойылады.

***«Сөйлем қуаласпақ»*** ойыны. Интерактивті тақтадан мазмұнды суреттер көрсетіледі. Топта сөйлемдер арқылы мәтін түрлері немесе хат, эссе, ой — толғау, хабарландыру, жарнама құрастырылады. (ауызша)

***«Кедергіден өту»*** ойыны. Интерактивті тақтадан «кедергілер» көрсетіледі. Әр кедергінің өз тапсырмасы тақтадан көрінеді. Тапсырмалар топқа беріледі. Осылайша ойын соңында кедергілерден өтіп, мәреге жеткен топ жеңіске жетеді.

***«Жадыңа сақта»*** ойыны. Тақтаға немесе плакатқа жазылған 10–12 сөз оқушылар назарына көрсетіледі. 2–3 минут өткеннен кейін тақтадағы сөздер өшіріледі. Оқушылар есінде қалған сөздерді дәптерлеріне жазу керек. Сөздерді дұрыс, нақты (10 сөз) жазған оқушы жеңеді.

***«Мамандықтар»*** ойыны. Ойын мазмұны: Power Point-та мамандықтар суреттері беріледі. Олар 3 топқа бөлінген. Ойыншы солардың бірін таңдау керек. Суреттер кезек — кезек шығып тұрады. Әр сурет шыққан соң, оқушы 3 секундтың ішінде оның кім екенін айту керек. 3 секундтан кейін суреттегі мамандықтың аты өздігінен шығады. Егер ойыншы мен суреттегі мамандықтың аты сәйкес келсе, ойыншыға бір ұпай жазылады. Осылайша көп ұпай жинаған ойыншыға сыйлық беріледі.

***«Көкпар»*** ойыны. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Ойынды алуға тырысатындай етіп, жарыс түрінде өткізу керек. Әр топтан бір — бір ойыншыдан шығып, «Қоржыннан» асық алып, нөмірі оқылып, сол нөмірдегі конверт ашылып, ішіндегі жұмбақ оқылады.

*Білім сайысы:*
1. Ең терең көл? (Байкал)
2. Ең ірі планета? (Юпитер)
3. Жылқы қанша жасайды? (30 жас)
4. Ұшпайтын ең үлкен құс? (страус)

*Жұмбақтар:*
Тілі жоқ, ақыл — кеңес береді. (Кітап)
Қолы, қаламы жоқ, бірақ сурет салады. (Аяз)

*Синонимдер:* Әр жолдан бір-біріне мағынасы жақын сөздерді тауып, астын сызыңыз.
1) Күн, сәуле, нұр, ай.
2) Шұғылдану, орналасу, ұсыну, айналысу.
3) Той, мереке, мейрам, жиналыс.

*Антонимдер:* Әр жолдан бір — біріне мағынасы қарама — қарсы сөздерді табыңыз.
1) Көлденең, ұзын, дөңгелек, қысқа.
2) Алыс, ерте, жіңішке, жақын.

*Артық сөзді тап:* Мағынасы жағынан сәйкес келмейтін артық сөзді тап.
1) Жылқы, сиыр, аю, қой.
2) Түлкі, қасқыр, түйе, жолбарыс.

***«Бір сөзбен айт»*** ойыны. Әр топқа 6 парақ беріледі. Парақтарға оқу құралдары, мамандықтар, жемістер, үй жануарлары, азық — түліктер, дене мүшелері, көкөністер, түстер, киімдер, отбасы мүшелері деген сөздер жазылған. Оқушы қолына тиген парақтағы сөзді оқып, сол сөзге қатысты бірнеше сөз айту керек.

*I топ*

Оқу құралдары — дәптер, өшіргіш, қалам, күнделік, сызғыш.

Пәндер — тарих, қазақ тілі, ағылшын тілі, дүниетану.

Мамандықтар — инженер, дәрігер, суретші, жазушы.

Азық-түліктер — қант, нан, айран, сүзбе, кәмпит.

*II топ*

Отбасы мүшелері — бауыр, әже, әке, ана, аға, ата, сіңлі.

Көкөністер — қызанақ, орамжапырақ, пияз, қияр.

Аңдар — қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, кірпі.

Киімдер — көйлек, жейде, шалбар, құлақшын.

Қазақ тілінде ойын элементтерін енгізудің маңызы зор. Ол оқушының шығармашылық қабілетін, сабақта белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын оятып, білімін молайта түсуіне әсерін тигізеді.

Қорыта келгенде, ойын арқылы оқушының қисынды ой — қабілеті дамиды, өздігінен жұмыс істеуге үйренеді, сөздік қоры байиды, тілі дамиды, зейіні қалыптасады, байқампаздығы артады, өзара сыйластыққа үйретеді, тәртіптілікке баулиды, бір-біріне сенімі артады, сабаққа қызығушылығы артады. Осылайша, ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді. Өз тәжірибемде ойын элементтерін қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиямен ұштастыра отырып, солардың нәтижесін оқушыларымның мынадай жетістіктерінен көріп жүрмін. Білім байқауында, олимпиадаларда, түрлі байқауларда жетістіктерге жетіп жүрген оқушыларым бар.

Алдағы уақытта да өз сабақтарымда ойын элементтерін қолдану арқылы оқушыға қазақ тілін терең меңгертуді, оқушы сауаттылығын арттыруды мақсат етемін.

## «ҮЗДІК САБАҚ»

# «Рухани жаңғыру» — тарих пен инновацияның сабақтастығы

***А.С.Бегманова,*** *Байторысай ЖОББМ*

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтіннің түрлерін анықтайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Мәтінді талдайды.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Негізгі ойды анықтайды. |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтіндерден тақырыпқа қатысты негізгі ақпаратты таба алады, қоғамдағы рухани өзгерулер жайлы айтады, мәтінді талдайды. |
| **Тілдік мақсаттар:** | **Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>көне жазба, белгісізді тану, рухани жаңғыру, бабалар сөзі.<br>**Диолог пен жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>Рухани жаңғыру, бүгінгі ғылым мен білім. |
| **Құндылықтарға баулу** | Еңбек және шығармашылық, ынтымақтастық, өмірбойы білім алу |
| **Алдыңғы білім** | Ғажайып планета туралы айтады, сипаттайды. Мұғалім жетекші сұрақтар қою арқылы оқушының бастапқы білімін анықтай алады. |

## Сабақ барысы

| Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер | Ресурстар |
|---|---|
| **Сабақтың басы** | |
| **Психологиялық ахуал қалыптастыру.** Психологиялық ахуал қалыптастыру. Мен «көңіл-күйді анықтау» тренингінің басында оқушыларға А4 парағы мен маркерлер таратамын. Оқушылар параққа маркермен өзінің көңіл күйін сипаттайтын смайлик салады.<br><br>**Қызығушылықты ояту.** Топтарға бөлу. «Ашықхат қиындылары» тәсілінің негізінде оқушыларға ашықхат қиындылары таратады. Оқушылар ашықхат қиындыларын құрастырып, бүтіндей сурет құрайды, сол арқылы топтарға бөлінеді.<br><br>*1-топ* — «Рухани жаңғыру»<br>*2-топ* — «Тарих пен инновация»<br><br>***Мәтіналды жұмыс.*** Мұғалім интерактив тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді таныстырады, аудармасын айтады, оқиды, оқушыларға қайталатады, сөздік дәптермен жұмыс жасатады.<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ жаңа сөздер үйренеді;<br>▪ сөздік жұмысын жүргізеді. | |

**Өткен тақырыпты пысықтау.** «Еркін микрофон» әдісі арқылы оқушылар өткен тақырып бойынша сұрақ қояды, тірек сөздердің көмегімен жаңа сабақты көтерілетін мәселені болжайды.
— Ғажайып планета жайлы не айтасыңдар?
— «Рухани жаңғыру» дегенімізді қалай түсінесіңдер?
— Қазіргі инновациялық жаңашылдықтар туралы не айтасыңдар?

**Дескриптор:**
- оқушы өткен тақырып бойынша білімдерін шыңдайды;
- білімін толықтырып, сын тұрғысынан ойлай алады;
- сұраққа толық жауап береді.

**ҚБ:** «Бас бармақ» тәсілі арқылы әр топ бір-бірінің жауаптарын бағалайды.

**Түсіндім Түсінбедім**
«Не қиын, не оңай?» әдісі бойынша түсініктерін толықтырады.
«Қызық суреттер» тәсілі. Суретке қарап, үйірме жұмысы туралы диалог құрады, ақынның ойын өз сөзімен айтады (1, 2-тапсырмалар).

**Дескриптор:**
- топтар ақын ойын дәйектеп айтады;
- диалог, полилогке түсіп, өз ойын жеткізе алады.

**ҚБ:** «Бас бармақ» тәсілі арқылы бағалау.
**Кері байланыс. «**Сұрақ ілмегі» әдісі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, білімін толықтырады.






**Сабақ ортасы**

**Жаңа сабақ. Мәтінмен жұмыс.**
Оқу мақсаттарына сай тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтайды, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты, көтерілетін мәселені болжайды сұрақ қояды. Әр топ мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды, сызбаға түсіреді (4, 5, 6, 7-тапсырмалар).

**Дескриптор:**
- негізгі ойды анықтайды;
- сұрақ қоя біледі;
- сөздердің мағынасын түсіндіреді;
- шынайы дәйектер келтіреді.

**ҚБ:** Мұғалім көңіл күй смайликтері арқылы бағалайды.
**Кері байланыс.** «Сұрақ ілмегі» әдісі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, білімін толықтырады.

**Мәтінсоңы жұмыс. 9-тапсырма.**
«Болжау» әдісі арқылы, жағдаяттық тапсырманы орындатады. оқушылар мектепте ашылатын «Шығарма талдау» үйірмесінде қандай туындыларды талдағылары келетінін айтады.

**Дескриптор:**
- үйірменің басты мақсатын анықтайды;
- өзара пікір алмасады;
- болжалдық сан есімдерді пайдаланады.

**ҚБ:** топбасшылар бір-бірінің жұмысын түрлі түсті желім қағаздар арқылы бағалайды.



| | |
|---|---|
| **Кері байланыс.**<br>«Аяқталмаған ой» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, жұпта туындаған жағдаятты тізбектейді.<br>Алдымен, біз «…» деп ойладық.<br>Кейін мынадай мәселе пайда болды: …<br><br>Мәселені шешу үшін … жасадық.<br>Бұдан біз … көрдік.<br>Демек, бұл … екенін білдіреді.<br>Сонымен, біз «…» деген қорытындыға келдік. | |
| **Бағалау. Сабақтың соңы** | |
| ***«Төрт сөйлем»*** тәсілі арқылы жаңа тақырып бойынша берілген ақпаратты талда.<br><br>*Пікір.* Оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.<br>*Дәлел.* Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.<br>*Мысал.* Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.<br>*Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды жаз.<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ ақпаратты талдайды;<br>▪ айтылған мәселені күнделікті өмірмен байланыстырады;<br>▪ өз ойын қорытады.<br>**ҚБ:** бір-бірінің жұмысын түрлі түсті желім қағаздар арқылы бағалайды.<br>**Кері байланыс.** Тапсырманы орындау барысында қандай қиындықтар болды?<br><br>**Үйге тапсырма:** 8-тапсырма шарты, қалай орындау керектігі айтылады, түсіндіріледі. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Қосымша ақпарат**: желі матералдары, журналдар | | |
| **Сабақ бойынша рефлексия.**<br>Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен берілгенуақытішінде үлгердімбе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | | |
| **Саралау**<br>— Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>— Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | **Бағалау**<br>— Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыс**<br>— Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс.<br><br>**Құндылықтармен байланыс** (тәрбие элементі). |

# Мәтін және оның түрлері

***А.Е.Бердигожина,*** *Есенберлин атындағы, №15 орта мектептің, бастауыш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:** | 2.1.2.1 — мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау<br>2.3.4.1 — мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер құрастыру<br>2.3.1.1 — мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Мәтіннің түрлерін біледі.<br>**Оқушылардың көпшілігі:** Сұрақтың мазмұнына сәйкес мәтін түрлерін ажыратады, мәтін құрастырады.<br>**Кейбір оқушылар:** Алған ақпарат негізінде өз пікірін білдіреді және тиімді сұрақтар қояды. Сызбаның көмегімен әңгімелеу мәтінін құрастырады |
| **Жетістік критерийлері** | Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды<br>Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады |
| **Құндылықтарды дарыту** | «Мәтіндер тізбегі» әдісі арқылы — құрмет, ынтымақтастық,<br>«Желпуіш» әдісі арқылы — ашықтық құндылықтары. |
| **Пәнаралық байланыстар:** | Дүниетану — құмырадағы гүлді сипаттау мәтіні кезінде, көркем еңбек — пайымдау мәтініне сынып бөлмесін салып, бояу кезінде. |
| **АКТ қолдану дағдылары:** | Интербелсенді тақтадан «Сипаттау мәтіні» атты бейнебаян https://youtube/DUn9WY_EVP0 көрсету арқылы мәтін түрелерін ажыратады |
| **Бастапқы білім** | Мәтін түрлерін ажыратады және олардың құрылымдылық бөліктерін біледі |

## Сабақ барысы

<table>
<tr><th>Сабақтағы жоспарланған іс–әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><th colspan="2">Сабақтың басы</th></tr>
<tr><td>

**0–5 мин. Зейінін шоғырландыру.**

**«Бұл кім?» әдісі** (сыныптағы әдейі дайындалған бір оқушыны)

**Постер құрастыру.** Оқушылар өтілген тақырыптар бойынша постер құрастырады.

Бүгін біз мәтін және оның түрлерімен, оларға қойылатын сұрақтармен танысамыз.
Алдымен 3 топқа бөлінейік.




</td><td>

Оқушы

Плакат, маркер

</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **5–7 мин. Оқушыларды 3 топқа бөлемін:**<br>1. Жасыл түсті кітап — әңгімелеу тобы<br>2. Сары түсті кітап — сипаттау тобы<br>3. Қызыл түсті кітап — пайымдау тобы<br><br>Сабақ барысында жақсы қатысып, пайымдау мәтініне сурет салып, мәтін құрастырған оқушыларға — энциклопедия оқулықтарын, сипаттау мәтінін құрастырған оқушыларға — ертегі кітабын, әңгімелеу мәтінін құрастырған оқушыларға — жұмбақ кітабы таратылады | Кітап суреті бар фишкалар<br><br>Энциклопедия, ертегі, жұмбақ кітаптар |
| **Сабақтың ортасы** | |
| **5–7 мин. МК.** Интербелсенді тақтадан «Сипаттау мәтіні» атты бейнебаян көрсетіледі.<br><br>**7–9 мин. Тыңдалым (үнтаспа).** Мәтін түрін анықта.<br>Мектеп ережесін бұзуға болмайды. Себебі мектепте тәртіп болу керек. Мектеп ережесін сақтау арқылы мектеп оқушылары тәрбиелі болуға үйренеді. Ережені сақтау — әр оқушының міндеті.<br>Бұл мәтіннің қай түріне жатады?<br>Мәтін не туралы?<br>Сұрағы (Неліктен?)<br><br>**9–14 мин. (Ұ) «Айырмашлығы неде?»** әдісі көмегімен оқушылар суреттерде бейнеленген құмырадағы гүлді мазмұнына лайық мәтіндерді таңдап алып, болған оқиғаның ретін көрсетіп тұрған қимылды білдіретін сөздерді атайды.<br><br>  <br><br>**Не істеді?** Сынып оқушылары терезе алдындағы гүлдің топырағын қопсытады. Оған уақытылы су құйып тұрады.<br>**Қандай?** Құмырадағы гүл өте әдемі. Оның қып-қызыл гүлдері көздің жауын алады. Хош иісті гүлдері мұрныңды жарады.<br>**Неліктен?** Айболға мұғалім ескерту жасады.<br>Өйткені ол гүлді жұлып алып, мұғалімге ұсынған еді.<br><br>**14–19 мин. Орташа қолдауды қажет етеін оқушыларға:**<br>Ұялы телефонды сипаттап, дәптерге жазады.<br><br>**Мәтін түрлері:**<br>Мәтін түрлері<br>Әңгімелеу мәтіні (не істеді?)<br>Сипаттау мәтіні (қандай?)<br>Пайымдау мәтіні (неліктен?) | https://youtu.be/DUn9WY_EVP0<br><br>үнтаспа<br><br>Суреттер 80-беттегі, 17-жаттығу<br><br>Сызба |

<table>
<tr><td>

**Тұжырым:**<br>
Бірінен кейін бірі болатын әрекет, оқиға баяндалатын, хабарланатын мәтін әңгімелеу мәтіні деп аталады. Әңгімелеу мәтініне не болды? не істеді? сұрақтары қойылады.<br>
Заттың немесе құбылыстың сын-сипаты берілген мәтін сипаттау мәтіні деп аталады. Сипаттау мәтініне қандай? сұрағы қойылады.<br>
Мәтінде түсіндіруді, дәлелдеуді қажет ететін ой пайымдау мәтінін деп аталады.<br>
Пайымдау мітіні 3 бөліктен құралады. неліктен? сұрағы қойылады.<br><br>
**19–24 мин. Топтық жұмыс.**<br>
**«Суреттер: не болды?» әдісі арқылы**<br>
«Біздің сынып» тақырыбында әңгімелеу, сипаттау мәтіндерін құрастыру<br><br>
**1 топ:**<br>
<br>
Сурет бойынша әңгімелеу мәтінін құрастыр.<br><br>
**2 топ:**<br>
<br>
Сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыра отыру<br><br>
**3 топ:**<br>
<br>
Пайымдау мәтініне сурет сала отыра, сызбаны пайдаланып, мәтін құрастырып жаз.<br><br>
<br>
<br><br>
**Барынша қолдауды қажет етеін оқушыларға:**<br>
«Менің мектебім» тақырыпта сурет салып, әңгімелейді.

</td><td>

Суреттер<br>
82-беттегі,<br>
18-жаттығу

</td></tr>
<tr><td>

**24–29 мин.** Ширату жаттығуы. «Мәтіндер тізбегі» әдісі.<br>
Әр топ ортаға шығып, 3 тізбекке тұрады. Топ атауы бойынша:<br>
*«Әңгімелеу» тобына* — не болды? не істеді? сұрағына жауап беретін сөздер мен сөйлемдер құра отырып, мәтін құрастырады.<br>
*«Сипаттау» тобына* — қандай? сұрағына жауап беретін сөздер мен сөйлемдер құра отырып, мәтін құрастырады<br>
*«Пайымдау» тобына* — неліктен? сұрағына жауап беретін сөздер мен сөйлемдер құра отырып, мәтін құрастырады<br><br>
**Аз қолдауды қажет ететін оқушыларға:**<br>
<br>
<br>
Сызбаның көмегімен әңгімелеу мәтінін құрастыр.

</td><td>

Сурет,<br>
маркер, А4<br><br>
Ұялы телефон<br><br>
Сызба

</td></tr>
</table>

**29–33 мин. ҚБ**
**Тапсырма.**
Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін сұрақты белгіле (Р).

| | | |
|---|---|---|
| Абай жазда ауылына келіп демалатын. Әжесі ертегі, жырларды Зере ертегі, батырлар жырын көп білетін. Абай тыңдайтын. Анасы Ұлжан да әңгімешіл еді | Абай өзінің демалысын осындай игі істермен өткізетін. | Абай жас кезінде ертегі, жырларды тыңдағанды жақсы көретін еді. Әкесі Құнанбай оны Омбы оны қаласына оқуға жіберді. |
| | | |

ҚАНДАЙ? НЕ ІСТЕДІ? НЕЛІКТЕН?

Сұрақтың көмегімен мәтіннің түрін анықта ...........................................................................................

| Бағалау критерийі | Дескриптор |
|---|---|
| 1. Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды | ▪ мәтінді дұрыс құрап оқиды;<br>▪ мәтіннің түрін анықтайтын сұрақты белгілейді;<br>▪ мәтіннің түрін анықтайды. |

**Сабақтың соңы. Рефлексия**

**«Желпуіш» әдісі.** Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.



**Кері байланыс:** *«Блум түймедағы»*
Блум түймедағының 6 күлтесі — сұрақтар типінің 6 түрі.
Энциклопедия, ертегі, жұмбақтар жинағының санына қарай оқушылар бағаланады.




| Саралау — оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау — оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
|---|---|---|
| **Барынша қолдау:**<br>«Менің мектебім» тақырыпта сурет салып, әңгімелейді.<br><br>**Орташа қолдау:**<br>Ұялы телефонды сипаттап, дәптерге жазады.<br><br>**Аз қолдау:**<br>Сызбаның көмегімен әңгімелеу мәтінін құрастыр. | Сабақ барысында жақсы қатысып, пайымдау мәтініне сурет салып, мәтін құрастырған оқушыларға — энциклопедия оқулықтарын, сипаттау мәтінін құрастырған оқушыларға — ертегі кітабын, әңгімелеу мәтінін құрастырған оқушыларға — жұмбақ кітабын беремін.<br><br>**Кері байланыс:** *«Блум түймедағы»* Блум түймедағының 6 күлтесі — сұрақтар типінің 6 түрі.<br>Энциклопедия, ертегі, жұмбақтар жинағының санына қарай оқушылар бағаланады. | Уақытында слайдты пайдалану, оқушылардың партада отыруда гигиеналық талаптардың орындалуын, ширату жаттығуларын өткізу арқылы сақталады. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия** | Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес жүргізілді. Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жетізді. Жоспарланған сабақ құрылымы уақытқа сәйкес сәтті ұйымдастырылды. Саралау жұмысын дұрыс жоспаралағанмын. Уақыт кезеңдері сақталды. Сабақ барысында ауытқулар болмады |
| **Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі(оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?** | Жаңа ұғымды түсіну мақсатында «Айырмашылығы неде?» әдісі арқылы оқушылар жаңа ұғымды ашуда ұжымдық жұмыстар сәтті өтті. «Мәтіндер тізбегі» әдісі тапсырмаларды саралау арқылы сыни ойлауын дамыту мақсатындағы топтық жұмыстар сәтті өтті. |
| **Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады(оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?** | «Айырмашылығы неде?», «Бұл кім?», «Суреттер: не болды?», «Желпуіш», «Блум түймедағы» әдістері, АКТ-ның қолданылуы, ресурстар, ширату жаттығулары сабақты жақсартуа ықпалын тигізді. |
| **Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | Сабақ барысында мақсатқа сәйкес күтілетін нәтижеге жету барысындағы тапсырмаларды орындаудағы жетістіктері мен қиындықтарын анықтадым. Белсенді оқыту тәсілдерін пайдаланып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жұмыстануды жоспарлаймын. Тренер мен әріптестердің пікірінше әдіс-тәсілдерді жаңаша құрастыру, |

# Шона Смаханұлы. «Тәкаппар»

***Р.Б.Бисенова,*** *Петропавл орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | **2.1.2.1*** — шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау<br>**Сабақтың мақсаты:** Мәтінді өз сөзінен түсінгенін баяндай алады.<br>**Бағалау критерий:** Оқушылар тыңдай отырып, әңгімелей алады. Кейіпкердіңролін ажыратады.<br>Шығармады кейіпкерлерді салыстырып сипаттай алады. |

## Сабақ барысы

| Педагогтің әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | | |
| **Жаңа топ құру**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>**Суда өседі, өнеді**<br>**Сыртқа шықса өледі**<br>**Осы үш балықтың біреуін таңдаңдар дәл қазір көңіл күйлерің қандай?**<br> | **ҚБ:** От шашу арқылы бірбірін бағалау. | Психологиялық ахуал. |

| | | |
|---|---|---|
| **Жұмыс ережесін келісу**<br>▪ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>▪ Уақытты үнемдейміз!<br>▪ Нақты, дәл жауап береміз!<br>▪ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>▪ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br><br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)**<br>Даңғой деген не? Даңғой мысалынан не түсіндіңдер? | | Алдыңғы білімді еске түсі-рутапсыр-малары. |
| **Сабақтың ортасы** | | |
| **Ширату тапсырмасы.**<br>**Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)**<br>Мысалды түсініп оқы.<br>**ТӘКАППАР**<br>**(Мысал)**<br>— Жөнімді өзім білем, — деп, –<br>Сусыз-ақ өмір сүрем, — деп,<br>Құрлықты балық мақтапты,<br>Теңізін туған даттапты.<br><br>Бір күні күшті жел тұрып,<br>Тулады теңіз жұлқынып.<br>Тәкаппар әлгі балықты<br>Құшаққа құрлық алыпты.<br><br>Жел кептіріп денесін,<br>Күн құрғатып өңешін,<br>Желбезегі желпілдеп,<br>Ыршыды көкке селкілдеп.<br><br>Құрлық судай болмады,<br>Жан қояр жер қалмады.<br>Аузын ашып су тілеп,<br>Жылапты зарлап уһілеп:<br><br>— Мөлдір суым, мекенім,<br>Енді қайтсем жетемін?!<br>Қадіріңді білмедім,<br>Неге шалқып жүрмедім?! —<br><br>…Тыңдамап еді ешкімді,<br>Қателігін кеш білді.<br><br>**Шона Смаханұлы**<br><br>1. Мысалдан балықтың бірінші сөзін тауып оқы.<br>2. Балықтың жағдайы мен мінезі қандай күйде болды?<br>3. Мысалдағы қорытынды ой не? Ол қай жолдарда берілген?<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>▪ шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>▪ берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады..<br><br>**ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.**<br>**Балықтың адам кейпінде көріп қандай кеңес берер едің?**<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ Өз ойын толық жеткізе алады<br>▪ Балыққа кеңес бере алады<br>▪ Оқушылар өз ойын толық жеткізеді.<br><br>**Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау** | Формативті бағалау.<br><br>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. | Оқылым, жазылым тапсыр-малары. |

| Сабақтың соңы | | |
|---|---|---|
| **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Топтық жұмыс.**<br>**Ой толғау. Балыққа хат жаз. Венн-диаграммасы.**<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ Екі тақырыптың айырмашылығын таба алады.<br>▪ Ұссастығын таба алады.<br>**Қорытынды жасай алады** | Кестені толтыр.<br> | Топтық тапсыр-малар. |
| **Кері байланыс** | | |
| **Бақдаршам» кері байланыс.**<br>▪ Қызыл түсіндім<br>▪ Сары Көмек қажет<br>▪ Жасыл Маған бірі түсінікті | Сабақтан алған әсерлерін сти-керге жазып, су-ретін жібереді. | Кері байланыс тақтай шасы. |

# Иллюзия өнері

***Т.Ж.Демегенов,*** *Байторысай орта мектебі, Мәртөк ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты** | 5. Т/А2. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру.<br>5. ӘТН4.4. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу. |
| **Ойлау дағдылары** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп,<br>мәтінде көтерілген мәселені анықтайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>өзіндік пікір білдіріп, өмірмен байланыстырады. |
| **Бағалау критерийлері** | Әлеуметтік-мәдени тақырыпқа байланысты монологтегі көтерілген мәселені түсінеді.<br>Сан есімнің мағыналық түрлерін анықтайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Тақырыпқа қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Иллюзия, алдамшы көрініс, антикалық дәуір, автокинетикалық қозғалыс, стробоскопиялық қозғалыс.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Өнер дегенді қалай түсінесің?<br>Қандай түрлерін білесің?<br>Иллюзия өнері жайлы не білесің? |
| **Құндылықтарға баулу** | Сыни тұрғыдан ойлау |

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Математика және өзін-өзі тану пәндерімен байланыс жүргізіледі. Иллюзия өнері мәселелері өзін-өзі тану пәнімен байланысса, мәтіннен сан есімдерді табу арқылы математика пәнімен байланыстырылады. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыра алады. |

## Сабақ барысы

<table>
<tr><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><th colspan="2">Сабақтың басы</th></tr>
<tr><td>

**Оқушылардың назары сабаққа аударылады (3 минут).**
Оқушыларға суреттер топтамасы беріледі.
Сол арқылы сабақтың тақырыбын ашылады.
**Бүгінгі сабақтың тақырыбы: Иллюзия өнері**
**Бүгінгі сабақтың мақсаты:** Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру.
Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу.

**Тыңдалым алдындағы тапсырма (3 минут).**
Оқушыларға талқылау сұрақтары ұсынылады.
Өнер дегенді қалай түсінесің?
Қандай түрлерін білесің?
Иллюзия өнері жайлы не білесің?

**Ендеше, мына бейнежазбаға назар аударыңыздар (3 минут)**
**Сан есім туралы түсінік мұғалім тарапынан жүргізіледі (7 минут).**
Сан есім — заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сұрақтары — Қанша? Неше?

| | |
|---|---|
| **Есептік** | **Бір, екі** |
| **Реттік** | **Бірінші, екінші** |
| **Жинақтық** | **Біреу, екеу** |
| **Топтау** | **Бірден, екі-екіден** |
| **Бөлшектік** | **Бір жарым, екіден бір** |
| **Болжалдық** | **Бірге жуық, екідей** |

Монолог — кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі.
**Оқушылар аудиожазба тыңдайды (2 минут).**

</td><td>







Оқулық

</td></tr>
<tr><th colspan="2">Сабақтың ортасы</th></tr>
<tr><td>

**Тыңдалым кезіндегі тапсырма (10 минут).**
**ТЖ.** 1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, кестені толтырыңдар.

| | |
|---|---|
| Иллюзия сөзі қай тілден енген? | |
| Мәтінде көрініс иллюзиясына байланысты қандай Алдамшы көріністер кездеседі? | |
| Иллюзия өнері жайлы қандай антикалық дәуір авторларынан кездестіруге болады? | |

</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>
<table>
<tr><td>Қимыл-қозғалыста қандай алдамшы көріністер көп кездеседі?</td><td></td></tr>
<tr><td>Алдамшы көріністер туғызу қай уақытта жиі қолданылады?</td><td></td></tr>
</table>
Топтар бір-біріне кері байланыс береді (5 минут).<br>
ЖЖ. 2-тапсырма. Сан есім қатысқан сөйлемдерді теріп жазып, мағынасына қарай ажыратыңдар.<br><br>
Дескрипторлар:<br>
1. 3 сөйлем жазады<br>
2. сан есімнің мағыналық түрін ажыратады<br><br>
ҚБ.Жұптар бірін-бірі бағалайды (7 минут)<br>
Ж.Тыңдалымнан кейінгі тапсырма<br>
«Бір сөйлеммен түйінде» тәсілі арқылы<br>
өздерінің ойланып тұжырымдайды<br>
Жұпта отырған оқушылар бір-біріне кері байланыс жүргізеді.
</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2" align="center">Сабақтың соңы</td></tr>
<tr><td>
Оқушының рефлексиясы. «Бес саусақ» әдісі (5 минут)
<ul>
<li>Шынашақ — ойлау үрдісі:<br>Мен бүгін қандай білім алдым? Нені үйрендім?</li>
<li>Атыжоқ саусақ — мақсатқа жету:<br>Бүгін мен не істедім, неге қолымды жеткіздім?</li>
<li>Орташа саусақ — рухани жағдай:<br>Мен қандай көңіл-күйде болдым?</li>
<li>Сұқ саусақ — көмек, қызмет:<br>Мен бүгін кімге көмектесе алдым, кімді қуанттым?</li>
<li>Үлкен саусақ — сергектік, дене жағдайы:<br>Бүгін менің жағдайым қандай болды?<br>Көңіл-күйімді қалай жақсарттым?</li>
</ul>
</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Саралау.<br>Бұл сабақта «Бір сөйлеммен түйінде» тәсілі кезінде кейбір оқушыларға иллюзия өнеріне қатысты тірек сөздер (сиқыр, адастыру, алдау, фокус, фокусшы) беру арқылы қолдау көрсетіледі.</td><td>Бағалау.<br>Қалыптастырушы бағалау</td><td>Пәнаралық байланыс.<br>Өзін-өзі тану, математика, сызу</td></tr>
<tr><td>Рефлексия
<ul>
<li>Сабақ мақсаттары / оқу мақсаттары қолжетімді ма?</li>
<li>Оқушылар бүгін не үйренді?</li>
<li>Сабақтағы ахуал қандай болды?</li>
<li>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?</li>
<li>Уақыт есебінен ауытқу болды ма?</li>
<li>Жоспарға қандай өзгеріс енгізілді?</li>
</ul></td><td colspan="2" rowspan="2">Ж бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</td></tr>
<tr><td>Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз. Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.</td></tr>
</table>

# «Шындықтан туған шын поэзия» атты поэзия кеші

***Л.Т.Ержанова,*** *Ақтөбе облысы, Алға ауданы, №4 Алға орта мектебінің бастауыш класс мұғалімі*

## Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** ғасырлар тоғысында ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті берік қалыптастыру.

**Дамытушылық:** Оқушының сөз мәдениеті дұрыс меңгеріп, жырларды мәнерлеп оқуға, өлеңді өміріне серік еткен ақынға еліктеп ақынжанды болып өсуіне кең жол ашу, рухани танымын кеңейту.

**Тәрбиелік:** Туған халқының талантты ақынына, әдебиетіне, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, ақынның суреті, өмірбаяны, естеліктері бейнеленген слайдтар, буклет.

**Пәнаралық байланыс:** Тарих, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка

**Сабақтың барысы:** Ұйымдастыру кезеңі.

- **І-бөлім Зерттеу** «Ақынның жұмбақ әлемі» (Ақынның өмірбаяны)
- **ІІ-бөлім** «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» (Мәнерлеп оқу)
- **ІІІ-бөлім** «Ақын — халықтың жүрегінде» (Нақыл сөздер)
- **ІV-бөлім** «Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап» (Арнау өлеңдер)

## Сабақты бекіту

*«Ғажайып даналықтың бір көзі — Мұқағали поэзиясы. Бізде енді поэзия дәуірі басталды»* ***(Ә.Тәжібаев)***
*«Мұқағали поэзиясы — таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия»* ***(Ф.Оңғарсынова).***

**Мұғалім:** Бүгін қазақтың ақиық ақыны, сонымен қатар қазақтың қара өлеңіне шекпен жауып қайтарған абыз, қарапайым да жұмбақ тағдыр иесі Мұқағали Мақатаев 90 жасқа толды. Мұқағали — XX ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі.

Оның поэзиясы-өзі өмір сүрген дәуірдің шындығы. Мұқағалидың өмірде бағы мен соры қатар жүрген ақын. Ақынның бағы-оның өлмес жыры, ойлаумен өлең өрудің теңдесі жоқ классикалық әлемдік биігіне көтерілгені, өтірік өлең жаза алмағаны. Ал соры-өз қоғамына, өз ортасына сыймай қасірет кешкені, тапқан-таянғаны өз отбасына жетпей өмірінің қиыншылықпен өткені, өлмес, теңдесіз жырды замандастарының дер кезінде бағалай қоймағаны. Бағаласын-бағаламасын, танысын-танымасын өзіне, өзінің қайталанбас ақындық тағдырына іштей қалай сенсе, ол өз жырының ертеңіне, әр өлеңінің болашағына, туған халқының жасампаздығына солай сенген.

Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлар мен кең тынысты, көркем дастандар-сөз жоқ, сол Сенімнің жемісі.

Бүгінгі поэзия кешіміз… *«Алтынға мейлі толмай-ақ қойсын сандығым, Ырзамын саған, Ырзамын саған тағдырым!»* — деп, өз тағдырына ырза болып кеткен ғасыр ақыны атанған М.Мақатаевтың шығармашылығына арналады.

**Ерсұлтан:** Қайырлы кеш, ұлағатты ұстаздар, қымбатты қонақтар, озық ойлы оқушылар!

*«Ақынмын деп мен қалай айта аламын,*
*Халқымың өзі айтқанын қайталадым.*
*Күпі киген қазақтың қара өлеңін,*
*Шекпен жауып өзіне қайтарамын»,*

— деп жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен, қалың көпшіліктің махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған поэзия кешіне қош келдіңіздер.

**Жарқынай:** «Ақынның жұмбақ әлемі» Мәнжазба (Ақынның өмірбаяны) Мұқағали Мақатаев 9 ақпанда 1931 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданындағы Қарасаз ауданында дүниеге келген. Азан шақырып қойылған аты — Мұхамметқали. Әкесі қарапайым шаруашы, сушы, шалғышы болып жұмыс істеген. Мұқағали үйдің тұңғышы болған, оның артынан 1 қыз және 3 ұл туылған. Ақынның балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады. Болашақ ақын 10 жасында майданда жүрген әкесін сағынып, өлең шығарады.

*Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,*
*Судағы жаңа біткен жалбыз еді.*
*Мінеки, он ай болды хабары жоқ,*
*Біздағы әкемізге зармыз енді.*

Бұл өлең асқар таудай қорғаны болған әкеге деген жас жүректің өшпес, ыстық сағынышы болатын. Дарабоз ақын жыр табалдырығын осылайша аттаған еді.

**Ақтоты:** Мұқағалидың өлеңдері шын шабыттан, қиын күйзеліспен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақын «Өткенде ғажап түс көрдім. Шешем Нағиман Батанқызы басында ақ жаулығы бар, Абай атамыздың қасында қуана болып, маған қарай келе жатыр екен. Ояна келсем түсім екен. Анам бақытты болады екен деп, ұзақ толғаныстан соң «Шеше, сен бақыттысың» деген өлең жолдары дүниеге келді» деп айтқан екен.

**Жазира:**

*«ШЕШЕ СЕН БАҚЫТТЫСЫҢ»*
*Шеше,*
*Сен бақыттысың!*
*Жыламағын.*
*Жай түсіп жатқанда да құламадың.*
*Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,*
*Сондықтан жыламағын, жыламағын!*
*Бармын ғой,*
*Тірімін ғой,*
*Қасыңдамын.*
*Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын!*
*Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағын,*
*Байырғы берекеңді қашырмағын!*
*Мен сенің қаныққпын ғой көз жасыңа,*
*Өзім кепіл тот басып тозбасыма.*
*Екі жыр жазсам саған бірін арнап,*
*«Шеше» деп жаздым ылғи сөз басына.*
*Аспанға жазам сенің есіміңді!!!*
*Шеше!*
*Сен бақыттысың, тербете бер,*
*Құба талдаи иілген бесігімді…*

***«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін»***
Мәнерлеп оқу.

**Мұғалім:** Мұқағалидың өлеңдерінің тақырыбы Отан, туған жер, махаббат, достық жайлы болса, келесі бір тобына поэзия, өзі туралы өлеңдерін, емхана, тағдыр, өмір мен өлім туралы өлеңдерін топтастыруға болады. Міне, осындай өмірін өлеңге, өлеңін мәңгілік өнерге айналдырған дара талант иесінің шығармалары азаматтық, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді арқау ете отырып, адамдарды адалдыққа, сезім тазалығына, адамгершілікке, туған жерді қастерлеуге шақырады. Қазақ халқының бір ғана Абайы болса, Мұқағали да жалғыз. Сол шындықты шын жүректен түсінсек тек қана тарлан талант, жыр жампозы Мақатаев ұлт мақтанышы. Құдіретті ақынға көзі тірісінде көрсетілмеген құрметтің, берілмеген сый-сияпаттың орнын толтырудың бір жолы, бір жөнібар… ол ақынның қисапсыз рухани қазынасын қлт игілігіне асырып, халық арасында кеңінен насихаттау деп түсінеміз.

*Өлеңнің құдіреті сізде екенін,*
*Білдім мен көңіл-құсқа іздетемін.*
*Артымда өнер қуған өрендер бар,*
*Деп артып кеткендейсің бізге сенім*
*Жырыңмен кеттің елді сусындатып,*
*Әр жанға ойлы өлеңнен жыр тыңдатып.*
*Сусындап жырларыңмен бүгін, міне*
*Бүкіл жас жатқа оқиды сусылдатып.*

**Сағыныш:** «Өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақында өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ. Қатарымызда, күнбе-күн қасымызда, әне, ол мұзбалақ қыранша дүр сілкініп, бүкіл залды тебірентіп, жазық маңдайы жарқырап, жарқылдап жыр оқып тұр».

*«ҮШ БАҚЫТЫМ»*
*Ең бірінші бақытым — Халқым менің,*
*Соған берем ойымның алтын кенін.*
*Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,*
*Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.*

*Ал екінші бақытым — Тілім менің,*
*Тас жүректі тіліммен тілімдедім.*
*Кей — кейде дүниеден түңілсем де,*
*Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

*Бақытым бар үшінші — Отан деген,*
*Құдай деген кім десе, Отан дер ем!*
*… Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?*
*Ойланбай — ақ кел дағы от ал менен.*

*Үш бірдей бақытым бар алақанда,*
*(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)*
*Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,*
*Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!*

**Айдос-Жандос:**

*«СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ»*
*…Құс та болғым келмейді!*
*Қанатым бар..*
*Қанатым бар күмістен жаратылған.*
*Сәби болғым келеді, сәби болғым,*
*Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған.*
*От та болғым келмейді!*
*Жылуым бар.*
*Жылуым бар, керекпе жылыныңдар.*
*Әлди болғым келеді, әлди болғым -*
*Күн сәулесі ойнақтап тұлымында,*
*Отыратын анасы құлынымдеп.*
*Қанаттанып өмірге ұшарымда,*
*Кесілмесін бәрібір тұсауым да.*
*Сәби болғым келеді, сәби болғым,*
*Сәбиі жоқ Ананың құшағында.*
*Тар бесігі — кең жаһан тарылмаған,*
*Біреуге бар, біреуге табылмаған.-*
*Сәби болғым келеді, сәби болғым,*
*Ана сүті аузынан арылмаған.*

**Арсен:**

*«ҚАРА ӨЛЕҢ»*
*Қалқам,*
*Мен Лермонтов, Пушкин де емес,*
*Есенинмін демедім ешкімге мен,*
*Қазақтың қара өлеңі — құдіретім,*
*Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.*
*Жат жерді жастанғанда жазатайым,*
*Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.*

*… Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,*
*Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.*
*Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,*
*Аңызыма неге нәр тамызбайын.*
*Қара өлеңі қазақтың қаза болса,*
*Қара көзден неге қан ағызбайын.*

**Томирис:** Мұқағали — біздің заманымыздың ғажайып ақыны. Ақынның өзі «Кімде-кім шынымен менің өткен өмірімді білмек, зерттемек болса, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпасын. Мені өз өлеңдерімен бөліп қарамауларыңызды өтінемін» — деген екен.

**Ақын жүрегі сезімтал ғой. Көзі тірісінде «Жазылар естеліктер мен туралы» деп аз ғұмырының мәңгіліктеп жалғасатынын дөп басып айтуы көрегенділік. Иә, уақыт өткен сайын Мұқағали ақынның тұлғасы дараланып, биіктеп бара жатқаны ақиқат. Оның поэзиясы — халық байлығы.**

**Сүндет:** «Өмір жайлы жыр»
**Қайрат:** «Үш бақытым»
**Нұрдаулет:** «Бабаларым, рахмет сендерге»
**Манас:** «Әйелдер-ай»
**Дулат:** «Түйсік»

***«Ақын — халықтың жүрегінде»***
*(Нақыл сөздер)*

**Ақынның өлең жолдары нақыл сөзге айналды!**
*«Адамды адам түсінбеу бір ақырет».*
*«Сағынышқа жаралған ғашық адам».*
*«Алалықты айбалта қып ұстаған,*
*Бұл өмірде әзәзілдің бары анық».*
*«Айтсын деп ақиқатты тіл берілген».*
*«Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,*
*Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім».*
*«Ақынның атақтығы атында емес,*
*Ақынның атақтығы арда ғана».*
*«Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап»* арнау өлеңдер.

**Мұғалім:** Мұқағали Мақатаев — бүгінде бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген сүйікті ақыны. Ақын жүрегін жарып шыққан ойлы жырлар кім-кімнің де көңіл пернесін дөп басып, жанына майдай жағып, сыр бөлісуге шақырып тұруы қандай ғажап!

«Мен бір нәрсеге — поэзияның тіршілікпен бірге, яғни адаммен, табиғатпен бірге өлетініне — кәміл сенемін. Адамзат жаны қатыгез тартса тарта берсін. Қайтсе де бір парасатты адам қалады. Ол — ақын. Ақырғы сөз сенікі», — деп өзі күнделігінде жазғандай Мұқағали поэзиясы өмірмен бірге жасасып келеді.

Ақын жырларын оқи отырып әркім одан өзінің бүгіні мен өткенін, келешегі мен арманын көреді. Көреді де содан сабақ алады. Ақын ағамызға жыр арнаймыз! Жас толқынға сөз береміз!

**Инкар:** Мұқағали атамызға арнау!

*МҰҚАҒАЛИГЕ АРНАУ*
*Ағамыз жастайынан ақын болған,*
*Мұқағали ардақты да, атақты жан.*
*Құрметтеп елдің бәрі ағамыз деп,*
*Болапмын артынан қуар ақын оған.*

*Оқығалы келемін естіп жырын,*
*Балалармен оқимыз өлең— мұңын.*
*Мұқағали есімін ұмытпайық,*
*Поэзияға із салған ұлы ақынын.*

**Нұрсұлтан:**

*МҰҚАҒАЛИ АТАМА*
*Бас иіп поэзия иесіне,*
*Таласып оқимыз ақынның өлеңіне.*
*Талай қуат қостың қуаныш егесіне,*
*Талай үлес қостың өмір үлесіне.*
*Сыңарың қалды поэзия жазылмаған,*
*Сырларың қалды көңілде айтылмаған.*
*Дәптерің қалды парағы аудармаған,*
*Өмірің қалды артыңда жалғаспаған.*

**Мұғалім:** Туған халқының арман-мақсатын терең түсінген, толғай жазған, сөйтіп, жанының жаршысы болған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың екінші өмірі — мәңгілік ғұмыры енді басталып отыр. Өлмес өнері — өлеңмен жалпақ елінің жүрегіне жол тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ұлы перзентінің ұрпаққа ұран болған жырларын елі де ешқашан есінен шығармасы анық.

Ақынның өміршіл өлеңі, артында қалған асыл мұрасы өмірдегі қандай сыйға болса да лайық дейміз

*Өмір жайлы, өзің жайлы, ел жайлы,*
*Әлі талай келер ұрпақ толғайды.*
*Туған күні тойланған шын ақынның,*
*Өлген күні болған емес болмайды!*

# Kazakh traditional food

***K.A.Zhumabayeva,*** *Martuk school-gymnasium №2*

| | |
|---|---|
| **Learning objectives(s) that this lesson is contributing to** | **8.3.7.1(8. S7)** Use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics<br>**UE** Use a growing variety of compound adjectives as comparative structure including not as… as/ much… than to dedicate degree familiar general and curricular topics. |
| **Lesson objectives** | **All learners will be able to:**<br>▪ Pronounce and name Kazakh traditional food.<br>▪ Recognize and use vocabulary for food<br><br>**Most learners will be able to:**<br>▪ Do exercises with comparative structure<br><br>**Some learners will be able to:**<br>▪ Talk about given topics using appropriate syntax and topic related vocabulary arranging words and phrases into well-formed sentences |
| **Cross curricular links** | Knowledge of the different cuisine. |
| **ICT skills** | PPT, flashcards, miniboards |
| **Previous learning** | Previously learned vocabulary on the topic «My favourite food» |

## Plan of the lesson

<table>
<tr><th>Time</th><th>Planned activities</th><th>Resources</th></tr>
<tr><td>Beginning</td><td>
The lesson greeting. The teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson.<br>
Warm up. Look at the board.<br>
— What do you see?<br>
— Can you name the food?<br>
Teacher shows slide where students can see different types of the traditional food and their definition in English.<br>
Beshbarmak is a combination of cooked horse meat, mutton, and beef.<br>
Kazy is seasoned with garlic, pepper, and salt.<br>
Kuyrdak is made of chopped horse meat, mutton, beef, heart, liver boiled in oil.<br>
Shelpek is a flatbread traditionally prepared on Fridays.<br>
Baursak is a fried bread consisting of flour, milk, salt, sugar, eggs, and butter.<br>
The process of pressing fermented milk makes Kurt.
<table>
<tr><th colspan="3">New Vocabulary</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Beshbarmak — бешбармақ, ет</td><td>Fermented — ашыған</td><td>Kuyrdak — қуырдақ</td></tr>
<tr><td>Seasoned — дәмделген</td><td>Shelpek — шелпек</td></tr>
<tr><td>Beef — сиыр еті</td><td>Chopped — туралған</td><td>Baursak— бауырсақ</td></tr>
<tr><td>Kazy — қазы</td><td>Flatbread — шелпек</td><td>Kurt — құрт</td></tr>
<tr><td>Mutton — қой еті</td><td>Fried — қуырылған</td><td></td></tr>
</table>
Drilling. Teacher drills the new words «English – Kazakh – English»
</td><td>PPT slide<br>flashcards</td></tr>
<tr><td>Main Activities</td><td>
Pre-reading tasks:<br>
Teacher gives 15 seconds, to look through the text, and find key words.<br>
Reading: Ss read the texts, fill in the gaps.<br>
Miniboards. Teacher shows definition of the words on the whiteboard, students should guess a word and write it on a miniboard.<br>
For 1 correct answer student gets 1 point.<br>
Speaking. There are 10 card with questions.<br>
A student chooses a card, and asks question from other ss.<br>
Listening task. Grammar.<br>
Teacher demonstrate:<br>
Comparative structure: not as … as, much … than.<br>
Grammar task: write not as … as, much … than in the given sentences.<br>
Playing a game: Kahoot! (kahoot.it)
</td><td>PPT slide<br>worksheets<br>card</td></tr>
<tr><td>End</td><td>Learners give feedback to each other. This might be done in oral form using method cinquin. Evaluation of the lesson</td><td>Stickers</td></tr>
</table>

| Additional information | | |
|---|---|---|
| **Differentiation — how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?** | **Assessment — how are you planning to check learners' learning?** | **Critical thinking** |
| Differentiation can be achieved through the selection of activities, identification of learning outcomes for a certain student, provision of individual support to learners, selection of learning materials and resources based on the individual abilities of learners. | Apply topic related vocabulary in speech appropriately arranging words and phrases into well-formed sentences; | Students think critically, exploring, developing, evaluating and making choices about their own and others' ideas |

# Көшпенділер мәдениеті

***Г.М.Калимова,*** *№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы, Мәртөк ауданы*

| | |
|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | **Ж/7.3.2.1.** Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу.<br>**ӘТН/7.4.1.1.** Жалғаулар мен шылаулардың ерекшеліктерін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастыра алады. Жалғаулардың ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жаза алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Жанрлық және стильдік ерекшелігі бар мәтіндердегі ақпаратты салыстыра талдап, мақала жаза алады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Жанрлық және стильдік ерекшеліктерін ескеріп, өзіндік шығармашылық тұрғысынан мәтіндегі ақпараттарды өмірмен байланыстырып, сыни бағытта мақала құрастыра алады. |
| **Бағалау критерийі** | ▪ жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды пайдаланады және мақала жазады.<br>▪ жалғаулардың ерекшелігіне сай үндестік заңын сақтап, орфографиялық нормаға сай жазады. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>▪ мақала мазмұнын түсінеді;<br>▪ өз беттерімен мақала құрастырады;<br>▪ көркемдегіш құралдарды қолданады;<br>▪ диалогқа түседі;<br>▪ жанр, стиль ерекшеліктерін ажыратады;<br>▪ орфографиялық нормаға сай жазады. |
| | **Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология:**<br>көшпенділер, мәдениет, жанр, стиль, орфография, мақала, репортаж |
| | **Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>— Көне тарихи жәдігерлер несімен құнды?<br>— Көшпенділер мәдениеті тарихы не себепті зерттелу үстінде? |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>— Көшпенділер мәдениеті бізге қандай мұра қалдырды?<br>— Көшпенділер мәдениеті жәдігерлерінің құпиясы бүгінгі күні толық ашылды ма, әлде зерттеуді қажет ете ме? |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы негізінде елін, жерін, тарихы мен мәдениетін сақтап, оны құрметтеуге баулу. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, әдебиет, өзін-өзі тану |
| **Алдыңғы оқу (4–5 минут)**  | «Сұхбат алаңы» әдісі арқылы өткен сабақ пысықталады.<br>1. Көшпенділер дегеніміз не?<br>2. Көшпелі өмір салты дегенді қалай түсіндің?<br>3. Сақ, ғұн тайпалары қандай шаруашылықпен айналысқан? |

## Сабақ барысы

| Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|
| **Сабақтың басы (5–6 минут)** | |
| **«Ой шақыру» әдісі.** Оқушыларға интерактивті тақтада суреттер топтамасы көрсетіледі. Сол суреттерге қарай отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын болжайды.<br>— *Оқушылар, мына суреттерде не бейнеленген?*<br>— *Не себепті көне жәдігерлер бейнеленген?*<br>— *Бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар?*<br>(Осы секілді жетекші сұрақтарға жауап іздетіп, сабақтың тақырыбын ашуға талпындырамын)<br>— *Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын ашып алсақ, әрі қарай өте тартымды, тартысты шығармашылыққа толы болуы үшін топтарға бөліне қояйық.*<br>Оқушылар «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Ақтөбе» газеттерінің эмблемаларын таңдап, 3 топқа топтасады. Әр топтағы оқушылардың алдарына «Жас алаш», «Егемен Қазақстан», «Ақтөбе» газет басылымдары таратылып беріледі. Әр топқа осы газеттердің қамтитын аясы мен шығарылым деңгейіне қатысты төмендегідей сауалдарды қоямын.<br>— *Оқушылар, басылым бетіндегі жазба мәтіндерді қалай атаймыз?*<br>— *Мақала, репортаж дегенді қалай түсінеміз?*<br>(Оқушылар осы сұрақтар төңірегінде жауап іздейді)<br>Олай болса, осы үлгідегі бүгінгі сабағымызға байланысты әр мазмұнды мақалаға зер салайық. | |
| **Сабақтың ортасы (20–25 минут)** | |
| **Жазылым алдындағы тапсырма.**<br><br>**ТЖ. 1-тапсырма.** Берілген мақала мәтіндерін оқы, мақаланың мазмұнымен танысып, жанрын, стилін ажырат. Мақаланың жазылу ерекшелігіне мән бер.<br>▪ *«Жас Алаш» тобы:* Көне жазба жәдігерлерінің зерттелуі (ғылыми мақала)<br>▪ *«Егемен Қазақстан» тобы:* Көне жәдігерлер көмбесі (публицистикалық мақала)<br>▪ *«Ақтөбе» тобы:* Киелі мекен — Ақмешіт (тарихи мақала)<br>Осы тұста көшпенділер мәдениетінің жәдігерлері болып саналатын — алтын адам, тасқа қашалған көне тарихи ескерткіштер оның алғаш табылуы мен зерттелуі төңірегінде толық мағлұмат беріп өтемін.<br>**Дескриптор:**<br>▪ мәтін мазмұнымен танысады.<br>▪ жазылу ерекшелігіне зер салады.<br>▪ жанры мен стилін ажыратады.<br>**ҚБ:** топтық бағалау «Плюс, минус, қызықты» әдісі<br>**Кері байланыс.** Ауызша<br>— Оқушылар, осы мазмұнды мақалаларға еліктей отырып, өзіміз де әр стильде мақала жазып көрелік. (Оқушыларды шығармашылыққа жетелеу мақсатында келесі тапсырмаға көшу айтылады)<br><br>**ТЖ. 2-тапсырма. «Еркін жазу» әдісі**<br>Жанрлық және стильдік ерекшелікті ескеріп, көркемдеуіш құралдарды қолданып, мақала жаз.<br>**Үш топқа да тапсырма:**<br>— Сендер көшпелі мәдениет көрмесіне шақырылған тілшісіңдер.<br>Көрмеден соң газеттеріңізге мақала жазу тапсырылады. Не жазасыз?<br>Көрме ретінде көшпенділер мәдениеті туралы суреттер топтамасы ұсынылады. | <br> |

| | |
|---|---|
| ▪ *«Жас Алаш» тобы:* Көшпенділер мәдениетінің зерттелуі (ғылыми мақала)<br>▪ *«Егемен Қазақстан» тобы:* Көшпенділер мәдениетінің жариялануы (публицистикалық мақала)<br>▪ *«Ақтөбе» тобы:* Көшпенділер мәдениетінің тарихы (тарихи мақала жазу)<br>**Дескриптор:**<br><br>▪ көрме суреттеріне назар салады.<br>▪ стильдік ерекшелікті сақтайды.<br>▪ көркемдеуіш құралдарды пайдаланады.<br>▪ жалғауларды орынды қолданады.<br>▪ мақала жазады.<br>**ҚБ:** топаралық бағалау «Ақиқат пен жалған» әдісі<br>Кері байланыс. Ауызша<br><br>**3-тапсырма. «Автор орындығы» әдісі**<br>А) жазба жұмысын оқы. Мақала мәтінінде қолданылған жалғаулардың орфографиялық заңдылыққа сай қолданылғандығын түсіндіріп бер, талда.<br>Ә) Үздік мақала жұмысын анықта, автор орындығында оқы.<br>**Дескриптор:**<br> <br>▪ мақаламен танысады.<br>▪ жұпта тексереді.<br>▪ топта талқылайды.<br>▪ жалғауларды табады.<br>▪ заңдылыққа сай түсіндіреді.<br>▪ талдап, дәлелдейді.<br>▪ ең үздік мақаланы анықтайды.<br>▪ мақаланы оқиды.<br>**ҚБ:** мұғалімнің бағалауы «Стикерлер» әдісі<br>**Кері байланыс.** Жазбаша |  |
| **Сабақтың соңы (5–10 минут)** | |
| **«Бес саусақ» әдісі** арқылы балалар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:<br>1. *«Бас бармақ»* — басты мәселе.<br>Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?<br>2. *«Балалы үйрек»* — бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?<br>3. *«Ортан терек»* — ойлану.<br>Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?<br>4. *«Шылдыр шүмек»* — шынайылық.<br>Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>5 *«Кішкентай бөбек»* — көңіл-күй ахуалы.<br>Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?<br><br> | |
| **Қосымша ақпарат.** Көшпенділер мәдениетінің жәдігері болып саналатын «Алтын адам» туралы тағы қандай ақпараттар білеміз? Осы сұрақ төңірегінде іздену жұмыстары тапсырылады. | |

# Әлеуметтік желіні пайдаланамын

***Р.Көздіғарина,*** *№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы*

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:**<br>Мәтін үзінділерін пайдаланып, оқиғаны дамытады.<br>Аяқталуын болжайды. Графиктік мәтінді сипаттап жазады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтін үзінділерін пайдаланып, оқиғаны дамытады. Аяқталуын болжайды.<br>Мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтінді сипаттап жазады. |
| | **Оқушылардың кейбіреуі орындай алады:**<br>Мәтін үзінділерін пайдаланып, оқиғаны дамытады.<br>Аяқталуын болжайды. Мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтінді сипаттап жазады, өзіндік тұжырым жасайды. |
| **Бағалау критерийі** | ▪ Мәтін үзінділерін пайдаланып, оқиғаны дамытады<br>▪ Аяқталуын болжайды<br>▪ Мәтін құрылымын сақтайды<br>▪ Графиктік мәтінді сипаттап жазады |
| **Тілдік мақсат** | Ғаламтор, әлеуметтік желілер, рейтинг, өсу қарқыны, күрт өзгерген, қажеттілік |
| **Құндылықтарға баулу** | Сыни тұрғысынан ойлау, адамгершілік, құрмет, өмір бойы білім алу |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану, математика |
| **Алдыңғы оқу** | Ғаламтор кітаптай болмайды |

## Сабақтың жоспары

| Сабақ барысы | Бағалау түрлері |
|---|---|
| **Басталуы (5 минут)** | |
| **Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру (3 минут):**<br>Оқушылар қима қағаздардағы мәліметтер арқылы «ВКонтакте» және «Инстаграм» топтары болып бөлінеді.<br>▪ 2013 жылғы зерттеулер бойынша «ВКонтакте» сайтына күніне 43 миллион адам кірген.<br>▪ «ВКонтакте» сайтының негізін салушы — Павел Дуров.<br>▪ 2012 жылы 28 наурыз айында «ВКонтакте» Киевте өз өкілдігін ашады.<br>▪ Орыс тілінде «ВКонтакте» сөзі «байланыста» деген мағына береді<br>▪ Instagram — фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет.<br>▪ Instagram әлеуметтік желісін дайындауды Кевин Систром мен Майк Кригер Сан-Францискода бастады.<br>▪ 2012 жылдың тамыз айында Instagram да бір секундта 575 Likes басылып, 81 комментарий жазылды.<br>▪ 2013 жылы қарашада желідегі фотосуреттер саны 16 миллиардқа жетті.<br>Оқушылар «Алтын ережемен» танысады. | |

| | |
|---|---|
| **«Алтын ереже»**<br>1. Оқушы сабаққа кешікпеуі керек.<br>2. Топта тәртіп сақтай білуі тиіс.<br>3. Топта бірін-бірі сыйлай білуі қажет.<br>4. Топтық жұмысқа белсене араласуы тиіс.<br>5. Топ мүшелері бірінің айтқанын екіншісі ынтамен тыңдай білулері қажет.<br>6. Топ мүшелері бір-біріне тапсырманы түсіндіре білулері қажет.<br>7. Топ мүшелері бірін-бірі әділ бағалауы тиіс.<br>8. Сондай-ақ топ мүшелері келесі топтардың да пікірлерін, ойларын, айтқандарын ынта қойып тыңдай білулері тиіс.<br>9. Топ мүшелері өздерін бір-бірімен тең дәрежеде ұстай білулері керек.<br>10. Топ мүшелері берілген уақытқа сәйкес жұмыс жасай білуі керек (уақытпен санасу) | |
| **Жаңа білім (10 минут)** | |
| **С.Тыңдалым алдындағы тапсырма.**<br>Талқылау сұрақтарына жауап беріңдер.<br>Әлеуметттік желілер дегеніміз не? Нелер жатады?<br>Қандай әлеуметтік желілерде тіркелгенсің?<br>Әлеуметтік желіде қанша уақытыңды өткізесің?<br>**Тыңдалым тапсырмасы.**<br>«Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны» тақырыбында тыңдалым мәтінін тыңдайды. Мұғалім тыңдалым мәтінін тоқтатып, оқиғаның дамуы мен аяқталуына болжам жасатады.<br>Оқушылар мұғалім тоқтатқан әр үзіндіден кейін бейнероликтен ары қарай не көретіндерін болжайды.<br>0:48, 1:18, 2:17<br>**Дескриптор:**<br>▪ оқиғаны өз сөзімен дамытады;<br>▪ оқиға желісін болжайды.<br>Кері байланыс мұғалім тарапынан жүреді<br><br>**ТЖ.Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.**<br>Топтық тапсырма. Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасайды. Топтарға әлеуметтік желілердің логотиптері (өздерінің топтарының аты) беріледі. Оқушылар сол әлеуметтік желінің пайдасы мен зиянын топта талқылайды, пікірін білдіреді.<br><br>**«Бос микрофон» тәсілі.** Топтар микрафонға әлеуметтік желінің екі пайдалы және екі зиянды тұсын айтады. Ойын дәлелдер келтіре отырып жеткізеді.<br>Топтар арасында кері байланыс жүреді | https://www.youtube.com/watch? v= iPGy0V08UGk<br><br>Қалыптастырушы бағалау<br><br>Үш шапалақ |
| **Ортасы (13 минут)** | |
| **С.Жазылым алдындағы тапсырма.**<br>**Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің қолданушылар санына байланысты рейтингісі қандай деп ойлайсыздар?**<br><br>**Ж.Жазылым тапсырмасы. Нақты мәліметтерді келтіре отырып, мәтін құрылымын сақтап, графиктік мәтінді сипаттап жазыңдар. (40–50 сөз)**<br>Мұғалім процесті сипаттап жазу үшін оқушыларға қажет сөздерді ұсынады.<br>Мысалы: Қажетті сөздер.<br>*Өсу қарқыны, төмендеу, қажеттілік, қолданушылар саны, ұлғаюда, өткен жылдармен салыстырсақ, бәсеңдеген, күрт өзгерген.*<br>1-қосымша | Қалыптастырушы бағалау |

<table>
<tr><td>Дескриптор:<br>▪ мәтін құрылымын сақтайды;<br>▪ графиктік мәтінді сипаттап жазады;<br>▪ нақты мәліметтер келтіреді;<br>▪ сөз санын сақтайды (40–50 сөз);<br>▪ пунктуациялық және орфографиялық норманы сақтайды.<br><br>Күтілетін жауап (оқушы жауабы ескеріледі):<br>Жыл сайын әлемде әлеуметтік желілерді пайдаланудың рейтингісі шығып отырады. Қазақстан халқының 2016–2017 жылдардағы «ВКонтакте», «Инстаграм», «Фейсбук» әлеуметтік желілерін пайдалану рейтингісін алып қарайық.<br>2016 жылы «ВКонтакте» желісін халқымыздың 46%-ы пайдаланса, 2017 жылы қолданушылар саны 3%-ға төмендеген. Ал «Инстаграм» және «Фейсбук» желілерін қолданушылар саны ұлғайғанын көреміз.<br>Алдағы уақытта бұл желілерді пайдаланушылар санының өсу қарқыны көбейеді деп ойлаймын.<br>Мұғалім тарапынан ауызша кері байланыс жүреді.<br><br>Жазылымнан кейінгі тапсырма.<br>Үздік деп танылған жауап «Ыстық орындықта» оқылады</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2" align="center">Сергіту сәті (2 минут)</td></tr>
<tr><td>Оқушылар көзге арналған жаттығу жасайды.</td><td>https://www.youtube.com/watch? v=_lx7d4eIkVE</td></tr>
<tr><td colspan="2" align="center">Аяқталуы. Сабақты бекіту (7 минут)</td></tr>
<tr><td>Ж. «Әлеуметтік желі» сөзіне бес жолды өлең құрастырады.<br>1) 1 зат есім; 2) 2 сын есім; 3) 3 етістік; 4) 1 сөйлем құрау; 5) 1 синоним<br>Топтар арасында кері байланыс жүреді.</td><td>Үлдірленген критерийлер</td></tr>
<tr><td colspan="2" align="center">Кері байланыс (3 минут)</td></tr>
<tr><td>Кері байланыс: «3–2-1» стратегиясы<br>Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;<br>Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті (мәселе);<br>Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.<br>Жазған стикерлерді тақтада ілінген, адам өміріне ең қажетті деп санаған әлеуметтік желіні таңдап, тұсына жабыстырыңыз.</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3" align="center">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау<br>Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</td><td>Бағалау<br>Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс</td></tr>
</table>

# Сөйлеу мәдениеті

**А.А.Кунанова,** *«№8 Жалпы орта білім беретін мектебі»КММ, Шалқар ауданы*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіннің құрылымын, рәсімделуін түсіндіру арқылы жанрлық ерекшелігін көрсетеді. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Бағалау критерийлері** | ▪ Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.<br>▪ Мәтіннің түріне ажыратады.<br>▪ Мәтіннің құрылымын, рәсімделуін түсіндіру арқылы жанрлық ерекшелігін көрсетеді. |
| **Тілдік мақсат** | Оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>мәдениет, сыйластық хабарлама, хат, жарнама |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Сөйлеу және сөйлеу мәдениеті туралы не білесіз?<br>Мәдениетті сөйлеу дегенді қалай түсінесіз? |
| **Құндылықтарға баулу** | Сөйлеу мәдениетін игере отырып, жұпта, топта бірлесіп жұмыс жасау, бірін-бірі құрметтеу дағдылары қалыптастырылады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Жұпта, топта бірлесіп жұмыс істеу барысында құрметпен қарап, сөйлеу мәдениетін жоғары бағалау кезінде өзін-өзі тану пәнімен байланыстырады. |
| **Алдыңғы оқу**: | Оқушылар алдыңғы сабақта әдеп пен талғамның айырмашылығын біледі, ол туралы түсініктер қалыптасқан. Бүгінгі сабақта сөйлеу мәдениетін дамытуға, түсінуге мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. |

## Сабақ барысы

| **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|
| **Сабақтың басы** | |
| **Ұйымдастыру (7 мин.).**<br>Амандасу, түгелдеу, ынталандыру.<br>Оқылымның алдындағы тапсырма.<br><br>**С. «Галереяға ой шарлау».**<br>Оқушылар Галереяға саяхат жасайды.<br>Сынып қабырғасына түрлі суреттер ілінеді.<br>Оқушылар берілген суреттерді талдайды.<br> |  |

<table>
<tr>
<td>
— Суреттер қандай тақырыпқа арналған?<br>
— Суреттерде адамдардың қандай әрекеттері байқалады?<br>
— Осы суреттер арқылы — сөйлеу, сөйлесу мәдениеті туралы не айтасыз?<br>
«Құрастыр, сосын жауап бер» бағалауы жүзеге асырылады.<br>
— Осы суреттегі іс-әрекеттердің бүгінгі сабаққа қандай байланысы бар деп ойлайсыздар? (оқушылар өз пікірін білдіреді)<br>
Осыдан кейін сабақтың мақсаты ашылып, хабарланады.<br>
<br>
Сабақтың тақырыбы: Сөйлеу мәдениеті<br>
Сабақтың мақсаты:<br>
5.01 Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну.<br>
5.03 Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.
</td>
<td>



</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2" align="center">Сабақтың ортасы</td>
</tr>
<tr>
<td>
Оқылым тапсырмасы кезінде.<br>
ТЖ. Тапсырма (14 мин.)<br>
Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз.<br>
<br>
Сырым жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, Қараман Малайсарымен сөйлесіп отыр екен.<br>
— Балалар, аман ба? — депті де, елемей өздері сөйлесе беріпті.<br>
Сонда Сырым жолдасына дауыстап:<br>
— Жүр, кетейік, бұлар бізді адам деп отырған жоқ қой! — дейді.<br>
Малайсары жалт қарап:<br>
— «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без»,<br>
— деген, сырнайдай сарнаған мына бала кім еді? — дейді.<br>
— Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар, ана тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені болар, — дейді Сырым.<br>
— Сен толған екенсің, мен тозған екенмін, — деп Малайсары сонда Сырымды қасына шақырып алған екен.<br>
Шешендік сөз (90 сөз)<br>
Дескриптор:<br>
▪ мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;<br>
▪ мәтіндегі қосымша ақпараттарды ажыратады<br>
<br>
Оқушылар мәтіндегі негізгі ақпарат сөйлеу мәдениеті, шешендік сөздер арқылы жауап беруі екенін анықтайды (19 мин.)<br>
Кері байланыс. Оқушылар тарапынан жазбаша кері байланыс беріледі.<br>
<br>
2 Тапсырма. ЖЖ Мәтінді мұқият оқыңыз. Мәтіннің түрін анықтап, құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін ажыратыңыз.<br>
<br>
ХАБАРЛАНДЫРУ
2016 жылдың 21 қыркүйегінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай үш тілді жетік білетін 7–11-сынып оқушылары арасында «Тілдарын» мектепішілік байқау өткізіледі. Сайыстың мақсаты: үш тілді — қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті оқушыларды анықтау және қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу. Байқау төмендегідей кезеңнен тұрады:<br>
1. Өзін-өзі таныстыру «Тұсаукесерін» өткізу; 2. «Үштұғырлы тіл» кезеңі. Үш тілде берілген сұрақтарға жауап беру; 3. «Мақал — сөздің мәйегі» кезеңі. Үш тілде берілген мақал-мәтелдерді мағынасына қарай сәйкестендіру;
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

4. «Қызықты сұрақтар» кезеңі. Үш тілде берілген логикалық сұрақтарға жауап беру. Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, марапатталады. Өтетін орны: Шымкент қаласы, физика-математика бағыты Назарбаев Зияткерлік мектебінің мәжіліс залы. Басталуы: сағат 15:30-да Келемін деушілерге есік ашық!

| Мәтіннің түрі | |
|---|---|
| Мәтіннің құрылымы (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім | Мәтіннің рәсімделуі (сайыстың мақсаты, өтетін орны, уақыты) |
| «Тілдарын» мектепішілік байқау өткізіледі. | Сайыстың мақсаты: үш тілді — қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті оқушыларды анықтау және қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу |

**Дескриптор:**
1. Мәтіндегі айтылатын ойды анықтайды.
2. Мәтіннің түрін ажыратады.
3. Мәтіннің құрылымын анықтайды.
4. Мәтіннің рәсімделуін көрсетеді.

Мұғалім тарапынан оқушының дәптеріне жазбаша кері байланыс беріледі.
Жарайсың, Саят!
Толықтыруың қажет …

| Сабақтың соңы | |
|---|---|
| **Оқушының рефлексиясы (5 минут).**<br>Сөйлеу мәдениетінен менің түйгенім…<br>3 сөйлеммен жазады. | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| **Саралау** — оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау** — оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыс** — Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі). |
| Оқылымның тапсырмасы кезінде оқушыларға қолдау көрсетіледі. Білім алушының нені біліп, нені түсінбегенін білу мақсатында Т.Ж. кезінде қолдауды ерекше қажет ететін оқушыға үлгі ұсыну. Сөйлем құрылымы туралы іс-қағаздар үлгісі тақтаға ілінеді. | ▪ Жұп болып бағалайды, қалыптастырушы бағалау. кері байланыс «Қайтадан құрастыр» қалыптастырушы бағалауы жүзеге асырылады.<br>▪ Кері байланыс (Мұғалім тарапынан оқушылардың дәптеріне Жарайсың, Аружан! Негізгі ақпаратты анықтағансың, қосымша ақпаратты анықта) | Сұрақтарға жауап беру арқылы сыни ойлауға дағдыланады. Сөйлеу мәдениетін игере отырып, жұпта, топта бірлесіп жұмыс жасау, бірін-бірі құрметтеу дағдылары қалыптастырылады |
| **Рефлексия.** Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай, қай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | | |

# Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»

***А.Қалдыбекова,*** *№270 Ғ.Мұхамеджанов атындағы ОМ*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>1. Шығарманы мәнерлеп оқиды және орта көлемді үзіндіні жатқа айтады.<br>2. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды;<br>3. Көркемдегіш құралдарды орынды пайдаланып, кейіпкер бейнесін сипаттап жаза алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Өлең құрылысына талдай отырып, Абай өлең құрылысының ерекшелігін ажыратады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Тасыр ұқпас; талапты ұғар; көңілінің көзі; түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей; сыртын танып, сырын көрмей, іс бітпес сөз тіркестерінің ағынасын тұжырымдай алады. |
| **Бағалау критерийі** | 1. А.Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіндегі орта көлемді үзінділердімәнерлеп оқып, жатқа айтады.<br>2. Өлеңдегі эпитет, теңеу, метафораларды орынды қолдана отырып, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады. |
| **Ойлау деңгейі (Блум таксономиясы бойынша)** | Қолдану, талдау, жинақтау. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Өлеңді мәнерлеп оқу, орта көлемді үзінділерді жатқа айту, шығармашылық жұмыс жазу дағдылары дамиды.<br><br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>*Тосаңсу, тасыр, сергек, қисық-қыңыр, қырын келмей; эпитет, теңеу, метафора, кейіпкер бейнесі.*<br><br>**Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>*Ермек үшін, термек үшін, көкірегі сезімді, тілі орамды, жастарға үлгі бермек үшін, тасыр ұқпас, талапты ұғар, көкірегі ашық, көңілі ояу.*<br><br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1. Абай өмір сүрген кездегі қазақ елінің өмірі қандай болды?<br>2. Абай өлеңді не үшін жазады?<br>3. Өлең тақырыбындағы көтерілген мәселе не жайлы?<br>4. Автордың айтпақ ойы, идеясы қандай? |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, музыка |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы біледі. |
| **Құндылықтарға баулу** | Зайырлы қоғам және жоғары руханият:өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық. |

## Сабақ барысытың

| Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|
| **Сабақтың басы** | |
| **Ұйымдастыру кезеңі (5 минут)**<br>Оқушылармен амандасу, түгендеу, дәптерлеріне бүгінгі күнді жазғызу.<br>**Қызығушылықты ояту (2 минут):**<br>Quizizz ойыны арқылы оқушының сабаққа зейінін аударамын.<br>**Үй тапсырмасын пысықтау (3 минут):** Балалар тест сұрақтарына жауап береді. Жеңімпаз оқушыларды марапаттау.<br><br>1. Абай қай жылы дүниеге келіп, қай жылы дүниеден қайтты? *(1845–1904 жылы)*<br>2. Абай алғаш рет кімнен хат алды? *(Татар молдасы Ғабитханнан)*<br>3. Абайдың туған жерін белгілеңіз? *(Семей уезі, Шығыс болысында)*<br>4. Абайдың ақын шәкірттерін ата?<br>*(Көкбай, Кәкітай, Мағауия, Шәкәрім Құдайбердіұлы)*<br>5. Абайдың үгіт-насихат қайнар көзі саналатын шығармасы? *(Қара сөзі)*<br>6. Құнанбай Абайды неше жасында Семейге оқуға жіберді? *(10-жасында)*<br>7. Абайдың немере інісі кім? *(Шәкәрім Құдайбердіұлы)*<br>8. Абайдың неше поэмасы бар? *(3)*<br><br>**Қалыптастырушы бағалау:** Жеңімпаз оқушы ұлы ақынның бейнесі бейнеленген қойын дәптерімен марапатталады. | https://quizizz.com/admin/quiz/6071556b5fe260001c66e0bb |
| **Сабақтың ортасы** | |
| **Жаңа сабақ (30 минут)**<br>Сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері хабарланады. Күтілетін нәтижелер белгіленеді.<br><br>**Топқа бөлу (5 минут):** Оқушы жыл мезгілдері суреттерін таңдай отырып топқа бөлінеді.<br>**Нәтижесінде:** Бүгінгі сабақтың өлең шумақтары шығады.<br>«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін аудиотаспа арқылы тыңдатамын.<br><br>**Топтық жұмыс (5 минут):** «Мозаика» әдісі бойынша 3 топтың алдына қиылған суреттер беріледі. Оқушы суретті құрыстыру арқылы артында берілген тапсырманы орындайды.<br>*1-топ* мұрынның суретін құрастыра отырып өлеңдегі 1 шумақтың мағынасын ашады.<br>*2-топ* 2 көздің суретін құрастыра отырып өлеңдегі 2 шумақтың мағынасын ашады.<br>*3-топ* құлақтың суретін құрастыра отырып 3 шумақтың мағынасын ашады.<br><br>**Қалыптастырушы бағалау:** Әр топ бірін-бірі бағалайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ Өлеңнің идеясын ашады.<br>▪ Өз ойын жеткізеді.<br><br>**Жұптық жұмыс (8 минут):** Оқушылар қиылған суретті құрастырып, жұптасып жұмыс жасайды.<br>1. Бірінші шумақтағы көркемдегіш құралды тап.<br>2. Екінші шумақтағы көркемдегіш құралды тап.<br>3. Үшінші шумақтағы көркемдегіш құралды тап.<br>4. Бірінші өлең шумақтағы буын санын және ұйқас түрін тап.<br>5. Екінші өлең шумақтағы буын санын және ұйқас түрін тап.<br>6. Үшінші өлең шумақтағы буын санын және ұйқас түрін тап. | https://youtu. be/iWKTX4E9vYg<br>Оқулық<br><br>Алматы «Атамұра» 2018 баспасы Авторлары: Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ, Жұмекенова Л.К. 39-бет |

| | |
|---|---|
| **Қалыптастырушы бағалау:**<br>1. Көркемдегіш құралды табады<br>2. Буын санын табады<br>3. Ұйқас түрін ажыратады<br>4. Эпитет<br>5. Метонимия<br>6. Фразеологизм<br>7. Өлең құрылысын талдайды<br>8. Буын санын табады<br>**Дескриптор:**<br>▪ Өлеңнің көркемдегіш құралын табады.<br>▪ Өлең шумағындағы буын саны мен ұйқас түрін ажыратады.<br><br>**Жеке жұмыс (12 минут):** Адам бейнесінің суреттерінің (екі бет, екі маңдай, кеуде) суреттерінің артына әр оқушыға өлең шумақтары жазылып беріледі. Жаттау қабілетіне қарай саралап өлең шумақтарын беремін. Өлеңді жатқа айтқан оқушы қолындағы суретті орналастырып адам бейнесін шығарады. Қалыптастырушы бағалау: Мәнерлеп, нақышына келтіріп айтқан, адам бейнесінің толық ашылуына себепкер оқушы Абай атамыздың бейнесі бейнеленген күнтізбемен марапатталады.<br>**Дескриптор:**<br>1. Бір шумағын мәнерлеп жатқа айтады.<br>2. Екі шумағын мәнерлеп айтады. | |
| **Сабақтың соңы** | |
| **Қорытынды (5 минут):**<br>Сабақтың өн бойында қиылған суреттерді құрастырып және тапсыырмаларды орындау барысында Құнанбаев Абай атамыздың бейнесі шығады. Сол арқылы мақсатымның нәтижесінде қол жеткізгенім байқалады.<br>**Кері байланыс:**<br>Instagram әлеуметтік желісі арқылы лүпіл жинау<br>Үйге тапсырмасы: Ұлы ақынға ой толғау | |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау.** Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | **Бағалау.** Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | **Пәнаралық байланыс.** Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау жүргізіледі. Бәріне бірдей тапсырма беріледі. Ішінде кейбір оқушыға аралап жүріп, арнайы көмек «көпірше» арқылы көрсетіледі. Тірек сөздер: отбасы, жанұя, әдепті, тілалғыш, адал, тиянақты, ұқыпты сөздері арқылы аралап жүріп көпірше орнаттым. Қабілетті оқушыға жеке оқу бағдарламасы арқылы бойынша қолдау көрсетіледі. Қабілетті оқушыға 3-деңгейлік тапсырма және «Отбасы — шағын мемлекет» тақырыбында шағын эссе жазуға тапсырма бердім. | **Бағдаршам әдісі.** Карточкалар арқылы оқушылар тақырыпты түсінгенін қызыл түс = БАРЛЫҒЫ, сары түс = КӨБІ, жасыл түс = КЕЙБІРІ көрсетеді». Басмармақ» стратегиясы «Екі жұлдыз, бір тілек» бағалау. Өзара бағалау | Информатика, әдебиет, өзін-өзі тану. Оқуды жақсарту үшін АКТ қолданылады, сұрақтар көрсету үшін интербелсенді тақта қолданамын. |
| **Сабақ бойынша рефлексия.** Сабақ мақсаттары немесеоқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? | Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. | |

# Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?»

***Ж.М.Назарбаева,*** *№3 Ембі қалалық ЖББОМ*

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушы орындай алады:** Көркем шығармадан шағын көлемді үзінділерді оқиды. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстырады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Көркем шығармадан үзінділерді мәнерлеп оқиды, жатқа айтады.<br>Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Көркем шығармадағы үзінділерді мәнерлеп жатқа айтады.<br>Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырады, бағалай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Шығармадан үзіндіні мәнерлеп оқып, үзіндіні жатқа айта алады.<br>Бұрынғы әжелер мен қазіргі әжелерді салыстыра бағалайды. |
| **Құндылықтарға баулу** | Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы негізінде тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.<br>Отбасындағы әже тәрбиесінің маңызын түсінуге баулу |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, өзін-өзі тану, музыка |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** әже тәрбиесінің адам өміріндегі маңызын әсер еткен сөздер мен сөз тіркестері арқылы айта алады<br>**Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:** ұршық, мәсі, кимешек, шылауыш, сөзуар, бүйректен сирақ шығару, нанымды.<br>**Сыныптағы диалог/жазылым үшін сай келетін тіл стилі:**<br>*Талқылауға арналған сұрақтар:*<br>Нағыз әже қандай болу керек деп ойлайсың?<br>Бұрынғы әжелер мен қазіргі әжелердің айырмашылығы бар ма?<br>*Ишара:* қол, бет, дене қимылдары. |
| **Алдыңғы оқу**: | Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығына баға береді |

## Сабақ барысы

| Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы (5 минут)** | | |
| **Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу**<br>**Психологиялық ахуал. Шаттық щеңбері**<br>«Біз қандай баламыз?» Топқа бөлу.<br>Суреттер арқылы топқа бөлу<br>1-топ. Кимешек<br>2-топ. Ұршық<br>3-топ. Мәсі<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>«Асыл әже» әні бейнебаяны тыңдалады.<br>— Қалай ойлайсыңдар, бұрынғы кездегі әжелер мен қазіргі кездегі әжелердің айырмашылығы бар ма?<br>Үй тапсырмасын «Галерея» әдісі арқылы пысықтау.<br>— Әжең туралы не айтасың? | Бейнебаян көреді.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылардың үйден алып келген өз әжелерінің, журналдардағы әжелердің фотосуреттерін жинап, «Әжелер галереясын» ұйымдастырады.<br>Әжелерінің суреттерін жапсырады. | Қазақ әдебиеті 5-сынып Алматы «Атамұра»2017 А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева Бейнебаян<br><br>https://www. youtube. com/watch?v=dU0TxktRBm4<br><br>Әжелердің суреттері |

<table>
<tr><th colspan="3">Сабақтың ортасы (30 минут)</th></tr>
<tr>
<td>Жұптық жұмыс<br>Мәтін үзінділерін мәнерлеп оқы немесе жатқа айтып бер.<br>Дескриптор: Мәтіннен берілген үзінділерді мәнерлеп оқиды, жатқа айтады<br><br>ҚБ «Бас бармақ» әдісі<br>Топтық жұмыс. Әжелер бейнесін салыстыр, көзқарастарыңды білдір, баға бер.<br><br>Салыстыру кестесі<br>1-топ
<table>
<tr><th>Райхан мен Аяның ойындағы әжелердің бейнесі</th><th>Әңгімедегі әже</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
2-топ
<table>
<tr><th>Бұрынғы әжелер</th><th>Қазіргі әжелер</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
3-топ
<table>
<tr><th>Абайдың әжесі Зере</th><th>Шығармадағы әже</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор: Әжелер бейнесін салыстырып, көзқарасын білдіріп, баға береді.<br><br>ҚБ «Бағдаршам» әдісі</td>
<td>Мәтіннен берілген үзінділерді мәнерлеп оқиды, жатқа айтады.<br><br>Кестеде берілген тапсырма бойынша салыстырады</td>
<td>Мәтін үзінділері жазылған қағаздар.<br><br>Кесте, А3 қағаздары, маркерлер.<br><br>Жасыл, сары, қызыл қағаздар</td>
</tr>
<tr><th colspan="3">Сабақтың соңы (5 минут)</th></tr>
<tr>
<td>3-тапсырма ЖЖ<br>«Сезімді ояту» әдісі бойынша оқушылардан жауап алынады.<br><br>Елестету: Шығармадағы әжені қалай деп елестетесің?<br>Сүйсіну: Кімдердің қандай қылығына сүйсіндің?<br>Жек көру: Кімдердің қандай әрекеті ұнамады?<br>Жаны ашу: Қай жерінде өзіңде жаны ашу сезімі пайда болды?<br>Өкініш: Өкініш сезімі пайда болды ма?<br>Таңдану: Таңғалып риза болған сәтің ше?<br><br>Дескриптор: Өз ойын еркін айта алады.<br><br>ҚБ (әжелерінің еркелететін сөздерімен мадақтау «ақылдым», «данышпаным» т. б.)<br><br>Рефлексия «Нысана»</td>
<td></td>
<td>Интербелсенді тақта</td>
</tr>
</table>



| Қосымша мәліметтер | | |
|---|---|---|
| Саралау — оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | Бағалау — оқушы білімін Тексеруді қалай жоспарлайсыз? Мәтіннен үзінділерін мәнерлеп оқу, жатқа айту, әже бейнесіне салыстыру және бағалаулары арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізілді интерактивтік тақтадан таныстырылым, бейнематериал | Пәнаралық байланыс — Денсаулық және қауіпсіздік АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) |
| **Рефлексия.** Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгерістер енгізді? | | Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз. |

# Менің Қазақстаным

***А.Т.Нургалиева,*** *«№1 Бадамша орта мектебі» КММ*
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы*

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаттары: | **Барлық оқушылар:** Тыңдаған мәтіннен мағыналас сөздерді, тірек сөздерді табады, нақтылау мақсатында сұрақтар қояды, сөйлесім барысында қолданады.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Мұғалімнің көмегімен мағыналас сөздерді сөйлеу барысында қолданады, шағын әңгіме құрастырады.<br>**Кейбір оқушылар:** Жағдаятқа сай тыңдалған ақпараттарды сұхбат алуда қолданады, әңгіме құрастыруда синонимдерді пайдаланады. |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | Тыңдалған мәтіннен тірек сөздерді табады. Мәтінді нақтылау мақсатында сұрақтар қояды. Мәтіннен мағыналас сөздерді табады және сөйлеу барысында қолданады. Синоним сөздерді ауызша әңгіме құрастыруда пайдаланады. |
| **Ойлау дағдылары** | білу, түсіну, қолдану |
| **Тілдік мақсаттар** | **Терминология:** синоним |
| **Құндылықтарды дарыту** | **Тәуелсіз Қазақстан және Астана:** туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік және азаматтық жауапкершілік. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиеттік оқу |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, аудио жазба, слайдтар. |
| **Алдыңғы оқу / бастапқы білім** | Қазақстан туралы ақпарат. |

## Сабақ барысы

| **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|
| **Сабақтың басы (5 минут)** | |
| **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.**<br>**1. Оқушылармен амандасу (2 мин.)**<br>**2. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Қайырлы күн!» тренингі.**<br>Қайырлы күн, балалар!<br>Қайырлы күн, Акмамык Тулеповна!<br>Қайырлы күн, досым!<br>Қайырлы күн болсын!<br>Бүгінгі әр кезің,<br>Сәттілікке толсын!<br>**3. «Пазл» құру арқылы топқа бөлу.**<br>***Алматы — тобы***  ***Нұр-Сұлтан — тобы***  ***Ақтөбе — тобы.*** <br>**4. Топта жұмыс істеу ережесін айту:**<br>Бір-бірін тыңдау<br>Сөзін бөлмеу<br>Бір-біріне көмектесу<br>Белсенділік таныту.<br>**5. Тақырыпқа шығу (3 мин.)**<br>**«Граффити» стратегиясы. Жұптық жұмыс. 6 жұп.**<br>Бұл жұмысқа оқушылар жұп болып қатысады.<br>1, 2, 3-топ оқушылары бәрі жұптасады.<br>Оқушылар сыныптағы әр жерде орналасқан қима сөздерді теріп, партада үстінде жатқан суреттермен бірге сәйкестендіріп, тақтадағы А3 флипчартына жұбымен бірге жабыстырады.<br>*(тау, қала, аспан күн, бәйтерек, теректер, гүлдер, т. б)* | |

| | |
|---|---|
| Енді балалар, жасаған жұмысымыздың нәтижесінде не пайда болды?<br>Бұл не? (Бұл менің Отанымның суреті)<br>Балалар! Бүгінгі сабағымыз қандай тақырыпқа арналады деп ойлайсыздар?<br>«Отан» дегеніміз не?» деген сұраққа қалай жауап берер едіңдер?<br>Балалар, біздің сабағымыздың тақырыбы —<br>«Менің Отаным — Қазақстан» деп аталады.<br>**Сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критериялары оқушылармен талқыланады.** | |
| **Сабақтың ортасы (25 мин.)** | |
| **Тыңдалым алды.**<br>Енді, балалар, тақтаға назар аударайық. Бұл сөздер бүгінгі сабағымызда қолданатын жаңа сөздер. Қане танысайық.<br><br>**А) Сөздік жұмысы. «Сәйкестіндіру» әдісі.**<br>Сөздің мағыналарын суретке қарап сәйкестендір, белгіленген сөздермен сөз тіркестер, сөйлемдер құраңдар.<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ Сөздерді мағыналас суретпен сәйкестендіреді.<br>▪ Мағынасын түсінеді.<br>▪ Сөз тіркестерін құрайды.<br>▪ Сөйлем құрайды.<br>*(Кері байланыс)*<br><br>***Көлемі***   *(аумағы)*<br>***Қазба-байлықтар***  *(мұнай, газ, т. б)*<br>***Кең байтақ***  *(үлкен)*<br><br>***Мысалдар арқылы мағыналас сөздерге түсінік беру*** *(тәтті, дәмді)*<br><br>**Тыңдалым кезі.**<br>**А) Мәтінді тыңдаңыз, мағыналас сөздерді табыңыз**<br>1) «Графикалық органайзер» әдісі бойынша сөздерге түсінік беріңіз және алдарыңызда жатқан қағаздарға әрқайсыңыз 1 сұрақтан құрастырыңыз.<br>2) «Дастарқан» әдісі бойынша.<br><br>**Дескриптор:**<br>▪ Мәтіннен 3–4 тірек сөздерді табады.<br>▪ Мәтін бойынша 1 сұрақ құрайды.<br>▪ Мәтіннен 2 мағыналас сөзді табады.<br>*(Кері байланыс беру)*<br><br>**«Менің Отаным — Қазақстан»**<br>Менің Отаным — Қазақстан. Қазақстан тәуелсіз мемлекет, өз Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар. Жер көлемі бойынша тоғызыншы орында. Жері кең байтақ, жер асты, қазба-байлықтарға толы. Табиғаты да әдемі, қарасаң көзің тоймайды. Халқы — қонақжай, мейірімді. *(32 сөз).* | https://youtu.be/yVTxQsqb2_8<br>https://youtu.be/J846twhH8PA |

Мұғалім мәтін бойынша сұрақтар қояды.
— Балалар, мәтін не туралы?
— Қазақстан қандай мемлекет?
— Қазақстан жері қандай?
— Халқы қандай?

**Тыңдалым соңы.**
**Б) Жағдаят:**
«Вернисаж» көрмесіне шетел тілшілері келген. Қазақстан азаматы ретінде сұрақтарға жауап беріңіз. («Еркін микрофон» әдісі).




**Дескриптор:**
- Тілші 1 сұрақ қояды.
- Оқушылар 1 жауап айтады.
- Сұхбат құрылымын сақтайды

*(Кері баланыс беру)*

***Сергіту сәті: «Мен қазақпын»***

**Айтылым.**
**2. Тапсырма:** Берілген суреттерді пайдаланып, 4–5 сөйлемнен тұратын ауызша шағын әңгіме құраңыз. Әңгіме құрауда құрылымын сақтаңыз және мағыналас сөздерді қолданыңыз.
(оқушылар жұппен жұмыстарын тексереді, бір-біріне кері баланыс береді).

**Дескриптор:**
- Суреттерді пайдаланып 4–5 сөйлемнен тұратын ауызша әңгіме құрайды.
- Әңгіменің құрылымын басын, ортасын, аяғын сақтайды.
- Мағыналас сөздерді қолданады.

*(Кері байланыс беру)*

**Қорытынды сұрақтар:**
— Балалар бүгін не туралы әңгімелестік?
— Қандай жаңа сөздерді өттік?
— Қандай мағыналас сөздер естеріңізде қалды?
— Не үйрендіңіз?

| Аяқталуы (5 минут) | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша кері байланыс. «Синквейн» әдісі:**<br>1. Зат есім: *Отан*<br>2. Сын есім:<br>3. Етістік:<br>4. Сөзден сөйлем құра:<br>5. Синоним сөз:<br>**Үйге тапсырма.** Мағыналас сөздермен 2–3 сөйлем құрап жазып келу. | |

| Қосымша ақпарат | |
|---|---|
| **Саралау — Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Сабақ барысында мен тапсырма бойынша саралау түрін қолдандым. Себебі, сабаққа алған тапсырмалар жеңілден ауырға, аздан көпке қара жүйелі түрде құрылды және оқушыларға тапсырмаларды орындау жеңіл болды. Ол ықшамсабақта байқалды.<br>Нәтиже немесе жауап бойынша саралау түрін қолданылды.<br>Сабақ барысында оқушыларға бірдей тапсырма берілгенімен, түрлі деңгейде жауап алдым, қабылдадым. Сөздерді сәйкестіргенде, сұрақ құрағанда, шағын әңгіме құрғанда. Қарым-қатынас формалары бойынша саралау (топтық жұмыс) түрі қолданылды. Себебі, көмекті қажет ететін оқушылар топ ішіндегі құрбасынан көмек қажет болды. Ол ауызша 4–5 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құруда жүзеге асты. Ынтымақтастық, жылы қарым-қатынас орнату жұмыс нәтижесіне көмегін тигізді.<br>Сабақтағы жылдамдық (темп) бойынша саралау түрі сабақ бойы жүріп отырды, себебі, әр тапсырмаларды орындауға уақыт берілді. Сабақты баяу оқитын оқушылар да уақытқа бағынып, үлгеруге тырысып отырды. Ал, тез орындайтын оқушыларға 1–2 минуттық қосымша сұрақтар берілдім. Тандау бойынша саралау барысында оқушылар өзі үшін қызықты және өз мүмкіндігіне сай тапсырманы таңдай алады. Мысалы: сұрақ-жауап әдісінде сұрақ қою немесе жауап беру. «Еркін микрофон» әдісі, жағдаятта байқадым. |
| **Бағалау — Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?** | Оқушылардың материалды меңгергені дескрипторлар арқылы және бағалау критерийлері арқылы тексерілді. Сабақта оқушылардың жас ерекшелігіне сай (4 сынып) құрылған, тапсырмалардан кейін кері байланыс жүргізіліп отырды. Ол арқылы сабақ оқу мақсатына жеткен жетпегендігі анықталды. Бұл жерде «Синквейн» әдісі қолданылды. |
| **Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?** | Сабақтың оқу мақсаты шынайы болды. Себебі, сабақ жоспарында алынған оқу мақсаты жүзеге асырылып, күтілетін нәтижеге жету жолдары нақты шықты. |
| **Бүгін оқушылар не білді?** | Оқушылар Отан туралы сөздік қорларын толықтырды. Мағыналас сөздердің қолдану аясын анықтады. Сұрақ-жауап барысында ауызша мәтін құрды. Тілшімен сұхбат кезінде өздерін еркін ұстауға, өз ойларын еркін жеткізуге үйренді. |
| **Сыныптағы ахуал қандай болды?** | Сыныпта психологиялық ахуал жағымды болды. Оқушылар Оңтайлы орта құру арқылы, жұмыстарды жұмыла орындады. |
| **Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?** | Ия, тиімді болды. Айтылым, тыңдалым дағдылары тапсырмаларын орындауда ауызша әңгіме құруда қарама-қатынас формалары бойынша саралау әдісі тиімді болды. |

| | |
|---|---|
| **Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?** | Ия, үлгердім. Өйткені, сабақта мұғалім де оқушылар да уақытқа бағынды. |
| **Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?** | Сабақ мақсаттарын жазғанда, бағалау критерилеріне түзетулер енгіздім. Әріптестерімнің және трейнердің тарапынан сабақ жоспарымаөзгертулер енгіздім. Кері байланыста сұрақтар орнына «Синквейн» әдісін енгіздім. |
| **Қорытынды бағалау** | |
| **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>1. Сабаққа «Синквейн әдісі» бойынша кері баланыс, «Вернисаж» атты жағдаят.<br>2. Жаңа сөздерді суреттер арқылы сәйкестендіру, «Графикалық органаизер» табысты болды.<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>Болашақта осы сабақты өткізер болсам, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін «Ыстық орындық» әдісін қолданар едім.<br>**Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің жұмыстарды жоселесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?**<br>1. Оқушылардың сөздік қорын молайтуға бағытталған жұмыстарды жоспарлауда ескеру керек.<br>2. Келесі сабағымда оқушыларға тапсырмаларды нақты беру керек. | |

# «Сөзі асылқазағымның Фаризасы»

***Ө.К.Өтеген,*** *қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Мәртөк ауданы, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясы*

## (Ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған поэзия кеші)

**Мақсаты:** ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оқушылардың эстетикалық талғамы мен түсінігін кеңейту, шығармашылығын, өнерін дамыту, ынтымақтастық пен достыққа тәрбиелеу, мәнерлеп оқу шеберлігін, жаттау қабілетін арттыру.

Музыка ойнап тұрады, сахнада ұл-қыздар вальс билеп жүреді. Әдемі сыңғыр күлкі естіледі де, би тоқтап қалады. Сахнаға оқушы шығады, «Он жетінің әні» өлеңін оқиды. Оқушылар жай тарап кетеді. Екі оқушы бірінен соң бірі шығып, ақынның өлеңдерін оқиды. *(«Мен бір қызық адаммын», «Менде бір толғаныс бар»).*

***Сахнаға жүргізушілер шығады.***

**1-жүргізуші:** Қайырлы кеш, қымбатты қонақтар, жиналған қауым! Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған «Сөзі асыл қазағымның Фаризасы» атты поэзия кешіне қош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:** Шын өнер жайшылықта емес, жан дүниенің қайшылығында туады. Ал дарын— Алланың айрықша мейір— шапағаты түскен пендесіне дарыған қиял-ғажайып нұры. Ата күші, Ана сүті, киелі топырақтың жебеуі, өмір сүрген ортасының демеуі, тірліктің тоқсан тарау иірімі, жаныңа жайлы адамдардың мейірімі сол нұрдың иесін қайталанбас тұлға қып қалыптастырады. Біздің қазақ елі киелі, ұлы тұлғаларға кенде емес. Солардың бірі де бірегейі — ардақты ақын апамыз Фариза Оңғарсынова.

**1-жүргізуші:**
*«Перзент сөзі» өлеңі*
*Әкем –менің тәңірім, пайғамбарым,*
*Ұмтылатын биігім, сайран бағым.*
*Ол білмейтін дүниеде құпия жоқ,*
*Біліп алған, япыр-ау, қайдан бәрін?!*

**2-жүргізуші:**
*«Анама» өлеңі*
*Өмірде мынау ең жақын*
*Аяулым сенсің, анашым!*
*Болмаса мейлі зор даңқың,*
*Мен үшін бірақ данасың,*
— ақын апамыз өзінің ардақтыларына жүрек сөзін арнаған. Сахна төріне оқушымызды шақырамыз. Фариза ақынның өлеңіне жазылған «Ақ мамам» әні. Қабыл алыңыздар!

**1-жүргізуші:** Фариза Оңғарсынова — халық жазушысы. Фариза өлеңдері 1958 жылдан басыла бастаған. Оған алғашқы назар аударған адамның бірі қазақтың ұлы ақыны, жастардың қамқоры Әбділда Тәжібаев еді. Ол Фаризаның алғашқы жырларынан-ақ оның бойындағы талантын танып, оны әкесіндей қолдады және ылғи да қадағалап, қуанып отырды.

**2-жүргізуші:** Ақынның өмір жолымен таныстыру үшін «Поэзия падишасы» атты презентациясымен ортаға Генжегулова Мадинаны шақырамыз. Қарсы алыңыздар. (Мадина презентациясымен таныстырады).

**1-жүргізуші:** Әркімнің туған жері, туған өлкесі бар. Туған жерге, туған елге деген махаббат әр адамның жүрегінен орын алады. Оған ақындар өлең жазса, сазгерлер ән арнаған. Сол сияқты Фариза да өзінің туған жерге деген ыстық ықыласын өз өлеңдері арқылы бере білді.
*«Ауыл десе, жайлайды жанымды үміт,*
*Сонда ғана атардай таңым күліп.*
*Жасыл шардың бетінде жалғыз ноқат*
*Мені мәңгі тартатын сағындырып…»*
— деп туған ауылына деген махаббатын білдіреді.

**2-жүргізуші:** Фариза өлеңдері — оқырмандардың жан азығына айналған қымбат дүние. Ол — мұғалім үшін тәрбие құралы. Фариза Оңғарсынова — көркемсөз майданында ақынға, жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық сияқты адамгершілік — азаматтық қасиеттердің асқар биігінен көрінген ақын. Фариза жырлары кейінгі ұрпақты ар-намысқа, ерлікке, нәзіктікке, ананы, әкені, туған жер, адамзатты сүюге бастап апаратын ақ жол іспетті. Кезекті Фариза апамыздың өлеңдеріне береміз.

***«Туған жер», «О, туған жер»***
***«Арғымақтары қайда екен бұл даланың»***

**1-жүргізуші:**
*Қызыл-жасыл келгендей қырға көктем,*
*Қызы бар үй думан мен жырға бөккен.*
*Тағзым етіп алдында басын иген*
*Дүниені менсінбес тұлға да өктем.*
*Біреуінің бағы үшін мұңмен өткен —*
*Сенімі — асқар, аптабы — күн, қыздар-ай!*

**2-жүргізуші:**
*Тыныштыққа жаны алаң, жанары алаң,*
*Сәл кіреуке жүрегін жаралаған.*
*Сәуле шашқан өмірге нұр қыздар-ай,*
*Көрік болған көгімде жұлдыздар-ай!*
— деген ақын апамыздың сөзімен ортаға биші қыздарымызды шақырамыз. «Қазақ» биі. Қабыл алыңыздар!

— Жарайсыңдар, балалар! Сендер мақал мен тыйым сөздерді жақсы білесіңдер екен.

— Балалар, бүгін қандай тақырыппен таныстық?

— Жайлау.



— Үй жануарларын атап беріңдерші?

— Түйе, сиыр, жылқы, қой — ешкі.

— Төлдерді атайық?

— Бота, бұзау, құлын, қозы — лақ.

— Бүгінгі сабаққа жақсы қатыстыңдар, сендерге көп — көп рахмет.

***Ән: «Қошақаным»***

**Күтілетін нәтиже:**

Білу керек: Үй жануарлары туралы білу керек;

Меңгеруі: Бір-бірінен ажыратуды және олардан келетін пайда туралы айтуды меңгеру керек.

# «Ұлттық ойындар ұмытылмасын»

***Г.М.Доскеева,*** *№44 «Тұлпар» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы*

Ұлттық ойындардың қайсысы болмасын, мазмұны жағынан балаға түсінікті, әсерлі және ықшамды. Олар ойлау қабілетінің дамуына, ой — өрісінің кеңеюіне, қоршаған ортаны дұрыс түсініп меңгеруіне ықпал етеді. Ұлттық ойындар— атадан балаға мұра болып жалғасып отырған көне халықтың дәстүрлері, өмір тіршілігінің жиынтық белгісі. Қазақтың ұлттық ойындарының бір ерекшелігі — оған өлең сөздің араласып отырғандығы, егер ойын барысында өлең, тақпақ жолдары кездеспесе, онда ойында жеңіліп, өз ұпайын өеушілер орындайды.

1 жастан 7 жасқа дейінгі баланы халқымыз «Ойын баласы» деп атаған. Халық неше алуан ойынды туғызып, оны іс жүзінде қолданған. «Бала ойынмен өседі» деген қорытынды жасап, оны өздерінің бала тәрбиесіне тиек еткен. Ұлттық ойындарды ойнату, оқу қызметінің үстінде ғана емес, одан тыс уақытта балалардың алған білімдерін тиянақтауға мүмкіндік жасайды. Халық ойынының бір мақсаты — баланы жан-жақты тәрбиелеу болғандықтан, бір ойын түрліше ойналуы мүмкін, сондай ақ ойлануға берілген сұрақтың түрліше жауабы болуы мүмкін. Ойын ережелерінде тәрбиенің үлкен маңызы жатыр, олар ойынның барысын белгілейді, балалардың әрекеттерін, қарым— қатынастарын бақылайды және жігерінің қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы: «Бұғынай» ойынын ойнау барысында балалардың жылдам ой қорытып, заттар мен құбылыстарды қасиеттеріне қарай ажырата білу дағдылары қалыптасады, дүниетанымы кеңейеді. Сондай — ақ, ойын тұжырымы әдеттегіден бөлектеу, түсінуге жеңіл, мақсаты айқын болуымен бірге, есептеуі аз, ойлану арқылы тез табылатын болуы қажет. Әрбір ойын ойналып болғаннан кейін қорытындыланады. Балалардың дүниетанымын қалыптастыруда қазақтың ұлттық ойындары балалардың алған білімдерін бекітіп, қорытынды жасауға, балалардың интеллектуалдық ой— өрісінің тереңдей түсуіне көмектеседі. Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ықшамдап, дүниетанымдық жағына көңіл бөле отырып жандандыру қажет деп ойлаймын.

**«Бұғынай» ұлттық ойыны.** Мақсаты: Бұл ойын жазда, көгалда тегіс алаңда ойналады. Ойын қатынасушылардың саны 10–25, одан да артық бола береді. Бұл ойынды көбінесе балалар ойнайды. Ойынға қатынасушылар малдастарын құрып, дөңгелене отырады. Орталарының бірі ойын жүргізуші қызметін атқарады. Ол отырған ойыншыларды санай бастайды. «Бірінші бұғынай, екінші бұғынай, үшінші бұғынай» т. б. ең ақырғы ойыншыға дейін осы тәртіппен санап шығады да, кенеттен бір санды атайды. Мысалы «Алтыншы бұғынай» сол санның иесі орнынан жылдам тұрады да бір санды айтып, тез өз орнына малдас құрып отыра қалады. Ол санның иесі де жылдам тұрып, кез келген бір санды айтып, өз орнына қайта отырады. Әрбір айтылған санның иесі осыны қайталаумен болады. Егерде айтылған санның иесі тұра алмай қалса немесе оның орнына басқа біреу тұрса, онда ойынға белгіленген тәртіп бойынша жаза қолданылады. Ол жазасын орындап болған соң, бір санды айтып орнына отырады. Ойын жалғаса береді. Әркім өзіне берілген санды ұмытпауы керек. Ойын тез қимылдап, жедел шешім қабылдауға, ойда сақтау қабілетін дамытуға дағдыландырады.

**«Тымпи-тымпи» ұлттық ойыны.** Ойын бастаушы дөңгеленіп отырғандардың ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи» дейді. Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс. Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл-сықақ, қызықты әңгімелер айтып, отырғандарды күлдіруге тырысады. Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдіре алмаса, жеке біреудің жанына барып, соны күлдіруге тырысады. Әзіл — сықақтары әлсіз, әсерсіз бала, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдап жасап, күлдіруге әрекет етеді. Бұл кезде әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал сөйлеп, күлеп қойса, айыпкер саналып, айыбы үшін өлең айтып, би билейді. Айыбын өтегеннен кейін ортаға шығып, ойынды басқарады.

**«Жаңылма» ұлттық ойыны.** Бір топ бала қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, санамақ айтып, бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме, жаңылтпаш айтып тұрып, кенеттен жата қалады немесе отыра қалады, не құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы басқа әрекеттер жасайды. Оның айтқандарың, жасаған қимыл— қозғалысын жасай алмаған бала әңгіме айтып, би билеп, өзгелерді күлдіреді. Ойын далада, үйде өте береді.

**Қорытынды.** Әрбір ойын ойналып болғаннан кейін, қорытындыланады. Балалардың рухани дүниесін ізгілендіруде, рухани дамытуда ұлттық ойындарды кеңінен қолдануға болады. Себебі, ұлттық ойындарды ойнау барысында балалар өздерін еркін сезінеді, өз ойларын қысылып — қымтырылмай жеткізеді.

Мұның өзі балалардың жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына, рухани жан-дүниесінің толысып жетілуіне зор ықпал етеді.

Демек, балабақшада ойындарды тиімді қолдана отырып, балалардың рухани дүниесін ізгілендіру, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру қажет. Себебі ойындар кезінде балалар өздерін еркін сезініп, ұжымды сыйлауға, өз ой-пікірлерін дәлелдеуге үйренеді.

Ұлттық педагогика негіздерімен балаларды оқыту арқылы оларды өз халқын сыйлауға, туған тілін құрметтеуге үйретеді. Бұл балалардың бір-бірімен қарым-қатынас кезінде өзара кішіпейілдікпен қарауды, әдеп сақтауды, сыпайы сөйлесуді қалыптастырады, нәтижесінде балалардың тіл мәдениеті, ақыл- ойы және дүниетанымы жетіледі.

# «Ауа — өмір тынысы»

***Г.С.Бозшина,*** *№48 «Шаттық» балабақшасы, Ақтөбе қаласы*

**Білім беру саласы:** «Таным»
**ҰОҚ:** Жаратылыстану
**Тобы:** «Күншуақ» мектепалды

**Мақсаты:** Балалар ауаның қасиеттері мен қажеттілігін түсініп баяндап айтады. Тәрбиеші көмегімен тәжірибелік жұмыстарды жүргізеді.

**Пәнаралық байланыс:** Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Жапсыру.

**Зал зертхана үлгісінде безендірілген.** Ортада үстел үстінде зертханалық тәжірибе жасауға қажетті құралдар қойылған (шыны стакандар, түтікшелер, мандарин, бос полиэтилен пакеттер, май шам, бос банка, су құйылған прибор т. б.)

**Кіріспе**

Залға балалар мен тәрбиеші кіреді.(үстерінде фартук пен бастарында бас киім)

**Тәрбиеші:** Балалар алдымен қонақтармен амандасып алайық. *(Балалар амандасады)* Біздің «Күншуақ» зертханамызға қош келдіңіздер!

Балалар біз өткен тақырыпта ауаның қасиеті туралы айтқан болатынбыз. Бүгін сол білімдерімізді пысықтап, зертханалық тәжірибие жұмыстарын жүргізейік. Алдымен бойымызды сергітіп алсақ

**Сергіту сәті:**

Самал жел бізді желдетші
Күн нұры бізді жарқырат
Таза ауа бізге дем берші
Мөлдір су бізді салқындат

**Негізгі бөлім**

Тәрбиеші балаларды тақырыпқа жұмылдыру мақсатында бірнеше сұрақтар қояды.

— Табиғат дегеніміз не?
— Табиғат нешеге бөлінеді?
— Жанды және жансыз табиғатқа нелер жатады?
— Балалар бізге жарық не үшін қажет?
— Су не үшін керек?
— Ал ауа не үшін керек?
— Балалар ауаның қандай қасиеттерін білеміз?
— Ал зертхана дегеніміз не?
— Онда кімдер жұмыс жасайды?

Ендеше балалар біз өзімізді болашақ ғалымдар ретінде елестете отырып ауаның қасиеттерин анықтау үшін бірнеше зерттеу жұмыстарын жүргізіп көрейік.

Мен алдымен сіздерді зертхана ережесімен таныстырып өтейін.

1) тыныштық сақтап бір-бірімізге кедергі келтірмеуіміз керек

2) тәрбиеші рұқсатынсыз қауіпті заттарды қозғамау қажет

Олай болса тәжірибемізді бастайық.

**1. Ауаның бар-жоғын тексеру (көзге көрінбейді)**

а) Балалар мұрнымызды саусақтарымызбен қысып аузымызды жабамыз (дем алу)

Осы сәтте бізге ауа жетпей қалады, демек ауа көзге көрінбегенмен біздің айналамызда бар.

б) Ауаны ұстап алайық! Полиэтиленді целофан қалтаға ауаны толтырып алып аузын буып ұстап тұру арқылы айналамызда ауаның бар екендігіне көз жеткізу.

**Тапсырма**

Балалар қоршаған орта туралы кім қандай тақпақ біледі?

*Табиғат біздің анамыз,*
*Жер ана біздің панамыз*
*Таза болса табиғат*
*Бізде аман боламыз*
*Мен жерімді сүйемін*
*Жеріме дән себемін*
*Ауа таза болсын деп*
*Жылда ағаш егемін*

**2. Иістің ауада таралуы (иіссіз)**

а) Мадариннің қабығын ашығанда иіс ауада таралады да біз сол ауамен демаламыз.

Яғни біздің жұтатын ауамыздың тазалығы оны сақтауымызға байланысты. Ауаны ластамай таза ұстасақ таза ауамен демаламыз. Егер ауаның қадірін білмей ластасақ онда сол лас ауаны жұту арқылы өз денсаулығымызға зиян келтіреміз.

б) Балалар осы ретте мандаринмен тағы да бір қызықты тәжірибие жасап кетейік. Біреуі қабығы аршылған, ал екіншісінің қабығы аршылмаған екі мандаринді алып екі бірдей су құйылған шыны стақанға саламыз. Қабығы аршылған мандарин стақандағы су түбіне батып кетеді де, қабығы аршылмаған мандарин су бетінде тұрады. Себебі:мандарин бөлшектерінің арасы ауамен толып тұрады, қабығын аршығанда ауа шығып кетеді. Сондықтан да қабығы аршылған мандарин су түбіне батып ке-

теді. Ал қабығы аршылмаған мандариннің су бетінде тұру себебі ауа судан жеңіл.

**Тапсырма**

— Ауа таза ма, қалай ойлайсыңдар балалар?

— Ауаны не ластауы мүмкін?

Тақтаға түрлі суреттер салынған плакат ілінеді. Балалар ауаны ластайтын заттарды тауып қызыл түспен, ал ауаны тазалайтындарды жасыл түспен қоршап сызулары керек.

**3. Ауаны көруге бола ма?**

а) Стақанға құйылған суды түтікшемен үру арқылы су бетінде көпіршік боп пайда болған ауаны көру.

б) Ауа жер бетінде жел арқылы таралады. Қарапайым ғана мысал ата-аналарымыз от тұтатқанда үрлеп тұтатады. Жанып тұрған майшамның үстіне банка төңкерсек ол сөніп қалады. Себебі ауа жетпей тұншығады.

**Тапсырма**

Тәрбиеші жетекшілігімен ойналатын ойын: «Кім шапшаң?»

Ал балалар бір ауық
Дұрыс-бұрысты ұғалық
Дұрыс болса отырып
Бұрыс болса тұралық

Тәрбиешінің айтқан теңеулер дұрыс болса балалар отырады, бұрыс болса қозғалмай тұрады.

— Ауа түссіз

— Ауа лас

— Ауа аппақ

— Гүл ауаны ластайды

— Ауаны алақаныма толтырып алдым

— Ауылдың ауасы қаланың ауасына қарағанда таза

— Көлік қозғалысының көп болуы ауа тазалауға тиімді

— Ауа дәмді

**Қорытынды**

— Сонымен балалар ауаның қандай қасиеттері бар?

— Ауаны не ластайды?

— Ауаның тазаруына не көмектеседі?

# Қыстап қалатын құстар

***Г.М.Есеналиева,*** *«Нұрлы болашақ» балабақшасының тәрбиешісі*

**Мақсаты:** Балаларды жергілікті жердің құстарыммен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балалардытабиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.

**Көрнекілігі:** Құстар бейнеленген атрибуттар, үнтаспа, ойын құралдары.

**Әдіс-тәсілдер:** 4к моделі

Үнтаспадан жәй әуенмен «Құстар әні» орындалады, осы кезде бір топ бала бастарына құстардың суретін тағып, құсша қанаттарын қағып топқа кіреді да, әр ағаштың түбіне барып қонады.

**Тәрбиеші:** Біздің топтағы ағаштарға құстар қонған екен.

Құстар әні қайтадан ойнағанда балалар шеңбер құрып, апайға жақындайды.

**Тәрбиеші:** Балалар қане ойын ойнаймыз.

**Сыни-ойлау:** Дид. ойын. Құстар даусын ажырат.

**Тәрбиеші:** Қай құстың даусы.

**Балалар:** торғай, қарға.

**Тәрбиеші:** Дұрыс таптыңдар балалар, біз бүгін қыстап қалатын құстар туралы әңгімелейтін боламыз. Экранға назар аударамыз. Қане бәріміз тыңдаймыз.

*Торғай, торғай, тоқылдақ*
*Жерден тары шоқымақ*
*Бөтекесі томпайып,*
*Жерден тары шоқымақ.*

Қандай құс туралы айтып тұр?

*Қарға, қарға, қарғалар,*
*Қар үстінде жорғалар.*
*Боран соқса қар болар,*
*Бұтаға қонар қарғалар.*

**Балалар:** Торғай, қарға.

**Тәрбиеші:** Осы құстар нені қорғайды?

**Балалар:** ағаштарды.

**Тәрбиеші:** Ағаштар не үшін адамға?

**Балалар:** Ағаштар ауаны тазалайды.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар? Балалар қане бәріміз тыныс алу жаттығуын жасап алсақ. Бәріміз терең тыныс алып, қане бәріміз үрлейміз.

**Балалар:** Жасайды.

**Тәрбиеші:** Балалар осы құстар туралы кім тақпақ біледі?

**Дид ойын: Кім жылдам.**

**Тәрбиеші:** Кім тақпақты, анық дұрыс айтады екен. *(Айнаш, Әлімхан.)*

**Тәрбиеші:** Балалар менің ойыма мына бір мақал келіп тұр.

Қыста құсқа жақсылық жасасаң, жазда жақсылықты қайтарады.

**Тәрбиеші:** Ал сіздер қандай тиым сөздер білесіңдер?

1. Құсқа тас лақтырма. *(Амина).*
2. Құстардың жұмыртқасын жарма. *(Нұртілек).*
3. Құстың ұясын бұзба. *(Сұлтанбек).*

**Креативтілігі. Ғажайып сәт:** Ақ көгершін әні орындалып тұрады. Сол сәтте аузында тістеген себеті бар көгершін ұшып келді.

**Көгершін:** Сәлеметсіңдер ме, балалар. мен аспанда ұшып жүріп, сендерді көріп қонаққа келдім. Мен сендерге босқа келген жоқпын. Сендердің білімдеріңді тексерейін деп келдім. Мына менің аузыма тістеген себеттің ішінде жұмыртқалар бар, сол жұмыртқаны жарып ашсаңдар ішінде сендерге арналған тапсырмалар бар.

**1-тапсырма:** Балалар сендер құстар туралы қандай ойын білесіңдер? Кәне, атаңдаршы.

**Балалар:** «Ұшты-ұшты», «Мысық пен торғай».

**2-тапсырма:** Мен сендерге жаңадан бір ойын алып келдім. Қим ойын:: «Құстар-балықтар-аңдар»

**Командамен жұмыс:** Кюзенер таяқшалары:- Дид ойын: Құрастыр *(балалар кюзенер таяқшаларынан құс құрастырады).*

**Көгершін:** Балалар, сендерге көп рахмет! Өздерің ақылды бала екенсіңдер, әкелген тапсырмалардың бәрін орындадыңдар. Өзіме достар тауып алдым. Ал, енді осы достарыммен ұшып қайтам. Сау болыңдар!

**Балалар:** Сау бол!

**Тәрбиеші:** Көктем мезгілінде құстар жылы жақтан ұшып келеді, біз құстарды күтіп-баптап, аялауымыз керек. Құстар біздің досымыз. Құстар ағаш түбіндегі құрт-құмырсқалармен қоректенеді. Ағаштың жайылып жақсы өсуіне, түрлі жәндіктерден тазаруына көмектеседі. Құстарға сол себепті қамқорлық көрсетіп, ұя жасап, жем беруіміз керек.

**Викториналық сұрақтар:**

1. Құстың негізгі мекені? *(Ұя)*
2. Қандай құс хат тасушы атанған? *(көгершін)*
3. Балалар сендерге оқу қызметі ұнады ма?
4. Ұнады.
5. Бүгінгі оқу қызметінде нелер туралы әңгімелестік?
6. Құстар туралы әңгімелестік, тақпақтар айттық, мақал-мәтелдер, құстар туралы тыйым сөздер айттық.
7. Қонаққа Көгершін келді, бізге тапсырмалар алып келді.
8. Ойын ойнадық.
9. Өте жақсы балалар.

# «Ана тілім — айбыным»

***С.Н.Құдайбергенова,*** *МКҚК «Дидар» балабақшасы, Ақтөбе қаласы*

**Мақсаты:** Балаларға тіл туралы түсінік беру, өз тілін құрметтей білуге тәрбиелеу. Мақал-мәтел, шешендік сөздер, жаңылтпаштар мен сөйлеу мәнерін дамытуға, сөздік қорын байытуға баулып, ана-тіліне деген сүйіспеншілігін ояту. Өз тілін қастерлеуге тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Қайырлы күн, құрметті Ана тіліміздің меркесіне жиналған қауым. Тіл мерекесіне орай өткізгелі отырған «Құлпынай» тобының мерекелік ертеңгілігін бастауға рұқсат етіңіздер.

**1-жүргізуші:**

Балалар құтты болсын тілің бүгін
Ашатын жан сарайын білімдерінің
Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан
Тіліңе зер салыңдар бұрынғының.

**1-бала:**
Қазақ тілім өз тілім, ана тілім
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені
Болашағым, бақытым дара тілім.
**2-бала:**
Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышы елімнің.
**3-бала:**
Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

**Жүргізуші:** Балалар, бізге қонақ келген сияқты, қане, бәріміз қошеметтеп қарсы алайық.

*(Муз. әуенімен залга Ару Ана кіреді.)*

**Ару Ана:** Сәлеметсіңдер ме балалар, құрметті қонақтар! Мен Аруанамын! Сендердің балабақшаларыңда Тіл мерекесі болып жатқанын естіп, сендерге қонаққа келдім! Бұл жерге әр ұлттың өкілдері жиналыпты ғой! Қандай керемет десеңші! Бәрі бір-бірімен тату-тәтті!

**Жүргізуші:** Сәлеметсізбе Ару Ана! Біздің мерекеге қош келдіңіз! Жоғары шығыңыз! Біздің Тіл мерекемізге әр ұлт өкілдері құр келмей өз өнерлерін ала келіпті.

**Жүргізуші:** Қазір қазақтың ұлттық биін тамашалайық!

***Би: «Қазақ биі»***

Сүйесің өз тіліңді
Боласың білімді
Өз тілің үйретер
Өнерді ғылымды
Ардақта тіліңді
**2-бала:**
Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән.
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған.
**3 бала:**
Ақыл-ойын дананың
Ана тілден аламын.
Ана тілі ардақты,
Ақ сүтіндей ананың.

**Ару Ана:** Өнерлерің үстем болсын балалар! Балалар сендер тілге байланысты мақал-мәтел білесіңдер ме? Қане кім айтады?

**1-бала:** Сөз асылы — мақал.
**2-бала:**
Шешеннің тілі артық.
Шебердің қолы артық
Ана тілім — өзгелерден бөлексің,
Бала жүрек саған арнап жыр төксін.
Қай асылға теңдесемде жарасар,
Ана тілім –баға жетпес өнерсің.

***Ән: «Жас дәуірдің түлегі»***

**Жүргізуші:** Келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына берейік.

**1-бала:**
Жанымнан қымбат
Ана тілім маған
Ана сөзден тыңдап
Үлгі өнеге алам.
**2-бала:**
Ана тілім — анам,
Аппақ қардай арым
Мұра еткен бабам
Жарқыраған жаным.
**3-бала:**
Ана тілім –елдігім
Ана тілім-ерлігім.
Тілді биік құрметтеп
Тойлап жатыр ел бүгін

**Ару Ана:** Балалар әрдайым осындай тату дос болып, өз тілдеріңді құрметтеңдер. Осындай өнерлеріңе тамсанып қуанып кетіп барамын. Келесі кездескенше сау болыңдар!

**1-жүргізуші:**
Тілмен ғана қызық менің тірлігім
Тату еткен ел мен елдің бірлігін.
Туған тілмен асқақ шығып ізгі үнім,
Туған тілде алып жүрміз біз білім.

Осымен құрметті қонақтар, балалар бүгінгі тіл мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Зейін қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет.

**2-жүргізуші:** Қайырлы күн қымбатты қонақтар. Ұлағатты ұстаздар мен оқушылар!

Басымды иіп,
Тіземді бүгіп тұрып,
Ажарымды айдындай шуақ тұнып.
Отанымды сүйемін күліп тұрып,
Отанымды сүйемін жылап тұрып.

# «Тіл — татулық тірегі»

**_С.Н.Құдайбергенова,_**
_№20 «Дидар» балабақшасы, Ақтөбе қаласы_

**Тәрбие сағатының мақсаты:**

1. Балаларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету.

2. Сөздік қорларын молайтып, шешендік өнерге баулу.

3. Ана тілін қастерлеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Журналдар, суреттер, нақыл сөздер.

**Өткізу әдісі:** Ауызша журнал.

**ТӘРБИЕ САҒАТЫНЫҢ БАРЫСЫ:**

**І.Ұйымдастыру кезеңі:**

— Балалардың назарын аудару.

**ІІ.Кіріспе сөз:**

— Құрметті балалар, ұстаздар! Бүгін бізде ерекше тәрбие сағаты. «Тіл-татулық тірегі» атты тәрбие сағатының мақсаты: Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру.

Анықтама беру: Мемлекетіміз Қазақстан Республикасы деп аталады. Қазақстан Республикасының жер көлемі үлкен. Өз әнұраны, елтаңбасы, туы, Ата заңы бар тәуелсіз еліміз бар. Елбасы — Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміз үшін аянбай еңбек еттіп келеді. Мемлекетімізде бірнеше ұлт өкілдері тұрады. ҚР тәуелсіз республика болып 1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланды. 1989 жылы 22 қыркүйекте Республиканың Жоғарғы кеңесі қабылдаған ҚР-ң Тіл туралы Заңына сәйкес қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Яғни қазақ тілі — мемлекеттік тіл болып жарияланды. 5-қыркүйек — Қазақстан Халықтарының Тілдер күні деп жарияланды.

**ІІІ.Көрініс: «Ең қымбат қазына»**

Қатысушылар: қария, баласы, дана қарт.

Ертеде бір тілге жүйрік шешен қария көз жұмарында ұлына:

«Балам, әкем кедей болды деп қамықпа. Менің саған тастаған көп қазынам бар, соны тауып алып қадіріне жет» депті. Бала кейіннен оны әрі іздейді, бері іздейді, таба алмайды. Арып-ашып жүріп, ауылдағы абыз-ақсақалдарға мұңын шағыпты. Әлгі дана қарт тыңдап болып:

«Әке баласына өтірік айтпас болар, ақтық демінде ақиқатын айтқан екен. Әкең өте шешен адам еді, жарықтық. Оның саған қалдырған мол мұрасы— қасиетті тіл. Бәріміз сөздің дәмін келтіріп, қалай сөйлеуді сенің әкеңнен үйренген едік. Дүниеде тілден қымбат, мәңгілік мұра болмақ-па, сірә!» — деп аталы сөздің жұмбағын шешіп беріпті.

**1-бала:** Сен осы тіл ең қымбат қазына деген сөзбен келісесің бе, мүмкін біздің одан да қымбат қазынамыз бар шығар?

**2-бала:** Жоқ, мен олай ойламаймын. Дүниедегі ең қымбат қазына, әрине тіл. Тіл— ең алдымен қатынас құралы. Егер тіл болмаса, сен маған осы сұрақты қоя алар ма едің, ал мен саған өз ойымды айта алар ма едім?

**1-бала:** Оның өте дұрыс. Шынында да тіл қатынас құралы болумен қатар ойдың да көрінісі. «Тілі байдың — ойы бай» деп текке айтылмаса керек.

***Оқушы тақпақтары:***

**1-бала:**
Туған тілім — бабам тілі — өз тілім,
Туған тілім — анам тілі — өз тілім.
Туған тілім — далам тілі — өз тілім,
Туған тілім — адам тілі — өз тілім.

**2-бала:**
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

**3-бала:**
Сүйемін туған тілді анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнің.

***Ән «Ананың тілі»***

**4-бала:**
Туған тілім — тілі ата бабамның,
Өзіңдейсің ақ сүт берген анамның.
Қайда жүрсең меніменен біргесің,
Түсінікті сендей жақын маған кім.
Сенсің тілім бойдағы күш қуатым,
Сақтаушыңмын қорғауға бел буатын.

**5-бала:**
Қазағым-ау, бір-бір үлкен жүрексің,
Қадамыңа бір құдайым гүл ексін.
Тәуелсіз ел— ана тілін ардақтап,
Тәуелсіз ел— ана тілін ту етсін.

**6-бала:**
Хандардың қайталама қатерлерін,
«Ұлт бол» деген нығайтып қатарларын.
Мағжан мен Мұхтар, Жүсіпбектің,
Ұмытпа ешқашанда баталарын.

**Тәрбиеші:** Жастайыңнан қиялыңды-қиялға өрлеткен ғажайып ертегілер, шыншыл да сыршыл аңыз-әңгімелер, ерлікті, елдікті дәріптеген батырлар жырлары, береке бірлікті мақсат еткен өткір де өміршең шешендік сөздер, халық даналығы — мақал-мәтелдер ана тілінде дүниеге келіп, әрбір адамға сол ана тілінде жетіп отырады.

Абай даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өміріңе азық етесің.

**7-бала:** Тіл тазалығы дегеніміз — ана тілдің сөзінен басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

**8-бала:** Тілдің тілден кеңдігі болғанымен, кемдігі болмайды.
Жақсыдан жадыңа алған бір ауыз сөз,
Асықпа түспеді деп қолыма тез.
Дамылсыз ізденуге ерінбесең,
Керегің өміріңде болады кез.

**9-бала:**
Ана тілі, дана тілі, бақ тілім,
Сенсің менің қасіретті шаттығым.
Сенсің менің тазалықты пәктігім,
Сенсіз бақыт дүние тапты кім?

**10-бала:**
Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай түзу қараймын,
Ана тілі егер сені білмесем.

**IV. «Кім шапшаң?».**

Мақалдың алғашқы жолы айтылады, әрі қарай балалар жалғастырады.

**11-оқушы:**
Жұртым-ай шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін, — депті Абай атамыз.

**12-оқушы:**
Ақыл көркі-тіл, тілдің көркі— сөз.
Сөз өнері-киелі өнер.

**13-оқушы:**
Өнер алды — қызыл тіл.
Әдептің басы — тіл.

**V. «Ойлан, тап!»**

Берілген сөздерден мақал құрастыру.

*(ата, гүл, бала, жақсы, еңбек, өзен, Отан, ат, ер, батыр, тас, ел, ана).*

**VI.Қорытынды:**

**Тәрбиеші:** Адамды жұбататын да, ақыл беретін де, күш-қуат беретін де, ой-сана беретін де осы сөз. Ана тілін ұмытқан адам өз өткенін де, болашағынан да қол үзеді. Міне, осындай даналық сөздер бізге тіл арқылы жетті емес пе?! Олай болса, біздің тілге деген құрметіміз шексіз.

**Балалар хормен:**
Туған тілім-тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
Осы тілмен мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім мен де бірге өшемін
— деп бүгінгі «Тіл татулық тірегі» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

# Алтын күз

***А.У.Нуркубаева,*** *«Гаухар» бөбекжайы*

**Мақсаты:** Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді сахналандыру. Балаларды күз байлықтарымен, күзгі еңбекпен таныстыру. Табиғатты сүю, қорғауға тәрбиелеу.

**Әсем әуен ойнап тұрады.** Балалар орман көрінісімен безендірілген залға кіреді. Зал әсем шарлармен, ойыншықтарман және жапырақтармен әдемі безендірілген. Балалар залға музыкасымен көңілді кіреді. Ән біткен соң жарты шеңбер құрып тұрады.

**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті қонақтар, ата — аналар, әріптестер, және осы бөбекжайдың кішкене бүлдіршіндері! «Алтын күз» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Балалар, біздер күзгі орманға келдік. Күзгі орманның жапырағы қандай екен? Қане, қарайықшы. Жапырақтары сары, қызғылт, қызыл. Өте әдемі екен?! Солай ма, балалар? Ал орманды кім әдемілеп қойғанын білесіңдер ме?

**Балалар:** Сиқырлы күз әдеміледі.

**Жүргізуші:** Дұрыс балалар.

Тыңдаңдаршы, жел соғып жатыр. Қане, бәріміз желмен бірге үрлейік. (Үф –ф… үрлейді)

**Жүргізуші:** Балалар, қараңдаршы, желмен бірге бізге не келе жатыр? (тыңдайды)

Таң атпай тұрыпты
Ойқастап жүріпті
Жан — жаққа қарапты
Айдарын тарапты, — бізге келе жатқан не екен?

***Әдемі әтеш.***

**Залға әтеш кіреді:** Сәлеметсіздер ме балапандар! Бүгін сендер қандай әдемісіңдер?! Мен сендерге қонаққа келдім.

**Жүргізуші:** Қош келдің! Біз Алтын күзді тойлап жатырмыз. Бізбен бірге тойла.

**Әтеш:** Рахмет! Балалар, сендер жаңбырдың қалай жауатынын білесіңдер ме?

— Иә, білеміз!

**Әтеш:** Өте жақсы. Жаңбырдың балалар, өте жай, кішкене түрі болады. Оны салу үшін қолымызды жай шапалақтаймыз *(балалар қолдарын жай соғады, әуен жай ойнайды).* Сонымен қатар үлкен, қатты жаңбырлар да болады *(балалар қолды қаттырақ, тезірек соғады, әуеннің дауысы қатты шығады).*

Қандай жаңбыр ойыны ойналады.

**Әтеш:** Тамаша, балалар! Ал, балалар, сендер өте өнерлі балаларға ұқсайсыңдар. Қане, кім би билей алады, тақпақ біледі, айтып беріңдерші.

**Жүргізуші:** Сары әтеш, біз жаңбыр жауғанда саңырау құлақтардың үлкен болып өсетінін білеміз. Саңырауқұлақ болып би де билейміз. көргіңіз келе ме?

**Әтеш:** Әрине.

**Би:** Саңырауқұлақтар (Балбөбек»тобы

***Ендігі сөзді «Балапан» тобының бүлдіршіндеріне бергім кеп отыр.***

**Хажай Кәусар:**
Алақай, алақай,
Шатанып балақай.
Күз келді дән пісті,
Айтамыз алғысты.

**Жұлдыз:**
Ел егінін жинайды
Қырманға дән сыймайды
Біздің дала бай дала
Алтын астық айнала

**Сабина:**
Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

**Ізбасар:** Құстар қайтты күз болып,
Сұр бұлт жатты аспанды.
Жапырақ түсіп, гүл солып
Қыс ызғары басталды.

**Әтеш:** Ой, балалар, қандай тамаша биледіңдер, сендермен уақыт өте көңілді өтті. Рахмет сендерге балалар! Мен енді достарыма кетейін. Сендердің қандай ақылды, көңілді екендеріңді айтайын. Сау болыңдар балалар.

**Жүргізуші:** Балалар, мен бір сыбдыр естіп тұрған сияқтымын. Кім екенін білгілерің келе ме?

Залға түлкі келеді:
Мен түлкімін күлкілі,
Кім білмейді түлкіні.
Алдамаймын ешкімді,
Алтынданған күз күні.

**Жүргізуші:** Қу түлкі, сіздің бізге келгеніңіз қандай жақсы болды! Біздің балалар сізге ән айтып бергісі келіп тұр.

**Түлкі:** Сендер сондай кішкентайсыңдар, ән айта аласыңдар ма?

***Ән: «Алтын күз» хор***
*Балалар әнді қимылмен жасайды.*
***Би: «Жаңбыр» ұлдар биі***

**Түлкі:** Ой, жарайсыңдар, кішкентайлар! Такпактарыңда барма ?

**Жүргізуші:** Ия әрине

**Айзере:**
Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

**Молдир:**
Боламын мен дәмдеуіш,
Барлық, барлық тағамға.
Азима:Әсем жыр мен ән болып,
Ақ бидай өсіп, шалқыған.
Жетеді бізге нан болып,
Даланың иісі аңқыған.

**Түлкі:** Жарайсыңдар балалар.

**Жүргізуші:** Түлкішек біздің өнерлі қыздарымыздың биін тамашалайық.

***Би: «Қол шатыр»***

Балалар, енді мен сендерге жұмбақ жасырам, тыңдаңдар:

Менің атым ұзынқұлақ
Ылғи түнде жортамын
Қалдырмаймын ізімді
Өте қатты қорқамын.
*(қоян)*

**Залға қоян келеді:**

Сәлеметсіңдер ме балалар! Сендерде болып жатқан қандай той? Қандай көңілдісіңдер?

**Жүргізуші:** Сұр қоян, біз бүгін Алтын күз мерекесін тойлап жатырмыз.

**Қоян:** Мен сендерге ойын ойнауға сәбіз алып келдім. Кім көкөністер мен жемістерді ажыратып тез жинайды екен?

**Ойын:** Жемістер мен көкөністерді ажырат?

**Қоян:** Ой, рахмет, балалар!

**Түлкі:** Сұр қоян, осы сені неге желаяқ деп атайды?

**Қоян:** Соны да білмейсің бе? Мен өте тез жүгіремін ғой. Сондықтан мен желаяқ атандым.

**Түлкі:** Ой сұр қоян, мақтанба. Сен менен де тез жүгіре алам деп ойлайсың ба?

**Қоян:** Әрине, сен менімен жарыссаң жете алмай қаласың.

*(Түлкі қоянды қуады, жете алмайды).*

**Түлкі:** Сұр қоян, сен расында жеткізбейді екенсің.

**Қоян:** Балалар, сендер мен сияқты секіре аласыңдар ма? Олай болса менің қимылымды қайталаңдар. *(Балалар қоянмен бірге билейді)*

**Қоян:** Рахмет, балалар!

**Түлкі:**

Бүгін біздер ойнадық та
Ән салдық та, биледік
Қоштасатын кез де келді
Біздер енді кетейік.

**Қоян:** Сау болыңыздар, балалар!

**Жүргізуші:** Балалар, бүгін бізге әтеш те, қоян да, түлкі де келді. Ал Алтын күз болса әлі жоқ. Біздер Күз ән шумақтарын орындап, Алтын күзді ортаға шақырайық.

Кел бізге Алтын күз балалар өлең шумақтарын хормен айтады.

Алтын күз,
Алтын күз,
Келші менің далама.
Алтын күз,
Алтын күз,
Келші біздің бақшаға.

**Залға күз кіреді:**

Сәлем, өрен достарым
Алақанды тос бәрің
Қымбатты сый алыңдар,
Қызығыма қаныңдар.
Ән салыңдар, күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер,
Кел, күз тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық!

**Күз:** Сәлеметсіздер ме, балалар! Дауыстарың қандай әдемі! Сендер мен туралы әндетіп жатырсыңдар ма? Мереке басы ән болар, береке басы дән болар, — дейді халқымыз. Мен көктемде еккен мол астықты жинап, қамбаларды алтын дәнге толтырдым. Сондықтан халық мені Жомарт күз, — деп те атайды.

**Жүргізуші:** Балалар, біздер күзге арнап өзіміздің тақпақтарымызды айтып берейік.

**Салтанат:**

Пісіп тұрған алмамын,
Тамсандырар бал дәмім.
Жерге сілкіп түсірме,
Ісіп кетер маңдайым.
Рамзан:нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

**Әсел:**

Сап — сары маңай
Сап сары тоғай
Соңғы әнін айтып
Құс кетті қайтып

**Жүргізуші:** Алтын күз, біздің қыздарымыз сізбен билегісі келіп тұр.

**Күз:** жақсы билесек билейік.

***Би «Алтын күз»***

**Жүргізуші:**

Күз арқылы білеміз
Жомарттықтың салтын біз
Біз өзіңді сүйеміз,

**Балалар:** Рахмет саған алтын күз!

**Жүргізуші:** Ал енді келесі сөз кезегі «Гаухар» бөбекжайының директорына беріледі.

**Жүргізуші:** Құрметті көрермендер, осыменен «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды, келесі кездескенше сау болыңыздар!!!

# Біз жолаушымыз

***Г.Е.Сартова,*** *«Балбұлақ» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы, №35*

**Мақсаты:** Көліктердің түрлері туралы білім беруді жалғасты-ру, қоғамдық транспортта жүру ережелерін бекіту, достыққа мейірімділікке тәрбиелеу.

Жұмбақ жасыру
Көзін ашып жұмады
Бағыт сілтеп тұрады *(Бағдаршам)*

— Балалар, бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жолда жүретін көліктердің жүруін реттеп тұрады.

Қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейік. 1) Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт. 2) Жолдан өтерде алдымен солға, ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара. 3) Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өту қажет. 4) Көліктен түскенде артынан айналып өту керек.

— Балалар, балабақшаға келе жатырғанда көп көліктерді көреміз.

— Қандай көлік түрлерін білеміз?

— Автобус, машина, жүк көліктерін көреміз.

— Жарайсыңдар

— Біздер бүгін қоғамдық көлік автобусқа мініп, саяхатқа шығамыз.

— Автобусқа отырғанда, көлік ішінде қауіпсіздік ережесін сақтай білу қажет.

— Балалар, машинаға отыратын қоғамдық көлікке мінетін адамдарды жолаушы деп атаймыз. Қария адамдарға орын, жол береміз. Қоғамдық көлік ішінде дауыс көтеріп сөйлеуге, жүгіруге, терезеден қолды шығаруға болмайды.

— Мына суретке назар аударайық

— Нені көріп тұрмыз?

— Пойыз, ұшақты

— Алыс жолға пойызбен барамыз.

— Ұшаққа отырғанда бірінші жолаушылар белдігін тағып алу қажет. Жол серігі жолаушыларға жол амандығын тілейді.

Қай көлікке отырсақта, балалар, қауіпсіздік ережелерін сақтап, ата-аналарымызды тыңдап мұқият болу керек.

— Біздің саяхатымыз мәресіне жетіп қалды. Автобус келіп, аялдамаға тоқтағанша орнымыздан тұрып, жүгіруге болмайды.

— Балалар, есімізге сақтайық. Автобусқа мінген кезде артқы есікпен кіреміз, ал түскен кезде алдыңғы есіктен түсеміз.

Жолаушылар қауіпсіздік ережесін сақтай білсе, көлік жүргізушілері жол тәртібін сақтап жүрсе, жолаушылар отбасына аман-есен оралады.

*Көліктерге мінеміз*
*Күнде тынбай жүреміз*
*Жол жүрудегі тәртібін*
*Ережесін білеміз.*
*Сақтағанда қатерден*
*Сау саламат жүреміз*

Балалар, біздер бүгін саяхат барысында жолаушылар туралы көптеген мағлұмат алдық. Жол тәртібін, қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтап жүрейік.

# «Шуақты көктем»

***Н.О.Тенизбаева,***
*№44 «Тұлпар» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы*

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Ұйымдастырылған қу қызметі:** Тіл дамыту.

**Мақсаты:** Өткенге көз жүгіртіп, жаңа тақырыпты ашу.

1. Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту.

2. Суретпен жұмыс жасау барысында сурет бойынша әңгімелей білуге, жүйелі сөйлеуге, өз ойларын ер кін жеткізе білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, есте сақтау қабілетін, сөздік қорын дамыту.

3. Көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығына назар аударта отырып, эстетикалық талғам дарын қалыптастыру, мәдениеттілікке және табиғатты қорғап, оны аялай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктері:** Жыл мезгілінің суреттері, бейнебаян, үлестірмелі карточкалар.

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, уөрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

**Шаттық шеңбері:**
Қуан шаттан, қуан шаттан
Қуанатын күн келді.
Қуанатын күн, ертең!
Қуанатын күн, бүгін!
Қуанатын кез келді.
Қайырлы тан, балалар!

**Тәрбиеші:** Балалар, айтыңдаршы, қазір жылдың қай мезгілі?

Бұл жыл мезгілінің ерекшелігі неде?

Осы жыл мезгілінің айлары қалай аталады?

**Тәрбиеші:** Балалар, енді осы ұйымдастырылған оқу қызметімізді ойыннан бастайық.

**Ойын:** «Есіңе түсір»

1. Көктемде неше ай бар?
2. Қай айдан басталады?
3. Жерде, далада, ағаштарда қандай өзгерістер болады?
4. Айтыңдаршы көктемде алғаш қандай құстар ұшып келеді?

**Тәрбиеші:** Ойын. «Ғажайып текшелер»

**Ойынның шарты.** Мына текшеде бірнеше сандар көрсетілген. Осы текшені айналдырып түсірген кезде, жоғары түскен санды айту керек және сол сан бойынша суретті ашамыз. Сол сурет қай дыбыстан басталса, сол дыбыстан басталатын сөзді айтамыз.

| | |
|---|---|
| 1-текшедегі сурет (көбелек) | **К** |
| 2-текшедегі сурет (өзен) | **Ө** |
| 3-текшедегі сурет (кірпі) | **К** |
| 4-текшедегі сурет (түлкі) | **Т** |
| 5-текшедегі сурет (есік) | **Е** |
| 6-текшедегі сурет (мысық) | **М** |

**Тәрбиеші:** Қандай сөз шықты екен балалар?

**Балалардың жауабы:** «Көктем»

**Суретпен жұмыс:**

Суретте нені көріп отырсыңдар?

Күн бізге не береді, ол несін шашады?

Балалар, айтыңдаршығ тағы күн қандай болады?

**Тәрбиеші:** Дұрыс, мейірімді, шуақты, шұғылалы, әдемі, сулы, алтын, жарық, көңілді т. б. Олай болса, бүгінгі жаңа тақырыпты, яғни, көктемді тағы қалай кеңейтуге болады екен?

**Балалардың жауабы:** «Шуақты көктем»

**I.Негізгі бөлім:**

Көктемде табиғат ана оянады. Қыстың қары еріп, жылы жақтан құстар оралады. Көктем мезгілінде ең бірінші болып бәйшешек гүлі шығады. Ағаштар бүршік жарып гүлдейді, жерге көкпеңбек болып шөптер өседі. Күн жарқырап тұрады. Әр көктем ерекше, бір керемет, сыры бітпес тылсым. Ендеше, осы жыл мезгіне арналған өлеңмен таныс болыңдар.

**«ШУАҚТЫ КӨКТЕМ»**

*Күннің көзі ашылып,*
*Көкке шуақ шашылып,*
*Құтты қонақ келіпті,*
*Төрімізге еніпті.*
*Жадыраған көктем келді,*
*Жер анамыз көктер енді.*
*Ағаштарда бүршік атып,*
*Жасылданды бөктерлерде.*
*Тырна келді тыраулап*
*Көктем қандай көңілді*
*Көктем жаңбыр төгеді*
*Көктем, көктем, көктемде*
*Құстар келіп жеткенде*
*Қар еріді, су ақты*
*Күндер келді шуақты.*

Өлеңді мәнерлеп оқып бере отырып, өлеңнің мазмұнын сұрақ — жауап арқылы ашып түсіндіру.

**Сергіту сәті:**
Күн болып жанайық.
Су болып ағайық.
Терең-терең демалып,
Жүгіріп, жүгіріп алайық.

**Ойын:** «Қайтала» (Тіл ұстарту жаттығулары)

| | |
|---|---|
| 1. Тем – тем – тем,<br>Келді көктем. | 3. Ал – ал – ал,<br>Төлдейді мал. |
| 2. Ыр – ыр – ыр,<br>Жауады жаңбыр. | 4. Шек – шек – шек,<br>Шығады бәйшешек. |

**Шығармашылық жұмыс:** «Мнемокесте»

Балалар үш топқа бөлінеде. Әр топ өздері кестедегі суретке қарап әңгіме құрастырады.

**Қорытынды.** Ойын «Мен бастайын, сен аяқта»
Қыс кетті, көктем … *(келді)*
Қыс суық, көктем … *(жылы)*
Қыста тон киеміз, көктемде … *(күртеше)*
Көктемде … *(қар ериді)*
Көктемде … *(құстар ұшып келеді)*
Көктемде, ағаштар бүршік … *(жарды, шашты)*

**Тәрбиеші:** Көктемде, жарқырап шуағын шашатын, ол не?

**Балалардың жауабы:** Күн.

**Тәрбиеші:** Балалар, сендербгінгі ұйымдастыру оқу қызметіне белсене қатысып отырдыңдар, жарайсыңдар! Ұйымдастыру оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

# «Менің сүйкімді күшігім»

***Л.М.Толыбаева,*** *№35 «Балбұлақ» МДҰ музыка жетекшісі*

**Мақсаты:** Балаларды үй жануарларының бірі күшікпен таныстырып «Менің сүйкімді күшігім» әнінің сөздерін жаттату. Оның әдемілігін, сүйкімділігін сезінуге және қайырымдылыққа баурап жануарлар дүниесіне қамқор болуға тәрбиелеу.

**Әрекет кезеңдері:** Залға бір қатармен жүріп музыкамен кіріп келеді.

***(Музыкамен бірге би қимылдарын жасайды.)***

**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Қане, балалар, апайлар мен амандасайық.
**Балалардың іс-әрекеті:** Саламатсыздар ма?
**Дәлелдеу:** «Шаттық шеңберін» жасау;
Қане, қане тұрамыз,
Үлкен шеңбер құрамыз.
Күннен жылулық алып,
Апайларға сыйлаймыз.
*(Алақандарын ашып үффф деп үрлейді)*

Балалар, мен сендерге сұрақ қоямын, сендер жауап беріңдер, жарай ма?
1. Балалар, біз қандай сабаққа келдік?
2. Музыка сабағында не үйренеміз?
3. Музыка сабағында ән айтсақ қалай отырамыз?
4. Балалар, қараңдаршы, мына жердегі нелердің суреттері? *(Слайдта үй жануарларының суреттері)*
5. Сендер үй жануарларын, олардың балаларын жақсы білесіңдер, ия балалар?
6. Қане, олай болса аттарын айтып шығайықшы?
7. Ішіндегі сүйкімді болып тұрған күшікті көрсетіп,
Мынау ненің суреті, балалар?
Бұл — күшік.
— Сендер күшікті білесіңдер ме?
— Күшік үлкен болып өссе оны не деп айтамыз?
— Күшіктің дауысын салайықшы?
— Күшіктер қандай тамақ жейді?
— Сендердің үйлеріңде күшік, ит бар ма?
— Білесіңдер ме?, олардың аттары болады. Мысалы, біз мына отырған күшікке ат қояйықшы, қане ойланайық! Балалар, бұл күшіктің атын «Ақтөс» деп қойсақ қалай болады?
Қысқаша күшік жайлы әңгіме айтып беру:

**Өлеңін оқу:**
Күшігім, менің үріп тұр — аф, аф,
Бір нәрсені сезіп тұр — аф — аф.
Есікті ашып қарасам,
Атам, әжем келіп тұр!

**Дидактикалық ойын:** «Күшіктерді табыңдар» *(Суреттерге қарап күшіктерді бір жағына, мысықтарды бір жағына жинау керек)*
**Психологиялық сергіту сәті:** *(Сұрақтарға жауап беру арқылы сергіп алу.)*

Балалар күшік ашуланса қайтеді?
Бірдеңені сезіп қалса не істейді?
Қатты жүгіргенде қайтеді?
Тағы да өлең жолдарын қайталау:
Өлеңін оқу:
Күшігім, менің үріп тұр — аф-аф,
Бір нәрсені сезіп тұр — аф-аф.
Есікті ашып қарасам,
Атам, әжем келіп тұр!
Жарайсыңдар, балалар!
Біз не жайлы айттық, күшік жайлы

Балалар, бір қолымызбен жүрегімізді ұстап, екінші қолымыз бен күн шуағын шақырып, қолдарын алға созып үрлеп келген қонақтарға жылу сыйлайды.
Апайларға сау болыңыздар! — деп, шығып кетеді.

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ТАҚТАСЫ

## Құрметті оқырман!

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының **№4 (26)** санын **2021 жылғы 8-желтоқсанда** шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

1. ***Тілтаным:*** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.
2. ***Рухани жаңғыру:*** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.
3. ***Тіл үйрету әдістемесі:*** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т. б. беріледі.
4. ***Үздік сабақ:*** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.
5. ***Тәрбиеші жазбалары:*** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ,орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

**Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:**

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см, сол жағынан 2 см, оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, кегль 12, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23–25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, **ortaluktil@mail.ru** электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың **№4 (26)** санына материалдар **2021 жылғы 10-қарашаға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41–69–34.

**«Khabar-Servise" JŞS baspahanasynda basylğan.**
Qazaqstan Respublikasy, Aqtöbe qalasy, Smagulov köşesı, 9/2.
Tel.: 8 (7132) 545–545, 400–400.